

ЛӘТИФОЛЛА
ҚАПАШЕВ

ДИНА
МЕН
СЕЙТЕК



ЛӘТИФОЛЛА ҚАПАШЕВ

ДИНА
мен
СЕЙТЕК

Ф. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

4178700/4



АРЫС

Алматы

2015

ӘӨЖ 78
КБЖ 85.31
Қ 40

Қапашев Л.

Қ 40 ДИНА МЕН СЕЙТЕК / Ләтифолла Қапашев. – Алматы: «Арыс»
баспасы, 2015. – 128 бет.

ISBN 978-601-291-247-0

Осыдан бір жарым ғасыр бұрын бір өлкеде туып, қазақ күй өнерінің аспанында өшпес із қалдырған Дина мен Сейтек туралы бұл эссе-кітапшада ұлт мақтанышына айналуға тиісті дарын иелерінің әлі күнге лайықты бағаларын ала алмай келе жатқаны үлкен өкінішпен баяндалады. Әсіресе өмір жолы қиыр-қиыр қиыншылықта өткен, ақиқат-шындық жайттың көбі уақыт шаңына көміліп қалған Сейтек күйші туралы қолда бар мәліметтер жинақталған.

Кітап күй өнерінің тарихына қызығушы қалың көпшілікке арналған.

ӘӨЖ 78
КБЖ 85.31

ISBN 978-601-291-247-0

© Қапашев Л., 2015
© «Арыс» баспасы, 2015

ҚОС ДҮЛДІЛ күйшінің туғанына 150 жыл

Екеуінің есімдері – ой елегінен өткізіп байқағанға сол кезде қазақта тым сирек кездесетін адам аттары. Динаның шын аты, дұрысында, Мәдина болу керек-ті. Алайда осы аттас сүйген қызын тун асыра төменгі сайда куткен жас жігіт Төремұрат елең-алаңда: «Өмірге келген сәбидің атын қойып кет!», – деп қолқалаған қос кемпір мен сәби анасы Жәніханың көңілін қалдырмай, тіл ұшына кеп қалған таныс есімнің тек «...Дина»-сын ғана айтып, алғашқы буын «мә»-ні ішіне сақтап, күдік туғызбай, тездеп аттанып кеткен екен...

«Қайран, бұрынғының аңғал да абзал адамдары-ай!» десеңізші...

Ал, Сейтек күйшінің шын аты – Сейтқали-туғын... Әкесі Оразалы өз балаларын тым еркелетіп, үлкен ұлы Сұлтанғалиды – «Шошақ», Сейтқалиды – «Сейтегім-теңтегім», Нұрғалиды – «Мәнкей» деп атаған екен. Өкініштісі, Оразалы дүниеден тым ерте озып, жұбайы Бәтима кіші екі ұлымен үлкендері Шошақтың қошемет-қамқорында болыпты...

Бір гажабы, Сейтек атын, керісінше, көп жылдар өткен соң өмірге келген бір сәбиге қойыпты, ол хақында кейіндеу арнайы әңгіме болмақ.

Енді бірін-бірі етене таныған, құрдас та мұңдас қос күйшінің өмір жолдарын даралап сабақтап, баяндап көрелік...



Дина Нұрпейісованың бейіті басындағы тасмүсін

I

**КУЙШИ ДИНА
НҰРПЕЙІСОВА**





Дина Нұрсейісова мен Жамбыл Жабаев



*Дина Нұрсейісова мен
Күләш Байсейітова.
Алматы қаласы, 1938 жыл.*

Дина Кенжеқызы — кең-байтақ Отанымыздың батыс өңірінде, Еділ-Жайық қос өзен аралығында орналасқан бұрынғы Бөкей ордасы, Нарынның Бекетай құмында осыдан жүз елу жыл бұрын (1861 ж.) қарапайым шаруа отбасында өмірге келген. Кенже палуан да болған адам екен. Ол еркетотайын көзін ашқалы домбыра үнімен әлдилесе, анасы Жәниха бесік жырымен тербеткен.

Сондықтан да болар, Дина қыз бес жасында әкесінің домбырамен тартқан күй саздарын пернелерге дұрыс түсіруге әуестенген, сөйтіп, қаршадайынан домбыра үніне құмар болған. Әкесі домбыра тартса болды, ол өзі елпілдеп, елендеп отырған. Әкесі де оны ерекше еркелетіп, домбыра тартуға еліткені бір бөлек, етженді ерке қызын ер балаша киіндірген, сөйтіп Дина көбіне ұл балалармен ойнауға машықтанған, жастайынан жұғыса кеткенмен күресуге бейім, тіпті «Сен бізбен емес, анау қыздармен қуыршақ ойна» деген ынжық балаларды жек көрген.

Дина тоғыз жасында-ақ әкесі үйреткен күй мен әнді өзінше еркін ойнап, содан «домбырашы қыз» атанған. Осы тұста тағдырдың өзі бұйыртып, Кенже ауылына әдейі ат басын бұрған күй құдіреті Құрманғазы Динаның домбыра тарту бағыт-бағдарын байқап, одан алдағы уақытта жақсы күйші шығатынын қыз әкесіне айтқан және оның өнердегі алғашқы тұсауын кесіп, болашақ ұстазы болған.

Дина апамыз кейінірек реті келгенде ұстазы туралы былайша толғанған:

«Құрманғазы жақын ағайын болатын, өзі де біздің үйге келіп жүргенде талай рет күйлерін тыңдағам. Бірде

әкем Құрманғазыдан менің домбыра тартқанымды өз көзімен көріп, егер өнерім көңілінен шықса, қолұшын беруін өтінді, ұстаз болуын қалады».

Тағы бірде ұстазы туралы былай дейді:

«Оның үні жас жігіттің дауысындай саңқылдады, ал домбыра оның сиқырлы қолына тигенде таңғажайып үнге бөленді. Қаумалаған жұрттың сұрауымен мен Құрманғазы күйлерінің бірін тарттым. Ол зорыққыласпен тыңдап, сонынан риза екенін білдірді. Ұлы ұстазбен достығым он бір жылға созылды. Әр кез жолыққан сайын Құрманғазыдан бір жаналық тауып, сонылыққа үйрене бердім. Мен домбыра тартқанда ол зорыққыласпен тыңдайтын және ең жақсы шәкірті ретінде бағалайтын... Патша түрмесі мен жандармдардың қуғын-сүргіні оны мойыта алмаған, сақал-шашы аппақ болса да, сергек те қайратты ұстаз шәкірттерін өз халқын шексіз сүйеге, оның арман-мұңына құлақ түруге шақырды».

Ұстазы Құрманғазы да шәкірті Динамен кездескен сайын оның домбыра тартысына үлкен мән беріп, домбыра шертудегі дайындығын бақылап, бағамдап отырған. Ол шәкіртіне: «Домбыраны қолыңа алғанда, оны тартпас бұрын ең алдымен құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал, тек осындай дайындықтан соң ғана домбыра тартуға кіріс», – дейді екен.

Осылайша бағыт-бағдар нұсқаған ұстазының ұстанымы, берген ақыл-кенесі Дина үшін бұлжытпай орындайтын іс болған. Сондықтан күй өнеріне құштар ол өз өмір жолында тек ұстазы Құрманғазының күйлерін үйренумен шектелмей, сол атырапқа аттары мәшһүр Дәулеткерейдің, Соқыр Есжанның, Салауаткерейдің, Әлікей, Баламайсандай көрнекті халық композиторларының туындыларын тартуды

үйреніп, өзі де домбыра сайыстарына қатысып, өнерін шыңдап отырған.

Өнер сайысынан ешқашан тыс қалмаған Дина күйші: «Осындай кездесулердің бірінде елге аса белгілі домбырашылар бас қосқанда солардың ортасында ұлы күйші Дәулеткерей де бар болатын. Ол сол сайыстың төрешісі болды. Әр рудың ақсақалдары домбырашылардың ең тәуір дегенін жарысқа салды. Ысық руынан Түркеш күйші сайысқа түсіп, Құрманғазының «Терісқақпайын» тартты. Бұл орындалу жағынан өте қиын әрі күрделі күй еді, сондықтан оны Түркештен кейін қайталап тартуға ешкімнің жүрегі дауаламады. «Бұл күйді енді қайсың тартасың?» – деп жар салғанда жиналған халық менің атымды атап, қошеметтеп, дүрілдеп кетті. Мен де батыл қимылдап, жігерімді қайрап, орындауға бекіндім. Менің «Терісқақпайым» көпшілікке қатты ұнады», – деп еске алады...

Міне, осылайша ай артынан ай, жыл артынан жыл жылжып өтіп жатты. Дина да бойжетіп, 19 жасында күйеуге ұзатылатын болады.

Енді әңгімеміздің осы тұсында, аруағы разы болсын, Қазақстан Халық жазушысы Сәуірбек Бакбергеновтың «Қайран шешем» романынан үзінді келтірсек.

«... Кешеден бері Кенже үйінде қыз ұзату тойы болып жатыр. Тойдан тобық дегендей, ауыл-аймақ тайлы-тайлағымен, кәрі-жасымен түгел жиналды. Осы бір мөлдек тойдың өзіне Кенжемен көңілі жақын көршілер дән разы, кедей де болса қыз әкесінің жо-марттығына тәнті болысты.

Домбыраның иесі болып қалған Дина ешкімнен де именбестен өз тойында қасқия отырып, Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін тартты. Бұған да той-шыл жұрттың көпшілігі қатты риза болысып, өнерші

жасты қошеметтеп те, мапаздап та отырды. Тіпті құдалар мен күйеу жігіттің өзі де домбыраның мәні көп сәнді дыбысын мүлгі тыңдады.

Әлден уақытта құдалардың бірі домбыраның тыныстаған кезін күткендей күй басылған кезде сөйлеп кетті.

— Біз басқалардай жай ғана келін түсірмей, домбырашы келін түсіреді екенбіз ғой. Келінді жақсы домбырашы деп естуші едік. Сол лақап дұрыс екен ғой! — деп қалды.

— «Халық айтса, қалып айтпайды» деген емес пе, оның рас, құда, қызымыз домбырашы, біз оны көп қыздың бірі болмай, өнер иесі болғандықтан мақтаныш етеміз! — деді ауыл адамдарының бірі...

— Әркім өз қолындағы бөктергісін сұңқарым дейді деген емес пе. Беріш домбырашыға зәру емес. Жаяу күйді жсалықпай тартатын жсалаңаяқтар толып жатыр.

Бұл кезде Кенже көмейіне кеп қалған сөзді ұстай алмады.

— «Қатты айтсам, қарындастың көңілі қалады, ақырын айтсам, ақым кетіп барады» дегендей, қызымның өнерін мақтаныш ететінім рас. Қыздың домбыра ұстауындағы сөкеттік қайсы, айып не?!.

— Жаяу күйді жсалаңаяқ жүріп тартатын көп Беріштің ішінде домбырашы бір әйел болса, еліңнің ырысы мен құты қашпас. Әлгі бір сөзді сөкет көріп айтқан болсаң айтарым осы. Ал, адал сөзің болса, айтқаныңа рахмет.

— Қалжың сөз ғой, құда, қалжың.

— Қалжың сөз болса құпта-құп. Айтарың сол болса, менің айтарым әлі бар, — деп Кенже оқыстан бел алып, көтеріле сөйлей кетті.

– Құрманғазы түрмеде жатыр екен деп сескелер мен жоқ, өйткені ол да бір елдің ері болатын...

...Міне, осылайша, Динаның өнердегі ұстазы болған күйші Құрманғазы талантты шәкіртінің ұзатылар тойының үстінен шығып, құдалардан жас келіннің болашағына, оның домбыра тарту өнеріне тыйым салмай, қарсылық білдірмей, керісінше, оның өнерінің ұшталуына, жетілуіне әр кез көмектесіп, қошемет білдірулерін өтініп, уәделерін сұрап алады. Осындай уәдені ол күйеубала Нұрпейістің өзінің аузынан да естиді.

Сонсоң Құрманғазы Динаны шақырып алып, күй тартқызып, соңынан сол тойға қатысып отырған жұртшылыққа естіртіп:

– Домбыра менің өмірлік серігім еді. Ол ғұмырымның ұзақ та қиын-кескі қиын жолдарында сенімді, берік сүйеушім болды. Енді осы қимас серігімді лайықты мұрагерім – саған табыстаймын, – деп күй ойнаған домбырасын Динаға сыйға береді.

Ұстазының аспабын үлкен толғаным үстінде қабыл алған шәкірті де:

– Ұстазымның сол домбырасын ешқашан жанымнан тастаған емеспін, оны киелі дүниедей қастерлеп сақтадым. Күй шығарып толғанған, азапка түскен шақтарымда ұстаз домбырасы маған ақыл-кеңес беріп, дұрыс бағыт сілтегендей болатын еді, – дейді кейінірек.

Шәкіртінің домбыра тартудағы өнері, қол алысы өз ойынан шыққан Құрманғазы ұстазы осындай кездесулердің бірінде Динаға «енді өзің де күй шығаруға дағдылан» дегендей ақыл-кеңес береді. Осындай ой Динаның өз басында да бар болатын.

Бұл Динаның Құрманғазының жігерлі де тез, жылдам ойналатын күйлері мен лирикалық әсем, майдақо-

ңыр сазды Дәулеткерей әуендерін толықтай меңгерген кезі еді. Сондықтан ұстазының әлгідей ұсынысына қанаттанған Дина өзі де күй шығаруға тәуекел етеді.

... Дина күйеуге шыққан соң, әкесі сыйлаған сүйікті «Қарақасқа» аты бірде көз тиіп, ауырып майып болады. Жанына жақын жануарынан айырылғанына қайғырған Дина «Қарақасқа» атты күй шығарады. Күйде иесінің жан жылылығы айқын суреттеледі. Аттың көсіле шапқаны, соған риза көңіл нәзік сезімге толы беріледі.

Арада аз күндер салып Динаның құдай қосқан қосағы Нұрпейіс те көкпарға қатысудың салдарынан алған сырқаты асқынып, дүниеден озады. Бұл Динаның екі қызынан соң, тұңғыш ұлы Жұрынбай дүниеге келген кез екен...

Осынау қара жамылған ауыр кезеңде оған өз ақыл-кеңесімен бір абысыны тірек, демеуші, қолдаушы болған. Оған арнап Дина «Кербез» күйін шығарады. Бұл күй сарынында тауқыметі мол қазақ әйелдерінің қайғылы өмірі, тағдырлас екі жас келіншектің тұрмыс-тіршілігі суреттеледі.

Бізге жеткен деректерге қарағанда, Дина алдымен өзіне бұрыннан таныс күй тақырыптарын таңдап алып, оны іштей қорытып, өзінше игеру арқылы жаңа музыкалық бейнелер қосып, одан әрі байыта түседі, «парафраз» жасау арқылы жаңа әуендер енгізеді. Сондай тырнақалды шығарған күйлерінің қатарына оның «Бұлбұл», «Байжұма», «Жігер» күйлерін атауға болады.

Динаның «Бұлбұл» күйінде құстың үні жәй ғана көрсетіліп қоймайды, онда сезімнің бостандығы, арман мен ой идеясы айқын берілген. Оған қоса домбыраның талантты тартушылық шеберлігі басым. Ал, оның «Байжұмасы» күйшілердің жақсы көріп тартатын күйі, себебі оның орындаушылық техникасының дәрежесі бек жоғары.

Осы «Байжұма» күйіне академик-композитор Ахмет Жұбанов былайша баға берген ғой: «Динаның күйші Түркешке еліктеп шығарған «Байжұма» күйі Түркештің «Байжұмасынан» мүлде өзгеше, себебі оның орындаушылық техникасы жоғары, мүлде бөтен, әрі басқаша».

Ал, Ахаңның Динаның «Жігер» күйі туралы айтқанына құлақ түрсек: «Динаның «Жігер» күйі Бапастың «Жігеріндей» жасқаншақ, кібіртек емес, екпінді, қайраты тасып, төгіліп отырады. Бұл арада Дина өзінің ұстазы Құрманғазы сияқты халық өміріне еркін, шешіле музыкамен араласады. Дина «Жігер» күйін батырлық, батылдық уақиғаларға құрайды»...

...1915 жылдың көктемінде Бекетай құмының балық аулайтын теңізшілеріне ілесіп елге шыққан күйші Дина жол бойы Мина Оразалиева есімді бала күйшінің ауылында біраз күн аялдап қалады. Мина (Мұхмина) 1906 жылы Орал облысының Нарын құмында, кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі байдың жалшылығында, шешесі күншілікте болған. Соған карамастан Мина жастайынан өнерге әуес болады. Қызының мұндай талабына қуанған әкесі ауылдағы Қарабала деген етікшіге домбыра жасатып, сегіз жасар қызын өнерге баулиды. Осы жолғы жүздесуде Мина Дина күйшіден көптеген күйлер үйреніп, олардың шығу тарихына қанық болады.

Сондай үйренген күйлерінің бірі «Ақсақ құла» екен, кейінірек Мина жадында қалған тарихи әфсананы былайша баяндайды:

«...Ертеде біреудің құла тұлпары болыпты. Сол тұлпардың тұқымын көбейтемін деп, қасына бие қосып, екеуін теңіздің ортасындағы адам аяқ баспайтын аралға

апарып тастайды. Тұлпар қасқырға да, адамға да алдырмайды екен... Арада біраз жылдар өтіп, тұлпардың тұяғы көбейіп, бір үйір жылқыға жетеді. Осы тұлпардың аралда деген хабарын естіген ұрылар құланы үйірімен алып кетпекші болып сонда барады. Әуелден асау мінезді, оның үстіне көп жыл адам көрмей жатырқап қалған тұлпар, ұрыларды көре сала оларға қарсы шабады. Алдына келгенді тістеп, артына барғанды теуіп, ұрыларды жолатпайды. Осы арпалыста ұрылардың бірі амалсыз айғырды садақпен атады. Оқ құланың аяғына тиіп, ақсайды. Әбден ашынған айғыр енді оларды тапауға көшеді. Жанталасқан ұрылар бір шұңқырға түсіп тығылып, кейбірі аман қалады...

Осы аңыз сарынымен арам ниеттің қашанда іске аспайтынын, ал әділ істің жеңіп шығатынын мадақтап ұлы сазгер Құрманғазы «Ақсақ құла» деп күй тартады...»

Жыл жылжып 1916 жыл да келеді. Осы жылдың жазында басталып, күзінде елді зар жылатқан ақ патшаның қазақтан он сегіз бен отыз төрт арасындағы азаматтарды жинайды деген хабар Динаның санасында өшпес із қалдырады. Өйткені, Динаның ұлы Жұрынбай да осы тізімге ілінген болатын... Осы аумалы-төкпелі заманның сазы Дина саусағынан «Набор» күйі болып төгіледі. Кейін ол халық арасында «Он алтыншы жыл» атанып, кең тарап кетеді. Күй бастан-аяқ дүре көтерілген халықтың қайрат жігерін, екпінді күшін бейнелейді, бұқара көптің ісінің әділдігі, олардың өз күшіне деген сенімі асқақ әуенмен паш етіледі. «Он алтыншы жыл» – көтерілісшілердің жауынгерлік күй ұраны.

Осы кезеңде Дина күйші де домбырасын қолына алып, Исатай-Махамбет ереуіліне үн қосқан ұстазы Құрманғазыдай ауыл-ауылды аралайды. Халық толқуын

қуаттау жолында күйші Дәулеткерейге еліктеп «Жігер» күйін шертеді...

Кейін елде Кеңес өкіметі орнағанмен, қиян-кескі Азамат соғысы зардабынан тыныштық бұзылып, зәбір көре бастаған қазақ ағайындар, оған қоса ашаршылыққа душар болған 61 жастағы Дина күйшінің үлкен отбасы 1922 жылы Астраханның Қызылжар (Краный Яр) жеріне – Азау мекеніне көшіп барады. Бұл жерде талай қазақты аман алып қалған қырдың құмаршығын қағып, талғажау жасап, күйші ана қалжыраған үлкенді де, ширеттей бала-шағаны да аштық құрсауынан аман алып қалады.

Кейінірек елде ұжымдастыру науқаны басталғанда Дина әжей отбасын Володар ауданының Козлово ауыл кеңесіне қарасты бір шағын ауылына қоныстандырады. Бұл – табиғаты тамылжыған, жанында ағып жатқан өзені бар, бір жағы егін салуға құнарлы жері мол елді мекен болатын. Сол кезде Козловодағы «Қызыл ту» артелінің төрағасы Абуев Ғаббастың атына арыз жазып, мүшелікке алуын өтінеді. Үлкен ұлы Жұрынбай мал бағуға сұранады.

Сол тұста артельге мүше болып кіруге күйші әжеге де өтініш жасалады. Міне, осы кезден бастап аты-жөні хатқа түсіп, тарихқа «Дина Нұрпейісова» атымен мәңгілікке енеді. Өйткені, артельге мүше болған ұлы Жұрынбай Нұрпейісов арызының ізімен осылайша болып жазылған-ды...

1935 жылы Астраханның Марфин ауылында болған мереке-конкурс кезінде Дина күйші өмірінде алғаш рет бірінші орынға ие болады. Сол кезде газет бетінде мақала шығып, әже бейнесі сурет боп басылады. Осылайша Дина әжей тұңғыш рет қағаз бетінен өз бейнесін көреді. Астраханда шығатын «Волга» газеті-

нің осы санында сазгер әженің немересі Қожахмет Жұрынбайұлының мұғалімі, орыс қызы Лилия Михайловна Щербакова көлемді суреттемесі басылады:

«Тұрмыс тақсіретін, өмір толқынысын көп көрген қарт күйші – Ана халқының өнерін, асыл мұрасын, тамаша сазын бар бойына мол жинаған. Қолдан жасалынған кішкене қара домбырадан осындай тамаша, адамның жан дүниесін бейнелейтін үн, ғажап музыка шығады деп кім ойлаған?! Мұның бәрі асқан шеберлікке, талантқа, ақылға байланысты. Дина Нұрпейісова домбыра тартқанда сол саздан елдің тарихын, салтын, қайғы-мұңын, талабын, ер мен жанның, жер мен судың сұлу табиғатын аңғаруға болады. Бұл – тарих, бұл – асқан әдемі мәнерлі музыка. Біз бұдан революцияға дейін езілген, қараңғы халықтың арманы мен мақсатын, үлкен өнерін көреміз. Сол өнер қайта туып келеді. Қайта түлеген елдің қайта туған өнерпазы, өткен өмірдегі асыл қазынасының мұрагерінің асқан бір өкілі – осы Дина Нұрпейісова...»

Жалпы ХХ ғасырдың 20-30-жылдары елде ауылдық клуб жұмысы қарқын алып, тұрғындардың белсенділігі көтеріле бастайды. Бұл кезде Астраханда аз санды ұлт әйелдерінің облыстық съезі өтеді, оған әжей де қатысады. Осы бір тарихи сәтте 67 жастағы Дина әжейдің өміріндегі бір жаңалық – оның алғаш рет клуб сахнасына көтерілуі, осы сахнадан төгілте күйшашу шашуы. Әрине, күнделікті ауыр жұмыстан кейін Дина әжей әр кеште артель мүшелеріне домбыра тартып, көңілдерін көтерген. Бұны сол ауылдың тұрғыны, Ағжан апаймен бірге оқыған Әмір Ибрашев ақсақал әңгімелеп, хатқа түсірген. Козлово ауылынан бар-жоғы бір жарым шақырым жерде орналасқан сол елді мекен «Дина ауылы» атаныпты («село Диановка»). Дина

күйші 1937 жылы тамыз айында өзін арнайы іздеп келген композитор Смағұл Көшекбаевпен осы жерде кездеседі...

Ақиқатын айтар болсақ, жас талапкер Смағұл Көшекбаевқа ең Нарыннан Динадай жетпіс бес жастағы кейуана әжені іздеп табу да, сосын оны көндіріп Алматыға алып келу де тым оңайға түспеген. Тапсырма бар да, ал оны ойдағыдай орындау – екеуі екі басқа жауапты шаруа...

Тарихтан белгілі, 1935 жылы республикамыздың Халық ағарту комиссариаты ұйымдастырған I Бүкіл-қазақстандық халық искусствосы қайраткерлерінің слетіне Дина әжей шақырылмай қалды. Оның себебі, әрине, күйші Динаның бұл кезде туған жерінен жырақтап, Ресейдің Аштархан өңіріне қоныс аударғанына байланысты болатын. Бірақ слет-жиынға Батыс Қазақстан облысынан ат арытып келген дәулескер домбырашылар Қали Жантілеуов пен Уақап Қабиғожин оны ұйымдастырушылардың бірі композитор Ахмет Жұбановқа күй құдіреті Құрманғазының тікелей шәкірті осы Дина әжей екенін және оның көзі тірі, қолынан әлі қасиетті домбырасы түспегенін жыр ғып жеткізген...

1937 жылы көктемде Атыраудың Теңіз ауданынан Алматыға домбырашы мұғалім, ақын және әуенші Смағұл Көшекбаев келіп, КазЦИК атындағы оркестрге жұмысқа орналасқан. Ол филормония қарауына берілген қазақ музыкасы кабинетінің қызметкері болады. Осы Смағұлды Ахмет Жұбанов күйшіні іздеп тауып, шақырып алып келуге жібереді. Ахаң оған: «Егер сен ол кісіні іздеп тауып, оны осында әкеле алсаң өзіңе ғана емес, барша жас домбырашыларға жаңа бір ұстаз тапқаның. Қазақ көркем өнері үшін жаңа үгілік, жаңа

мақтаньш әжелдім деп түсін», – деген. Жоғарыда айтқан орындауы оңайға түспейтін Ахаң тапсырмасы осы еді.

Смағұл Дина әжейді іздеуді Орал облысының Жаңақала ауданынан бастаған. Жеңіл арбаға қос ат жегіп, қасына жолсерік адам алып, күйшінің туған жері Бекетай құмына аттанған. Жол сілтеушілер теңізге бір табан жақын жерлерді нұсқап, ақыр соңында өз ауылы Қанішкеннен бір-ақ шыққан.

Ол жерден туыс-жұрағаттар табылып, олар: «Естуімізше, апайымыз Қанішкеннен әрі, Аштарханнан бері, білмеймін, Марфин дей ме, әлде Ғархин дей ме, әйтеуір, теңізге бір табан жақын жерде тұрып жатса керек», – деп жөн сілтеген.

Смағұл осы бағытта тағы бірнеше күн ұзақ жол жүріп, межелі жерге тым кештетіп жетеді... Бейтаныс қонақты әженің кіші ұлдарының бірі Хажкен сыртта қарсы алады. Ішке еніп, үй ішімен амандасып, саулық, жөн сұрасады.

– Танымадым, балам, жүзің жылы жан екенсің, келісіңде жақсылық болғай?

– Сізді іздеп келемін, шеше!

– Дұрыс-ақ, балам, Теке мен Үйшіктің бірінен шығарсың?..

– Жок, алыс жерден, әже, Алматыдан келем!..

Көпті көрген ана бейтаныс қонағымен баласындай шүйіркелесіп, ұзақ әңгімелескен...

– Сізді құрметті өнер адамы қабылдап, қазақ елінің астанасы Алматыға өзіне қонаққа шақырады. Төбесіне көтеріп, төріне отырғызады.

– Шындап қолқа салып отырған түрің бар, балам... Олай болса мен де ойланайын, қабырғаммен ақылдасайын, туып-өскен жерім бар, осы жерде төрт ұлым, үш қызым бар, кеңесейін солармен. Сен де маған

бала болдың, ақылға салайық. Жол соғып шаршап келген боларсың, жатып дем ал, ендігі сөз ертеңге қалсын, – деді әже...

Дина күйші таңертенгі шай үстінде үнсіз отырып толғанды. Барар-бармасы әлі белгісіз. Смағұл әженің ауыр ойға шомып кеткенін сезіп:

– Шеше, не ойлап отырсыз?.. Күй жайын әңгімелесеніз, тұңғыш шығарған күйіңізді тартыңызшы.

Әже жауапқа бөгелмеді.

– Ұлдағы тұңғышым мына отырған Жұрынбай, – деп таныстырды үлкен ұлын. – Ал күйдегі тұңғышым – «Он алтыншы жыл». Бірін тартсам, бірін айтам. Бірін айтсам, бірін тартам.

Смағұл күйді қызықтап тыңдады, ұнатты. Сосын әжеге қарап:

– Ал, шеше, байлауыңызды айттыңыз, жанағы тартылған күй даусынан көп сөздің, ана бақытының біразы әлі алда екенін көріп отырмын, – деді.

Ал, әже болса қартайғанда бала-шаға, келін, абысын-ажын, сырластардан алыстап кетуді ынғайсыз көргенін қобалжи отырып айтты... Сөйтіп, Смағұлдың қалағаны болмады.

– Бара алмаймын, – деді әже, – қорлығы мен қайғысын, мұңы мен зарын, одан қалды елдігі мен ерлігін, қуаныш-бақыт, сый-құрмет, берекетін бірге көрген ауыл-аймағым бар, осы Атырау қойнында азап шектім, осы теңіз бойында бақыт таптым. Өлсем сүйегім осында қалсын, қозғама, жаным, мені!..

Бір күрсініп алып, ойын түйіндеді:

– Шүкірлік етуім керек. Осында үйлі-жайлы болған төрт ұлым, қыздарым бар. Жасым жетпістен асканда осы бақыт, абырой үстіне тағы бақ іздеп қайда ба-

рам?! Бара алмаймын, балам... Халық дейсің, онда бар халық Нарын, Бекетай, Орда, Жаңқала, Атырау, Теке аймағында да бар. Мені білетін сырмінез, құрмет тұтар халқым осында. Бұл өңірде мен тартатын күйді қазақ та, Еділ бойындағы орыс, қалмақ, татар да бірдей тыңдайды. Қартайғанда мені қинап қайтесіндер, бара алмаймын, қалқам...

– Тым болмаса барып қайт, тіпті осы төртеуіміздің біріміз ере баралық, – деген балалары Жұрынбай, Қожахмет, Мұрат, Хажкен сөздері де өтпеді.

– Сізге ұнамаса қайтып әкеліп салайық, – деген Смағұлдың сөзі де ана жүрегін жібітпеді. Әже ойын ашық айтты, еркін сөйледі. Бұдан артық не деуі керек?! Бірақ, Смағұл әлі де күдікті. Ол ойындағысын әлі айта алмай отыр.

– Менің олақтығым болса керек! Сізге түсіндіре алмадым, түсінісе алмадық, шеше, – деп қынжылды ол.

– Түсінбейтін түк те жоқ. Сөзің бек түсінікті. Орынды айтылған сөз, бірақ менің ойымдағы сөз емес, көкейге қонбай отыр. Ойдағым жоқ, ойлағаным жоқ мына сөздерінде, балам, – деді әже.

Смағұл әбден қиналды.

– Өзің сөзге ептісің, бірақ ойыңда айтар жаналық, қуантар сөзің жоқ... Тыңдаушы дейсің, мен тыңдаушыға кенде емеспін. Өзің айтқандай, мен бармаған жерге күйім жетіпті. Ойымдағы болмаса, мені қинама, мені үгіттеме. Маған керегін айт, жанымды жадырат, жүрегімді қуант, мен саған сонда еремін, қолқаң сонда орынды болады. Сен жүріңіз дегенмен, жоқ барма, осында қал деушілер де табылады. Әңгіме таласта емес, сырда жатыр. Мен дәулет, не даңқ іздемеймін. Ұлы ұстазым Құрманғазы аманатын менен

қабылдап алатын өнерпаз табылса, қайда болса да барамын!..

Дина әжей сөзі осымен тәмам болды...

Расында да, баяғыда Құрман ата қара домбырасын қыз Динаға ұсынғанда үлкен үміт артқан, «Болашақ ұрпаққа жеткіз, айта бар менің күйлерімді, алысқа жеткіз» деген. Бұл үлкен аманат еді. Сірә, әже есіне ұлық ұстазының сол бір аманат арқалатқан сәттері оралса керек.

Бір сәтте сілтідей тынған үнсіздікті:

– Сен өзің домбыра тартып білесің бе?! – деген әженің саңқ еткен даусы бұзды.

– Аздап шерте білем, Алматыға барсаңыз бірінші шәкіртіңіз мен болар едім, шеше! – деді ол кенеттен.

Әженің күткен жауабы да осы еді. Ойлағанын тапқанын, дәп үстінен түскенін Смағұлдың өзі де сезбей қалды.

– Кәне, тартшы мынаны! – деп әже домбырасын ұстатты. – «Он алтыншы жылды» тарт! Жүрексің бе! Құлағын бұрама! Дұрыс-ақ, тарта бер! – деп өзі араласты, оны сөзбен демеді.

Смағұлдың домбыра тартысына сүйсінген әже менің іздегенім осы емес пе дегендей:

– Дұрыс, үйреніп кетесің, саған ұстаздық етуге болады, – деді.

– Алматыда күйді менен де жақсы тартатындар көп. Солардың бәрі Сізді ұстаз етуге құмар. Шәкірттеріңіз көп болады!

– Шеше алмаған жұмбағым осы еді ғой. Құрман ата тартқандай етіп, ұрпаққа – сендерге берсем болды, – деді әже.

Күйші ана сыры шешілді. Ойындағысы табылды. Алыс сапарға жүрмек болды. Онда ұстаздық етеді.

Ата күйлерін алысқа апарады. Күрекең күйлерін казак елінің бақытты ұрпақтарына жеткізеді. Әже үшін бұдан артық қуаныш, арман жоқ...

– Ал, балаларым, мен жүруге бел байлап отырмын. Құрман атаның аманатын, көп тілегін өтемекпін. Өздерінді өсірдім, ұлымды ұяға, қызымды қияға қондырдым. Ерікті өмір болашақтарыңа данғыл жол салып отыр. Бірлесіп еңбек етіндер! «Бірлікте береке бар»... Айтарым осы! – деді. – Ендігі жасымды елімнің өнерлі жастарына арнаймын!.. Мені ренжімей аттандырыңдар.

– Жолың болсын, апа! – Көп тілегі осы болды.

Сонда Дина Нұрпейісова елмен қоштасарда:

– Туысқандар! Мен өз борышымды, алдыма қойған асыл мақсатымды орындау үшін Қазақстан астанасына аттанып барамын. Мен ұстазым – атақты домбырашы Құрманғазы-дан көп нәрсені үйрендім, енді оның өшпес өнерін бізден кейінгі домбырашыларға жеткізуге уәде берген едім. Құрманғазыдай ұстаздың өнерінің қыры мен сырын, оның асыл мұратын, арман-мақсатын жаңа буын өнерпаздардың сана-сезіміне жеткізу үшін кетіп барамын... Мен соны түсіндіруге тиістімін. Мен сендермен қоштаспаймын, мен қазақтың қоныр домбырасының қадір-қасиетін өшірмеу үшін, осы жолда осы қартайған шағымда жұмыс істеу үшін аттанып барамын... – деді қанаттанып.

Қазір сол Козлово селосының орталығында Мәдениет үйі бар. Ол – Дина Нұрпейісова атында. Және де осы ауылдағы бір көше, Володар ауданы орталығындағы бір көше халық композиторының атымен аталады. Мұрағат қазынасын ақтарғанда *«1934 жылы Володар аудандық, 1937 жылы Красный Яр аудандық депутаттар комитеті аты-*

нан «Қазақ музыкалық аспабында асқан шеберлікпен орындағаны үшін Дина Нұрпейісоваға Құрмет грамотасы сыйға тартылады» делінген дерек табылды. Міне, бұл сол кездегі күйші әжемізге берілген үлкен баға деуге негіз бар. Осы қос грамотаның түпнұсқалық көшірмелері өткен жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының орталығындағы Дина Нұрпейісова атындағы мұражай көрмесіне қойылды. Оны мұнда Астархан еліне барып қайтқан арнайы экспедиция мүшелері жеткізген болатын.

Дина Нұрпейісованың домбыра тарту өнеріне қайран қалған академик-композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде, сағалығында небір алшақ пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуенді алпыс екі тамырыңды бойлата, шымырлата, жаңғырта, шулата, буырқана небір әсерге түсіреді», – деп тебірене жазған болатын...

Дина күйшінің Алматы қаласының Орталық зиратындағы бейіті, оның қазіргі халі – көрер көзге тым сұрықсыз. Көп зираттың тасасында қалған бейіт басындағы тасмүсін тым ескірген, тіптен екінің бірі ұлы композиторымыздың Алматынын қақ ортасында жерленгенін де біле бермейді... Талай мәрте мерейтойлары аталып өтті, арнайы жиналыс, атаулы концерттер болып жатады, өкінішке орай, бірақ ешкім, ешбір мекеме қараусыз қалған осы ғазиз жанның, күй – Ананың бейітін қалпына келтірейікші, жөндейікші деген емес...

Ал, шындығында композитор, дәулескер күйші Дина Нұрпейісова Қазақстан еліне сіңірген еңбегі үшін кем те болса «XX ғасыр адамы» атанған жоқ па?!

Ғасыр адамы атанған Дина күйшінің осынау мерейтойын неге ЮНЕСКО деңгейінде өткізбеске?!

Жалпы, сөз реті келген соң айта кеткен орынды деп білеміз: не Құрманғазының, не Дәулеткерейдің, не Дина күйшілердің мерейтойлары әлі күнге ЮНЕСКО көлемінде өткен жоқ. Біздіңше, осының бәрі – бейқамдығымыздың нәтижесі, салғырттықтың салдары. Тіптен өзі бірнеше жыл тұрған, осы жерде мәңгілікке тыныстап жатқан Алматысында орталықтан ойып тұрып көше атын да бере алмадық!.. Көзі тірісінде Құрманғазыны да, жыр алыбы Жамбылды да көрген адамға, олармен дидаласқан, өнер жарыстырған біртуар тұлғаға осы екі алып тұлғаның аты аталған көшелердің ортасынан болмаса маңынан бір даңғылдың атын қисақ артық па?!

Бақытты өмір кештім деген Дина әжей кейінгі немерелеріне бақ пен бақытты былай түсіндіреді екен.

«...Бақыттымын, басқалардан он есе бақыттымын. Себебі, мен енді жете алмаспын деп ойлаған арманыма жеттім. Жастықтағы жақсы үмітім үзіліп бара жатқан кезде күтпеген жерден бақытқа кездесіп, жақсылыққа кенелдім... Сонау бір күндерде Нарын мен Бекетайда көшіп жүрген кездерде осындай үлкен қалаға барып, онда домбыра тартамын деген ой үш ұйықтасам да түсіме енбеген еді. Заман өзгергенде адам да өзгереді екен. Қандай биязы мінезді адамдар көп біздің айналамызда. Бәрі жақсы.

Арманым не дейсіз ғой!? Арманым, мына домбырамдағы сайраған күйдің тілі мен ділін білер адамға үйрету, соны біреуге аманаттау еді. Бердім ғой сендерге, бәрін бердім, жеткіздім, жоғалтпадым. Міне, мен жеткен бақыт. Осы отырған әрқайсың, ертенгі күнге, келер ұрпаққа, осы мен берген нәрсені мұра ғып тастап кетер болсаңдар, онда бәрің де бақыттысыңдар. Бақыт деген осы. Бақыт деген – әрбір адамның өлмес еңбегі...

Әлі есімде, бір күні, сол Мәскеуде олимпиадада болғанда, бір үлкен үйдің сахнасына шығарып маған домбыра тартқызды. Әлгі зал ішінде, концерт кезіндегідей көп адам емес, аз ғана, бірақ бәрі де түсінігім бойынша күй тілін түсінетін, біздің Ахметтей мамандар болса керек, бәрі де бар ынтасымен тыңдады. Бір күйдің өзін сан рет қайта-қайта тартқызып, тыңдады. А. Жұбанов қасында отырған ақ сақалды, қасқа маңдай, ұзын бір кісіге әлденені айтып, түсіндіріп отыр. Байқаймын, әңгімелері мен туралы, мен тартып отырған күйлер туралы. Оншақты күйді екі-үштен қайталап тартқызды. Мен тіпті шаршап та кеттім. Ал, әлгілер шаршар емес, жалығар емес. Кейде өзара қыза сөйлеп, таласып та кетеді. Содан кейін, Ахметтің қасындағы қасқа маңдай қарт адам орнынан тұрып сөйлеп кетті. Анда-санда маған қарап қояды. Не айтып жатқандарына түсіне алмадым, тек айтқан сөздерінің ішінде «Дина», «Жамбыл» деген екі таныс есімді естідім. Кейін Ахметтен сұрасам, мені «Домбыраның Жамбылы» деп атапты әлгі кісі. Онысына да «рахмет» дедім. Сөйтіп, менің кішкене өнерімді Жамбылдың өнерімен теңеді. Кейін Жәкең бұған шамданбас па екен деп, өзіне айттым. Жок, ол қайта қуанып қалды. «Өлең-жырда бір Жамбыл, ән мен күйде бір Жамбыл болса жарасып-ақ тұрмай ма, тауып айтқан екен, орыс елі тапқыр ел ғой» деп қолымды қайта-қайта қыса берді...

Бақыт деген – осы. Ол бір мезгіл адам басына қонады да, сосын ұшып кетеді. Ал, бақ адамға мәңгі орнайды. Бақ алдымен адамның аяғына оратылады. Аяғына оратылған бақты көтере алмаған адам жүрісінен шатасады. Ал, оны көтере алса, бақ өрлеп беліне оратылады. Беліне келген бақты көтере алмаған, белінен құриды.

Оны көтере алса, бақ өрлеп кеудесіне келеді. Оны көтере алмағанның кеудесіне нан піседі. Оны көтере алса, бақ өрмелеп көмейге келеді. Оны көтере алмаған құлқыннан құриды, ал көтере алса бақ өрмелеп ауызға келеді. Ауызы дуалы болады. Көтере алмаса тілінен құриды. Оны көтере алса, көзіне келеді. Оны көтере алмаса, көзін шел қаптайды. Жақсы мен жаманды ажырата алмайды. Ал, көтере алса, басына бақ мәңгі орнайды. Кетпес бақ, таймас дәулет сонда орнайды, ал оған азаматтың азаматы шыдайды. Ондай азамат бар ма? Оны өздерін бағамдауыңыз керек...».

Осы орайда ойға заманымыздың дәулескер күйшісі марқұм Қаршыға Ахмедияровтың бір күйінішті ойы көкейге оралады. Қамыққан, торыққан бір кезінде ол былай деп еді-ау: «Дүниедегі бір жаман нәрсе – еңбегіңнің жанбауы. Баяғыда комсомол сыйлығына өтпей қалдым. Сондайда іштей мүжілесің... Кезінде Дина шешеміз де Мемлекеттік сыйлықты ала алмай кеткен екен. Тоқсан жасында Сталиндік сыйлыққа ұсынылыпты. Сонда додаға қабаттасып екі ағамыз коса түсіпті. Белгілі кісілер... Динаның баласындай кісілер, негізі. Бұл не: қызғаныш па, бақастық па?! Қалайда кедергі келтіруге тырысқан. Мен де Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, соның сынағына екі күн қалғанда біреулер домбырамды ұрлап кетті. Ұзамай айқындалғандай, өз төңірегімдегілердің әрекеті екен. Жағанды ұстайсың... бақастықтан, қызғаныштан... Басқа бір домбырамен шығуыма тура келді».

Көпке танымал «Аңыз адам» журналының Дина апайдың адами болмысы туралы төмендегі жариялаған ащылау ақиқат-шындығымен ұлы күйші туралы толғанысымызды түйіндемекіз. Онда былай делінген:

«Дина әжей өте жігерлі, қайсар, айбынды адам болған. Мінезі де ауырлау еді. Тіпті кейбір жағдайларда ащы сөздерді де айтып жіберетін. Біреудің алдына басын иіп, бастықтардың алдында кішіреюді аса ұнатпайтын. Оның мықтылығы 75 жасында ұзақ жолға шығып, сонау Аштарханнан Алматыға жол жүруге келіскенінен де байқатады. Бұл көп ер адамдардың қолынан келе бермейтін ерлік еді. Соғысқа аттанған бірнеше ұлының біреуін қалдыруды да сұрамаған. Бұл әженің қайсарлығын көрсетпей ме?! Бірақ, Алматыға келген апамызды атақ пен даңқ күткенімен, тұрмыстық жағдайы ауыр болды. Екі бөлмелі барақ үйде 8 адам болып тұрады. Басшылардың жаңа пәтер береміз деген уәделері де ұзаққа созылып кетеді. Оның Алматыдан елге қайтқысы келгені де содан. Ол кісінін: «Күйлерімді жаздырдым, нотаға түсірдім, Жамбылды көрдім. Енді мені еліме қайтарса. Елді сағындым. Байбекке барып құмына бір аунасам, құдығынан қанып бір су іпсем, арман жоқ», – деген сөздері бар.

...Біздің естуімізше, бірде әжеміз Жамбыл атаға қонаққа барғанда қарт ақын: «Міне, көк үй қаңырап бос тұр. Сен осыған ие бол», – деген. Бұған әженің не деп жауап бергені белгісіз. Дегенмен, екеуінің бірге қалмағанынан, әрине, қандай жауап қайтарғанын түсінуге болады. Ал, сол кезде Ахмет Жұбанов, Күләштер ептеп Дина апамызды көндірсе, екі қартқа қандай жақсы болатын еді. Дина әжемізге бұйырмаған барлық жақсылықты Жамбылмен бірге көретін еді. Қазіргі Жамбылдың мұражайы ортақ, жатқан жерлері де бір болатын еді. Қазір Дина апамыздың бейіті күтімсіз қалды. Алматының орталық көшелерінің біріне де Дина әже аты берілмеді...».

Әрине, жокка жүйрік жетпейді. Әсіре, ынтық
ықылас, мәрт ниет болмаған кезде... Өзгенің жасығына
малданып, өз асылымызды алданыш қыла алмаған кез-
де... Әлемдік мықтыларға табынып, өз тұлғаларымызды,
төл құндылықтарымызды тани алмаған кезде...




II

**КҮЙШІ СЕЙТЕК
ОРАЗАЛЫҒЫ**





Сейтек Оразалыұлының ескі бейіті



Сейтек Оразалыұлының 2013 жылғы бейіті

Сейтек Оразалыұлының туған жері өткен ғасырдың орта шеніне дейін «Сейтек ауылы» атанып келген. Ол қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданының Хан ордасының оңтүстік-батысына қарай отыз шақырымдай жерде орналасқан. Ол мекен 1947 жылы Ресей жерінен басталатын «Капустин Яр» полигон аймағына еніп, жиі-жиі бомба астына алынды. Сол ауыл кейінірек бомбалардан пайда болған, түбінде радиоактивтік суы бар шұңқырлардың атымен «Бес апан» атанған.

Сейтек күйші қандай адам болған деген сұраққа жауап іздесек, академик Ахмет Жұбанов ағамыздың мұрағаттан тапқан дерегінде, 1888 жылы 15 мартта Сейтекке іздеу салған бір старшын оны былайша суреттеп, хаттайды: *«Жүзі қара торы, орта бойлы, түксиген қалың қабақты, қара көзді, қара мұрт, қара шашты, сақал қоймаған, кең маңдайлы, жиырма жеті жастағы жігіт»*. Ал, 1894 жылы Сейтекке шығарылған бір үкімде оның жасы 33-те делінген. Осы екі құжаттағы деректі негізге алсақ, Сейтек 1861 жылы туған болып шығады.

Сейтек жастайынан бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын, артық сөзге жоқ, шарт мінезді адам бопты деседі. Ел аузында мынадай бір әңгіме сақталған. Оның анасы Бәтима Сейтекке жүкті кезінде қасқырдың жүрегіне қатты жерік бопты. Соны қоярда-қоймай іздеттірген. Ақырында, қасқыр аулайтын Ноғайбай мен Батырбектегі аңшы қайныларына қолқа салып алғызған, сөйтіп, жерігі қайтқан деседі. Сейтектің қайсар мінезі содан да болса керек.

Сейтектің домбыраға деген әуестігі де тым ерте оянған. Оған домбыра үйретіп, тәрбиелеген ағасы Шошақ болған. Ағасы Сейтекті қатардан қалдырмай, өз жанынан тастамай алып жүрген. Сондықтан да болар, Сейтек жастайынан әсершіл болып өседі. Ән мен күйді, аңыз әңгімелерді жалықпай тыңдайтын, көпшілік жерде күйшілердің күй туралы айтқандарын бұлжытпай орындайтын болған. Ол күйлерді тыңдап қана қоймай, өзі де күй шығаруға ерте талпына бастайды. Өзіне ұстаз тұтатын Дәулеткерейдің күйлерін Әлкей, Тұрып, Салауаткерейдей күйшілерден үйренеді.

Сейтек ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдарының орта шенінде өз өнерін нағашысы Дәулетиярға көрсетпек болып жаяу бара жатқан сапарында, ойда-жоқта аты аңызға айналған Құрманғазымен кездесудің сәті түскен. Дауылпаз күйшінің күйлері мен домбыра тарту мәнеріне тәнті болған Сейтек өмірі ұмытпастай әсер алады. Құрманғазының күйқылжыған күйлері мен өнегелі сөздері еліктіреді, оны қанаттандырады. Ұлы күйшінің өз қолынан оның «Қайран шешем», «Қызыл қайың», «Кішкентай», «Сарыарқа», «Байжұма» үйлерін үйренеді. Естігенін сол сәтінде-ақ қағып алатын Сейтектің зерек қабілетіне разы болған Құрманғазы оның маңдайынан сипап, қоштасарда ақ батасын береді.

Ал, нағашысы Дәулетияр жиенінің келгеніне қуанып, тума-туыс, көрші-көлемді жинап қонақ етеді. Олар күй шалдырып, жиеннің қолына қарайды. Күйді тыңдай да қадірлей білетіндердің байқауынша, баланың бағыты дұрыс, қолы шалымды, асықпайды, Құрманғазының дауылды, екпінді күйлеріне онша әуестігі жоқ, бірақ Дәулеткерейдің сезімге толы, толықсыған сазды әуендеріне де көп бармайды. Сол төкпе күйдің табиғатынан ауытқымай, оған өз өрнегін

енгізуге тырысқан көңіл күй әуендері баршылық және әр тартылған күйінің соңында белгілі бір ойды түйіп-түйіп тастағанды ұнатады.

Атасы жиенін ризалап, ақ тайлақ мінгізіп, шығарып салады. Бірақ, қайтар жолда көңілі тасып, әндетіп келе жатқан жас баланы жер астынан шыққандай, қарсы алдынан тосқауылдаған төрт аттылы құм-шағыл арасында тоқтатады. Баланы ортаға алып: «Өлеңді айтып, көңілің тасып, қайдан келе жатқан баласың, бағытың қайда?» – дейді.

Сейтек ойында еш бөтен сыры жоқ, бар шынын ашық айтып салады. Осы төңіректі мекен еткен Оразалы марқұмның екінші ұлы, нағашысына қыдырып барып, қайтып келеді. Астындағы тайлағы – нағашысы мінгізген сыйы. Сол кезде төртеудің бірі – Сарыбай деген әлдінің баласы:

– Сенің әкең кезінде бізден бір қысқа минуте деп атымызды алып, арам өлтірген. Артынша сенің әкең де өліп, мал да жоқ, ізін таппай қалдық. Мынау соның өтеуі болады, – деп жас баланы тайлағынан аударып, бас-көз жоқ, қамшының астына алады. Осылайша дойыр өткен денесін әрең алып, ауылына жаяу қайтады...

Соңынан жылдар өтіп, Сейтек ержетіп, Хан базарында жылына екі мәрте өтетін жәрменкелерден қалмай, өнерін көрсетіп жүреді. Сол кезде аты шыққан Құрманғазы, Дәулеткерей, Әлкей, Манар, Салауаткерей, Дина, Тұрып сынды талай күйшілермен кездесіп, бағын сынайды, бағасын алады. Кейіннен өзі де күй шығара бастайды.

Бірақ, еттен өтіп, сүйекке батқан сол бір дойыр қамшы таңбасы оның есінен шықпайды, нақақ зорлықтың күйігі өштігін ұлғайта түседі. Бірде Хан базарынан қайтып келе жатқан Сейтек Сарыбайдың

арқа сүйер әкімі Арысланкерейдің жылқысының үстінен шығады. Баяғы тайлақтың құны енді кем дегенде екі биенің құнынан асып түспесе кем емес деп, үйірден қос биені қуып кетеді. Үйіне келген сон: «Мынау – менің жәрменкеден әкелген базарлығым», – деп көрші-қолаңға пышақ үстінен бөліп береді.

Бірақ, бұның арты насырға шауып, Сейтектің істі болып, Орда түрмесіне қамалуына әкеледі. Бұл кезде ол Арысланкереймен арадағы барымтаға арнап «Арпалыс» күйін шығарады. Түрмеде жан серігі домбыраны ермек етеді. Қасындағы көзі ашық, көкірегі ояу адамдар қол ұшын береді. Солардың бірі – түрме қызметкері Шәрипа атты әйел. Сонынан «Шәрипа» күйін шығарады.

Орда түрмесінен босап шығып, ел аралап, күй тартып жүреді. Арада екі ай өткенде нақақ жабылған жаламен досы Бота түрмеге қамалады. Бота досының әкешесін аяған ол бар ауыртпалық пен жаланы мойнына алып, түрмеге тағы отырады.

Сейтектің артынан қиқулап түскендерге де керекті сол болатын, жан-жақтан жабылып, өтірікті шындай қылып, оны 1882 жылы Үркіт түрмесіне айдатады. Әйтседе, тар қапасақ шыдамаған Сейтек таң алдында қарауылды ұрып жығып, бой тасалайды.

Сібірден елге жету оңай болып па, талай қиыншылық көреді. Жол-жөнекей Церен есімді бурят азаматымен танысып, тіл табысады. Ол оған ат мінгізіп, жолына мол азық дайындап береді. Осы қашқын-жорықтан естелік ретінде «Ортпа» деген күй дүниеге келеді...

...Атажұртқа оралған соң, Сейтек сүйген қызы Зәбирамен шаңырақ көтеруге сөз байласады. Ел-жұртқа күйші атағы жайылады. Аштархан, Орал, Атырау, Маңғыстау қазақтары үлкен ас, жиын-тойларға

оны арнайы шақыртып, күйлерін тыңдайды. Сондай салтанаттардың бірінде Карим деген құймақұлақ жыршыдан түрікмен мақамдарын үйренеді. Осылайша түрікмен әуенінде қолданатын бас пернені қазақ домбырасына енгізуші болады. Мұны музыка мамандары кейінірек «Сейтек перне» деп атап, айдар тағады...

Уақыт өте келе Сейтек Аштархан асып, Қалмақ қырын аралайды, олардың ән-әуендеріне қанығып, қызықтайды. Ол аралары мыңдаған шақырым алшақ жатқан қалмақ пен буряттың тілінен, дәстүрінен ұқсастық тауып, қалмақтарды таңғалдырады. Қалмақтар тамақ ішерде ауызға дәм алмастан бұрын асқа немесе ішімдікке саусақтарын батырып, «құдай сыбағасы» деп ауаға сілкілейді екен... Бұл – ғасырлардан келе жатқан будда дініндегі халықтардың дәстүрі. Осы дәстүрді буряттардан да көргенін айтқанда, шынында да, қалмақтар ерекше таң-тамаша болады... Осылайша ол қалмақтардың төріне озған қадірлі қонағы болады. Бір тойда Сейтек орындаған күйлерге әбден әсерленген бірнеше қыз билегісі келетіндерін айтып, тілек білдіреді. Сейтек олардың биіне елітіп, «Бес қыз» күйін шығарады... Кейін бұл күй ел арасына жетіп, құбылып, «Бес қыздың бел шешпегі» деп те аталып кетеді...

...Ел арасындағы бір тойда Айша деген қыз «Мұнды қыз» күйін тартады. Бұған риза болған Сейтек сол жерде «Бұлбұл Айша» атты қарымта күйін шығарады.

Сол кезде Жүніс деген бай сұлулығына қызығып, қалың мал беріп, Сейтектің қалыңдығы Зәбираны алғалы жатқаны белгілі болады. Сейтек пен Зәбира ымдасып, түсінісіп, түнделетіп қашып шығып, Қалмақ қырына ауып, ізін жасырады...

Басынан талай қуғын-сүргін өтсе де мойымаған күйші бірде Аштархан уезіндегі Қарабайлы түрмесіне

түседі. Одан да қашып шығып, ауылға көңілі көтеріңкі оралған Сейтек «Ақ Еділ» күйін шығарады...

Түрмеден-түрмеге қамалып, одан қашуды да әбден дағдыға айналдырған Сейтек күйші құрығы ұзын патша өкіметінің өзін «халық арасына іріткі салушы» ретінде аса қауіпті қылмыскер санатына қосып, қақпан құра бастағанын сезбей де қалады...

1894 жылдың жазында қол-аяғына кісен салынған Сейтек күйші кенеттен құпия жағдайда Мәскеу түрмесіне жөнелтіледі. Онда көп ұстамай, сексен бейбақ тұтқынды кеме трюміне қамап, күншығысқа айдап, қақаған қыста Сахалинге жеткізеді. Итжеккеннің тап ортасына жеткен гәріпке адам төзбес суыққа қарылуға, аштан бұралуға тура келеді. Бұл азаптың қай-қайсысы да ештеңе емес-ау, ең бастысы өзекті езген құсаны айтсаңызшы!.. Шағыл құмға табанын күйдіріп өскен Сейтек тұла-бойын жайлаған суық-ызғардан дірдектей жүріп құйтақандай жүрегін жылытар жан азығын іздейді. Орман кезіп, домбыраға жарар ағаш табады, суықтан бүрсеңдеп оны шабады... Жан жары Зәбираның көйлегінің етегіне жағалай қабаттап өткізіп берген ішегін тағып, қолына аспабын алады...

Ағаш кесіп, бөрене сүйреп, оны малшының суға ағызып жүрген тұтқындар сәл дамылдаған кезде төңіректі күмбірлеген бір жігерлі дауыл үн жауып кетеді... Сілтідей тынған тындаушылардың құлағына азаттықтың, шаттықтың шалқар үні естіледі. Көптің көңілінде үміт оты ойнап, бұл тозақтан тірі шығар жол барын сілтегендей болады...

Бұл өзі шапқан, жан жарының қос ішегін таққан Сейтек домбырасының Сібір тайгасында атой салған өршіл, намысты күйлері еді. Бұл дүниенің қызығынан құр алақан, тірліктен баз кешкен тұтқын-міскіндер

енді Сейтекті қаумалап, ентелеп, күй тартуын өтінетін болды... Осы жерде Сейтек «Айдау», «Түңілдім», «Арман» күйлерін алғаш тартып, сахнасы мұзқала, тыңдармандары қара орман болды... Өлімге кесілген сан тілді, түрлі дінді каторжник атаулы мен күзет-қарауылдар сол мұз құрсаңған, түкірік жерге түспейтін қара суықта бойларын «Өмір симфониясымен» жылытты, арпалысты Құрманғазы мен шалқымалы Дәулеткерейді жандарына медеу тұтты...

1905 жыл көппен бірге Сейтекке де олжалы жыл болды. Өйткені, аяқ-асты күтпеген жерден орыс-жапон соғысы басталды. Қаптаған қарауыл майданға аттанды, тұтқындар азаттық алды.

Сүйегін сүйретіп елге жеткен Сейтек күйші өзі жоқта о дүниелік болған сүйікті анасы мен Ғазиз атты ұлының қайғылы қазасын естиді. Қара жамылған күйші ұлын жоқтап «Ғазиз» күйін боздатса, бір сәт серпіліп, сордан көзі ашылмаған халқының болашағынан, алда атар жақсы күндерден үмітін үзбей «Арман» деп тебіренеді...

...Сазгердің соңғы шығарған күйлерінің ішіндегі шоқтығы биігі, тағдыр күйзелісі мен күңгірт болашағы, өзек өртер өкініші мен үкілі арман астасқан философиялық тебіреніске толы туындысы, әрине, – «Заман-ай» күйі...

«Қанатым», «Көкала ат» күйлері жанына жақын, өзінің қанатына айналған жылқыларына арналғанына күмән жоқ.

Замана желі, елге жеткен саяси өзгерістер оңы мен солын таныған күйші назарынан тыс қалған емес. «Он алтыншы жыл», «Жігер», «Он жетінші жыл», «Еркіндік», «Қарашан», «Сексен ер», «Тойбастар» күйлері аттары айтып тұрғандай елдегі қоғамдық-саяси

ахуалдан хабардар ететін, XX ғасыр басындағы ұлы өзгеріс-төңкерістерді шынайы бейнелейтін сазды полотнолар.

Сейтек 1917 жылғы ақ патшаның тақтан тайдырылуын, революцияны қуана қарсы алады. Ондаған жыл өмірін азапты айдауда, тар қапас түрмеде өткізген Сейтек жаңа заманнан, жаңа өзгерістерден үлкен үміт күтті. Әділет аңсаған, теңдік тілеген жүрек саяси іске белсене араласуға жол ашты, 1918 жылы кедейлер комитетінің мүшесі болып сайланды.

1923 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне бірнеше еңбек ардагерлерімен бірге аттанып, онда өз өнерін көрсетті...



III

СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ: ДИНА МЕН СЕЙТЕК



Құрдас та мұңдас қос күйшінің бұл кездесулері күтпеген жерден болды.

Бұл кезде Дина әжей Нұрпейістен кейінгі екінші азаматы Нұралыдан (Жәлектен) біржола еншісін бөліп, үлкен отбасымен Бекетай құмынан көшіп, Аштархан жеріндегі Азаулыға келген болатын. Ал, Сейтек болса Аштархан жағынан, ұлы ұстазы Құрманғазының басына түнеп, мінәжат етіп келе жатқан...

Қайтар жолында Дина тұрағына әдейі іздеп келіп, құрдасымен бір дидактасуға, сонымен бірге өзінің ойында жүрген бір күдіктің ақиқатына көз жеткізуге ниетті еді.

Кешкі апақ-сапақ кез, ойда-жоқта Сейтектің келе қалуы Динаны да ойландырды. Еңгезердей, ұзын бойлы, кең иықты, егде тартқан қара сұр кісіні бірден таныған Дина:

– Жаным-ау, Сейтектің бе?! Өңім бе, түсім бе?

– Өңім десең – өң, түсім десең – түс. Менің Сейтек екенім рас. Көрмегелі көп жыл болды. Айнымай, бірден танығаныңа қарағанда әлі де қуатты көрінесің.

– Ал, аттан түс!

Алма-кезек амандық білісті. Ас әзірлегенше қонақ төрде дем алды.

Әңгіме астан кейін басталды. Сөйлеуші – қонақ, тыңдаушы – үй иесі. Дина үнсіз, сабырмен тыңдады.

– Е, Дина, екеуміз бір жылдың төлі, гүйдей құрдас едік. Оның үстіне қуған өнеріміз, жүрген жолымыз бір, үзеңгілес, мұңдас едік. Бірақ, илан иланба – өз еркің, сырттан сұраулас, тілектес боп жүргенім рас. Біз көріспе-

гелі, кездеспегелі қаншама жылдар өтті. Бір-бірімізге қолұшын беруге мұрша болды ма?!

Иә, Динажан, біздің дүрбелең жас кезіміз аумалы-төкпелі заманда арпалыспен, намаздыгер-намазшам, апақ-сапақта өтіп кеткендей. Соның қайсыбірін саған мұң етіп шағына берейін. Басыма таудай пәле түсіп, абақтыға қамалдым. Одан көз көрмес, құлақ естімес алысқа, мұхит асып Сахалинге бардым. Сол жерден орыс-орман достарымның көмегімен қашып шықтым. Төрт жыл бойы көрмеген азапты тартып, қайран, туған жерге де табаным тиді-ау!..

– Бұл жайыңа қанықпын.

– Көп жайт құлағына жеткен шығар деп мен де қысқа қайырып жатырмын... Бұған да шүкірлік. Елге келгенде алдымнан жігіт болған балам шықты... Өзіміздің елдегі Сейіт деген бір азамат адам бар екен, сол баламды қамқорлап, ажал аузынан да аман алып қалыпты.

– Мұны да естігем.

– Кешегі төңкерістен соң бүк түсіп үйде жаттым. Сөйтсем, бұным бекер екен. Ойлап қарасам, өнерпаздың күні енді туғандай... Мәскеуден шақырту қағаз келді. Онда бір үлкен мереке боп жатыр екен. Жер-жерден әнші-күйші, бишілер шақырылыпты, олар дүйім тойшы қауымның көңілін көтеріп, ойын-сауық көрсетеді екен.

– Мұның бір көз көріп, құлақ естімеген үлкен жаңалық екен, баяғыдан осыдан бастамайсың ба?!

– Жер-жерден жиылған сен тұр, мен атайындар. Көрсетпеген өнерлері қалмады... Міне, солардың бәрін өз көзіммен көрдім. Кезек маған да келді. Қысқа-қысқа бірнеше күй тарттым. Мәскеу жұрты мен тартқан күйлерді ұнатып, үлкен қошеметпен қол соқты.

Арқам қозған соң домбыраммен орыстың әуендерін әуелеттім. Екі ішектен, қалақтай аспаптан өздерінің

саздарын естігенде көпшілік таңғалып, дән риза болды. Сөйтіп, мен не көрмедім? Тек Сахалин азабын ғана емес, Мәскеу шаһарын да көрдім.

– Сен, Сейтек, Мәскеу барғаныңның өзін айттың да, сырын ашпадың ғой.

– Не сыры болушы еді? Ел ішіндегі мендегі кегі барлар мен көрген қорлық аздай, абақтыларына тағы жапты. Содан сартап болып жатсам, бір күні таң атпастан біреуі келді де, «шық!» деді. Шықтым. Бастығына әкелді. Ол маған баяғыдай емес, жайдары қарап:

– Мәскеу барасың! – деді. Мен сенбедім.

Ол күлді. Қолыма «қылмысы жоқ, ақталды» деген тілхат қағаз берді. Пойызына мінетін билетіне дейін әкеліп берді. Мәскеуіне де бардым, өнерімді де көрсеттім. Байқаймын, менің абақтыда жатқанымды білмей, шақыртып алған баяғы Сейіт көрінеді, осы күні қызмет орны үлкен екен. (Әңгіме Алаштың аяулы азаматы Сейітқали Меңдешев туралы – Л. Қ.).

Дина құрдасының әңгімесінен өнерлінің күні туганын ұқты. Сейтек жайланып жатып, барлық күйлерін Динаға тыңдатты. Тиегі толассыз ағытылған осындай бір әңгіменің үстінде ол өзінің бір күдікті ойын анықтамақ болды...

– Сол кезде жиырмадан асқан кезім. Нарынның бір көкжал бөрісіне серік боп, әр жерден мал алып жүрдік. Бір күні жаңа көшіп кеп орнығып жатқан ауылдың екі-үш құлынды биесін қуып кеттік... Ойымыз көшке күндіз елеусіз еріп, қара қасқа атты алу еді. Содан биелерді қудық. Ауылдан ұзап шыққан кезде екі атты қуғыншы шықты. Ұрымтал жерге келгенде бірісі шапшаңдық жасап, қолымдағы сойылымды қағып түсірді. Таралғыдағы жаулығы жерге түскенде барып білдік – әйел адам...

Маған тыншу бермей жүрген бір сұрақ: «бұл әйел кім еді деген»?

– Бұны қазір айтып отырғандағы ойың не? – деді Дина.

– Сондағы кара қаска аттағы әйел – сен, – дейді.

– Мен болғанда таңданар не жөні бар? – деп күлді Дина. – Рас десен рас, нанбасаң ерік өзінде!..

Сейтек Динаның ашаң тартқан салалы саусақтарын аялай ұстап ... маңдайына басты.

– Басымды идім алдында, ана екенсің, нағыз адам екенсің. Ауыл арасы алыс, өзім айдауда боп, қадірінді білмеппін. Бәрін кеш, Дина, күдіреті мол анасың!..

Сейтектің көкірегінде жүрген бір жұмбақ осылай шешілді. Сұрағына жауабын тапқан ол аттанып кетті. Үй сыртында Динамен ұзақ қоштасты...

– Несін жасырайын. Бір кезде ұрлық та жасадым, барымтаны да тастамадым. Бұл күн көре алмағандықтан емес, зорлықшыл жандарға шеккен айбатым, наразылығым еді. Көбінде қазақ қорыққанын сыйлайды. Мен де айбат шегіп, дұшпаныма тіс көрсеттім... Жас кезде бастан не өтпейді?! Енді бәрінен де ада...

Ал, енді қайтып көріскенше күндер жақсы болғай! Қош бол!..

Сейтек ат үстінен Динаға қолын созды...

Дина да көпке дейін заманында отқа да түскен, қол-аяғына кісен салынып, итжеккенге де айдалған досқа жанашыр, қаска қаһарлы құрдасының соңынан ұзағанша қарап тұрды. Басы бұғауға, өнері мен өресі ноктаға сыймайтын қайран замандасының сұлбасы қарауытып көзден таса болғанда жан жүйесінің бір тамыры үзілгендей боп, басы сайран, аяғы ойран ғұмырдың көбі кетіп, азы қалғанын сезінгендей ... көз алды шыланды...

Жарық дүниенің ризығы таусылғанша адам баласы не көрмейді?! Қос құрдас, қос мұңдас Сейтек те, Дина да сонау Құрманғазыдан бастап Салауаткерейге дейінгі көп санлақтарды көзі көріп, өнерінен сусындады... Бірін бірі пір тұтты... Өздерінің емес, солардың даңқын асырды... Піссімәллә дегенде солардың атын алғаш атап, солардың күйлерін сұңқылдатты... Ел-жұрты сұрап қоймаған кезде ғана, «тұлпар бой жасырады» дегендей, сараңдатып, сыздықтатып өз күйлерінің де ұшығын шығарып қоюшы еді...

Қайран, құрдастар!.. Беу, дүние!.. Шіркін, өнер – күдірет!.. Бұл көкейлері күмбірге толы қос арқалы күйші-композитор Дина мен Сейтектің соңғы кездесуі-тұғын...

* * *

Қайран, құрдастар!.. Беу, дүние!.. Шіркін, өнер – күдірет!..

Сейтек 1933 жылы сол Еділ өңірінде Ресейдің Қарабайлы ауданының Ақтоба елдімекенінде қайтыс болып, бір төбешік болып қалды...

Араға төрт жыл салып, Дина әжей шалғай астанаға қоныс аударып, Алматыдан мәңгілік тұрағын тапты...

Құрдас, мұңдас өнер санлақтарының өмір сапары, ғұмыр жолы осылайша тұйықталды. Тағдыр деген осы да...

Қайран, құрдастар!.. Беу, дүние!.. Шіркін, өнер – күдірет!..

* * *

Дина Нұрпейісова – домбырада ойнаудың барлық әдіс-тәсілдерін түгел меңгерген суреткер күйші

болған. Оның орындаушылық өнері қашан да асқақ шабыттылығымен, үн бояуымен тыңдаушысын еріксіз баулиды. Осы мақсатпен ол домбыра үнін күшейтер шақта шынтағын домбыра шанағынан көтеріп, ал дыбысты әлсіретер кезде оны қолтығымен қыса түседі. Осы тәсілдердің бәрін – ол орындалатын шығармаларының сипатына қарай, мән-мазмұнын жан-жақты айқын аша түсу үшін қолданады екен.

«Домбырадағы әр перненің өз мәні бар. Сондықтан домбыра тартқанда оның мән-мазмұнын дұрыс анықтау бірден-бір шартты нәрсе. Домбыра шерткенде оны адамша сөйлетіп, сол арқылы белгілі күйдің мән-мазмұнын тыңдаушыға толық жеткізу керек», – дейтін Д. Нұрпейісова.

Құрманғазының өз күйлерінде көп кездесе бермейтін, бірақ оның шәкірті – Динаның күйлерінде керісінше жиі кездесетін бір жәйды ашық айту керек. Бұл кейбір күйлердің үнемі өзгеріп отыратын ырғақтық жақтары. Динаның «Байжұмасында» күйдің кіріспесінде ырғақ әлденеше рет өзгереді. Ал, күйдің ұзына бойына ырғақтың құбылуы сансыз болардай. Динаның қағысындағы тағы бір ерекшелік – ол баска ешкімде кездеспейтін, оң қолдың бес саусағы бірінен соң бірін кезектестіре қағу. Дина ондай кезде басытын саусақтарын бір пернеге ұстап отырмайды, олар да қозғалып, мелодиялық, қос дыбыстық неше алуан суреттер береді. Құрманғазы да домбыраны өте жоғарғы дәрежеде меңгерген адам. Ол домбыра тартқанда ағаш аспап әбден қожасына бағынып, иі түскен қайыстай икем болатын. Бұл – домбыраны жете меңгерудің нәтижесі. Құрманғазы күйлерінде ұқыпты орындауды, ырғақты қатты

ұстауды, керек жерінде екпінді боратып, ал кейде тіпті баяулатып қалу кездеседі. Әсіресе, күй атасының осы бір түйіндерін жақсы жеткізетін Дина керек жерінде желпіндіріп, ала күйындатып алады да, кенет тіпті кідіргіштеп, тоқтап қалғандай болады. Оң қол мен сол қол тәсілдері, сан алуан дыбыстарды шатастырмай пайдалану, Құрманғазы дәстүрінен келе жатқан орындау әдістерін түгел қамту, шығарманың идеялық мазмұнына қарай, шығарманы шынайы күйінде сақтау – біздің заманның орындаушыларын біраз сатыға көтеріп тастаған болар еді.

Дина әжеміздің немересі Балжан апай көзі тірісінде біраз жақсылықтар болар деп үміттенген еді. Оның ең бастысы – Дина әжейдің зираты. Райымбек даңғылы бойындағы Орталық зираттағы бейіттің қазіргі халі – көрер көзге тым сұрықсыз. Бейіт көп молалардан көрінбей, тасада қалған. Тым ескірген тас мүсінге жаңаша өң беру керек, себебі осының салдарынан Дина Нұрпейісованың бейітінің Алматыда екендігін екінің бірі білмейді. Мүсіншінің аты-жөні кім?.. Тірі ме? Суретшілер одағы бұған не дейді?

Д. Нұрпейісованың мерейтойы бірнеше рет өтсе де, оның бейітіне жөндеу істері қолға алынбаған, сондықтан бейіт қараусыз қалған. Жабайы өскен теректер мен темір шарбақтардың тасасынан көрінбейді. Соны қолға алу керек. Бұл болашақта жастардың барып, тағзым ететін, Дина рухына сыйынатын орын болу керек. Темір шарбақтардың кейбіреулерін уақытша алып, соңынан қайта қоюға болды ғой. Оған қазіргі техниканың күші әбден жетеді.

Біз білетін Дина Нұрпейісова «XX ғасыр адамы» атанған. Осынау атақты алған адамның бірі – Дина Нұрпейісова, бірі – ақын Олжас Сүлейменов.

Ғасыр адамы атанған Дина Нұрпейісованың бейіті осыншама төмендеп, мүшкіл халге жетуге тиісті емес еді. Алматыда мәңгілікке тыныстап жатқан қазақтың күй анасына қала орталығынан лайықты көше беру керек. Дина әжей көзі тірісінде күй күдіреті Құрманғазыны да, жыр алыбы Жамбылды да көрген адам, дидарласқан, өнер жарыс-тырған тұлғалар. Демек, оның көшесі осы екі алыптың жанында болу керек. Біздің ойымызша, Динаға бірден-бір лайық «Дина даңғылы» деген атау – Құрманғазы мен Жамбылдың ортасындағы көше.



IV

МАҚАЛАЛАР СҰХБАТТАР

ДАНА ДА ДАРА ДИНА

*Болыпты ерлер, бай елде, көп десең де,
шанам.*

*Еркектігі әйелдің, басталыпты-ау –
Динадан!*

*Бейлі толған өмірді бір түлетті-ау,
Жарықтық.*

*Кей жұқарған көңілді толықтырды-ау,
Жарықтық!*

*Түрленгені көп үнінің – көк сауһардан кетті
аумай,*

*Жарқындығы – күлкідей, момындығы –
тереңдей,*

*Ауырлығы жаладай, сұлулығы –
өлеңдей*

Ж. Нәжімеденов

Өткен жылы ғана мына фәнимен қоштасқанына елу жыл болған, қос ғасыр шегінде тұмыр кешіп, қазақ өнеріне сіңірген еңбегі үшін «XX ғасыр адамы» атанған күдіретті күй анасы Дина Нұрпейісованың туғанына биыл 145 жыл толады. Арада неше де қилы заманалар өтіп, уақыт өлшемі бізден қашықтаған сайын, ондай жанның рухы одан әрі биіктеп, қадір-қасиеті айқындала түседі. Дина Нұрпейісова туралы әңгімелеу, бұл – ақын сөзімен айтсақ, «нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр айтқан ғой, Динадай домбыра тартып, күй өнерлі қазақты әлем өркениетіне таны-

ту һәм сол қазақтарымызды, оның ұлттық музыкалық аспабы – домбыраның қасиетін таныстыру деген сөз.

Күйші Дина әжеміз туралы мақала жазу көптен бері ойда жүретін. Әйтсе де өмірі көрмеген, танысып-білмеген жан туралы ақиқат айту оңай шаруа емес, есесіне оның өмір деректерінің кейбір тұстарында күмәнді жерлері әлі де бар болса ше?

Былтыр ғана Алматыдағы «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес «Тұлға» атты сериямен есімдері елге, Атырау топырағына таныс адамдар туралы он кітап шығарды (2004). Соның бірі – «Дина күйші» атты кітап. Аз ғана таралыммен шыққан бұл басылымды өте құнды кітап деуге негіз бар. Дина Нұрпейісова туралы академик Ахмет Жұбановтан бастап неше де бір сан санлақтардың ойлары мен естеліктері жарияланған. Кітап соңында Дина әжей туралы үлкен тізіммен библиографиясы берілген, шығарылған күйтабақтарының, ноталарының аттары айқындалып, фотосуреттер де басылған...

Алайда, шығармашылық топ өз қынжылыстарын орынды білдіреді. «Осы Дина шешеміз туралы тұңғыш көлемді жинақты құрастырғанда күні кеше ортамыздан өткен тұлға туралы мәлімет-деректердің толық еместігіне таңғаласыз. Мәселен, бір автор оны: «Нұрпейіс келіні» десе, бірі: «Нұрпейіс – баласының аты» дейді. Бір деректерде ұлы шешеміз 11 күрсак көтерсе, кейбірі 5-6 баланың анасы дейді. Міне, осы мысалдар біздің әлі осы мәдени мұрамызға шын мәнінде көңіл бөлмей, селқос қарайтындығымызды көрсетеді», – дейді. Дұрыс айтылған пікір.

Бұл ақиқатқа тек ізденген жан біртабан жақындай түсіп, жүрегі қалаған тақырып туралы қолына қалам алары хақ қой. Мақсатымыз сол іздеп тапқанды, естіп-

білгенді ой елегінен өткізіп, жарық дүниеге жариялау, ал оған баға беруші – оқырман қауым.

Міне, бүгін соның сәті түскендей. Оған бірнеше себепкер жәйттер болды. Соның бірі, ойламаған жерден Дина әжемiздiң үлкен ұлы Жұрынбайдан қалған көзi тiрi жалғыз немересi Балжан Нұрпейiсовамен кездесу едi. Апайымызбен жүздесуге оның «Жас Алаш» (№33, 25.04.2006) газетiне берген шағын сұхбаты себепшi болды. Кешiкпей апайымыздың өзiмен де таныстық. Сөйтсек, апамыз жақында 70-ке толып, оны Алматыда, өз қызы Шолпанның отбасында өткiзiптi. «...Және де анау-мынау емес, Ленин бабамызбен бiр күнде, 22 сәуiрде туыппын», – деп күлiп қойды.

Апамыз жетпiсiне селкiлдеп емес, желкiлдеп жеткендей, тың, қуатты, бойы әлi тiп-тiк, тiптi кезiнде қараторының шырайлысы болған сыңайлы, онысы бет-жүзi табынан байқалып тұр. Ауыл сөзiмен айтар болсақ, апамыз «әңгiмеге ағып тұрған» жан екен. Әңгiмемiз, әрине, бiрден Дина әжемiз туралы болды. Осы тұста апамыз Астана қаласында шығатын «Қазақстан музейлерi» атты бедерлi журналдың 2005 жылы бiрiншi санында жарияланған өзiнiң «Қайран шешем» мақаласымен таныстырды. Сосын:

– Қарап отырсам, әжемiз туралы осы уақытқа дейiн жазылған көптеген көркем шығармалар мен мақалалар құдайға шүкiр, жетiп-артылады. Бiрақ, деректердi қайдан алғандарын қайдам, Ұлы Отан соғысына аттанған әжемiздiң төрт ұлынан қайтпаған деп iшiне бiздiң әкемiздi, яғни Жұрынбайды да қосып жiберген. Ал, шындығында, әкемiз соғыстан аман-есен оралды, бiрақ жаралы келдi.

Ол келер жылы, яғни 1946 жылы наурыз айында қайтыс болды. Сүйегi бiздiң туып-өскен жерiмiз Астра-

хан облысы, Красный-Яр (Қызылжар) ауданы, Азау деген елдімекенде. 1989 жылы барып, көкеміздің басын көтердік, құлпытас-белгі қойдық. Сосын сол төртеудің бірі Қожахмет – ол әжемнің немересі, яғни менің туған ағам, – деді. Апаымыз мұнымен де шектелмей, әжеміз туралы есіндегілерін айтып, соны деректерді хабарлап, Дина күйшінің өмір-деректеріне енді соңғы нүкте қою керектігін сөз етті.

– Алдымен әжемнің фамилиясына байланысты деректі айтайын. Әжем өзі айтқандай, «18-19 жас шамасында отырыңқырап қалған қыздай» шыққан күйеуінің аты Нұрпейіс болған. Нұрпейіс Мақатұлы деген адам. Бір деректер үшін керек болып әжемізден фамилиясын сұрағанда, атасының атын атауға «уят болады» да, күйеуін, яғни Нұрпейісті атайды. Менің өз әкем – Жұрынбай Нұрпейісұлы боп жазылған. Нұрпейіс атамыз ертерек қайтыс болған соң, Дина әжемізді ата салты-мен оның туған інісі Нұралыға атастырған. Ырымшыл әжеміз оны шын атамай «Шәпек, Жәпек» деген. Ал, әжеміз осы қос азаматынан сегіз ұл, бес қыз тауып, ұзын саны он үш ұрпақ көрген адам. Тек өкініштісі, кейбір балалары тым ерте шетінеп, әжеміз жасы ұлғайғандықтан аттары ұмытыңқырап қалған. Біздің әкеміз Жұрынбай – ұлдардың үлкені. Оның алдында Жамал, Қайырлы (Қайрош) деген апалары болған. Бұлардың әке-лері – Нұрпейіс атамыз. Ол кісі қайтыс болғанда Жұрынбай әкеміз іште қалған бала екен. «Әкесінен қалған жұрын, яғни қалдық қой» деп ырымдап, атын Жұрынбай қойыпты. Біз – Жұрынбай әкемізден төрт ұрпақпыз:

– Үлкен ұлы – Қожахмет (1920–1942), Отан соғысында әкесімен бірге кетіп, қайтып оралмады. Ағамнан қалған жалғыз қыз – Гүлжан, 1940 жылы

туған, қазір Ақтөбе қаласында тұрады. Ұстаз, зейнеткер. Ұрпақтары бар.

– Екінші, апамыз Ағжан (1929–1999), ұзақ жылдар Ақтөбе қаласында тұрды, ұстаз, зейнеткер болатын. Оның да ұрпақтары бар.

– Үшіншісі, ұл бала – Тілекқабыл (1932–1945), өте жастай кетті. Жазғы каникулда әжеме барам деп 1945 жылы Алматыға келген. Жас сәби балалармен ойнап жүріп, ойламаған жерден суға кеткен. Осы Алматыда жерленген.

– Төртінші ұрпақ – өзім, Балжан – атым, балалардың кенжесімін. Осы Алматыда оқыдым, онжылдықты, Қыздар педагогикалық институтын бітірдім, мамандығым – биолог-географ. Мен де ұстазбын. ҚР ағарту ісінің үздігі деген атағым бар. Қызылорданың Қазалысының азаматына ерге шыққанмын. Қазір екі ұл, бір қыздың анасымын. Өзім де зейнеткермін.

– Ал, енді әжемнің менің есімде қалған қыздарының аттарын атайын, олар: Бақтылы, Салиха, Қоңыр (Әсем Қоңыр). Осылардан тек есімде бары Қоңырдың ұрпақтары, Орал жақта. Қоңыр – қыздың кенжесі (1900–1967), ал ұлдардан есімдегілері: Төремұрат, Қатимұрат, Ғабдолмұрат, Қажымұрат. Ұлдардан кенжесі Ғабдолмұрат – ол көкемді Мұрат деуші едік. 1902–1974 ж. өмір сүрді. Бақтылыдан – Ұлмекен Өтегенова апай. Жаңақалада тұрады.

– Әкеміз Жұрынбай қайтыс болған 1946 жылы тамыз айының аяғында бізге Мұрат көкем келді де, шешеміз Қайишаны, апам Ағжанды, мені, сіңліміз Гүлжанды көшіріп Алматыға, әжеме алып келді. Әжемдер сол кезде Калинин (қазіргі Қабанбай) көшесі, №47 (Пролетар көшесінің қиылысы) үйде екі бөлмелі пәтерде тұрады екен. Сол үйде әжем, оның үш келіні,

үш немере қыздары – 7 әйел адам, сосын Мурат көкем – сегіз адам болып тұрдық.

– Үй – бір қабатты, ұзын дәлізі бар, ағаш үй. Осы үйде алты отбасы болды. Екеуінде біз – қазақтармыз, ал қалған төртеуінде орыстар тұрды. 1955 жылы қаңтар айында әжемнің сүйегі осы үйден шықты. Олар бұл үйде жиырма жылдай тұрған екен, орыстар көп тұрақтамай жақсы-жақсы пәтерлер алып, көшіп кетіп жатты, ал бізге ондай үй бұйырмады...

– Қазір ол жерде Медеу ауданының Ішкі Істер басқармасының ғимараты тұр.

– «Әжеме арнап үлкен кірпіш үй салып жатырмыз (сол маңда), соңынан ол музейі болады», – деген бастықтар. Бірақ бір газжабы, ол үй әжем көзі тірісінде бітіп болмады, біраз уақыт өткен соң біткенмен, оны мектеп-интернат жасады. «Көзден кеткен соң – көңілден кетеді» деген нақыл сөз осындайдан қалған болар. Өкініштісі осы. Өзіміз №12 қазақ мектебінде оқып бітірдік, сосын жоғарғы оқуға түстік.

– Әжемнің керемет қасиеті, өзі өле-өлгенше сөзінен жаңылмаған жан еді. Денесі ірі, денсаулығы мықты әжем 94-ке қараған жасында дүниеден өтті. Домбырасын серік етіп, өнерге бас игендігі соншалық, көзі жұмылардан 5-10 минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып қағып-қағып жіберіп: «Токсан төрт жыл бірге жасасқан жан мен тән бірін-бірі кимай жатыр», – деді жарықтық. Бәрімізді жеке-жеке еркелетіп, аялап өсірген жан әжем осылайша көз жұмды... Шешемнің арманы, бізге айтқан өсиеті орындалды деп ойлаймын. Себебі, бәріміз де жоғары білім алып, қоғамға адал қызмет жасадық, жанұялы болдық.

Шынында да, Дина Нұрпейісова – қазақ музыкасы мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, қазақтың ұлы күйші-композиторы. Дина Нұрпейісова шығармасының негізгі арқауы – ол халық музыкасы, оның «Ана аманаты», «Жеңіс», «Еңбек Ері», «Жігер», «Байжұма» атты күйлері осыған дәлел. Ол Құрманғазы, Дәулеткерей дәстүрін дамыта отырып, күйшілік өнерді жаңа белеске көтерді.

– Әдетте, әжеміз домбырасын таңғы шайдан кейін тартатын. Соның алдында бізді, немерелерін шақырып алып, құшақтап сүйіп, әртүрлі әзіл сөздер айтып күлдіретін. Ән-күй тартып беруді өтінсек екі етпей, домбырасын қолға алып, алға қарап, түп-түзу отырады да, жұп-жұқа еріндерін қозғап қойып, «Қайран шешем», «Әсемқоңыр», «Бұлбұл», т.б. күйлерін сүйсіне тартатын. Әлден соң, «Өй-дәйт деген тіршілік! Бұл өмірден кімдер өтпеді, күй атасы Құрманғазы да өткен. Нарын! Қайран, Нарын топырағы, шіркін сенің қасиетті құмыңды кімдер баспады?!» – деп толғаныс үстінде біраз үнсіз отыратын. Реті келген соң айта кетейін, 2002 жылы 24 қазан күні бір басылымда Үміт Дәулетқалиқызы дегеннің «Құрманғазы мен Дианың ортақ трагедиясы – «Көбік шашқан». Дина Нұрпейісова туралы естелік (әңгімелескен – Ж. Құлиев)» атты мақаласын жариялаған. Осы бір мүмкіншілікті пайдаланып айтарым мынау: мақалада айтылған мәселе туралы үзілді-кесілді қарсылық білдіремін. Ол – болмаған нәрсе. Ұят, қазақшылыққа да, мұсылманишылыққа да жат қылық.

– Үміт Дәулетқалиқызы Дина әжемізге біз көшіп келгеннен кейін, 1947 жылы Батыс Қазақстаннан келді. Бізде бар-жоғы бір айдай ғана болған адам. Сосын күйеуге шығып кетті, басқа отбасын құрады.

Сонда деймін-ау, әжесіді бағып-күтіп отырған үш келіні, үш немересі – б әйел адам сол үйде жоқ та, бір Үміт қамқоршы бола қалады. Оған әжемсіз әлгі «сырын» айтады... Әжем өмірін көп зерттеген академик Ахмет Жұбанов та, талай күндер қасында болып, әжемнің әңгіме-сырларын көркем шығармасына арқау еткен жазушы ағамыз Сәуірбек Бақбергенов те мұндай сорақылықты естімек түгіл, ойларына да келмеген.

– Үміт Дәулетқалиқызы бұл «сырды» әжемнің үлкен келіні Қайша (менің шешем) мен үлкен немересі Ағжан апайымыздың көздері жұмылған соң жариялайтындай қандай негіз, не еңбегі бар екен? Сонда ол мені де бұл дүниеден сызып тастаудан сау ма? Онымен кездесе қалсам да айтарым осы.

– Бұны 2001 жылы шыққан «Атырау – ән-күй мұхиты» атты кітабында Карима Сахарбаева да Үміт Дәулетқалиқызын сөйлетіп жазады. Әйтеуір, рақмет, сыпайылап қана жазыпты.

– Жалпы, кейбір адамдар әжемсізді Жамбыл атайға да қосып қояды. Тіпті жақында біреу Ақтөбеден Дина Нұрпейіс Байганинге шыққан ба? – деп те жазыпты. Бірақ, кім және қалай жазса да Құрманғазы мен Дина әжесі арасындағы байланысты ұстаз бен шәкірттің, атасы мен қызының арасындағы қарым-қатынасты соншама анайылап, ұятсыздыққа дейін төмендетуді құптамаймын. Жалпы өнері туралы ешбір дау естіп-білмеген әжемсіз туралы мынадай ұятсыздықты жазуды доғару керек!

Дина Нұрпейісова әжесі туралы осылай әңгімелей кеп, Балжан апай мына бір ойын білдірді:

– Әжемнің бейітінің басына барып тұрам. Құран оқытам. Бірақ, барған сайын жүрегім ауырады. Бейіті

жылдан-жылға тозып барады, күтім де аздау. Алматы қаласында әжемізге қойылған белгі де жоқ. Тіпті әжем осы Алматыда болмағандай, тұрмағандай. Бірақ, бәрі де күні кешегідей көз алдымызда өтті ғой.

– Тұрған үйінің (20 жылдай) орны да жоқ, қойылған тақта да жоқ. Қалада не көшесі жоқ, не ескерткіші жоқ.

– Міне, осыларды айтып қала Әкімі Иманғали Тасмағамбетов ініме жолығудың бір сәті түспей-ақ қойды. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» дегендей, ең болмаса тірімде осыларды айтып кетейін деймін.

«Алматыда Құрманғазы атында көше, консерватория, оркестр бар. Соның біреуінде ескерткіш-белгі бұйырмаған».

Жоғарыдан төмен қарай қатар орналасқан төрт алыштар көшесінің – Абай, Құрманғазы, Шевченко, Жамбыл көшелерінде, тек Құрманғазыға ескерткіш жоқ. Оның орны – «Қазақстан» қонақ үйінің жанындағы алаң. Қазір ол жерде автотұрақ орналасқан. Оның есесіне Құрманғазы көшесінің бел ортасына қасақана істегендей Фурмановтың ескерткішін қойған. Бұдан асқан сорақылық болар ма?!

– Тоғыз жасынан бастап домбыраны құйқылжыта ойнаған Дина әже әке үйіне ауыл тұрғындарын жинаған, кейін ол ел аралап, қыдырып жүріп те өнер көрсететін болған. Сол адамдар ортасында болу қасиеті қартайған кезде де қалған жоқ, – дейді Балжан апай.

Енді мына екі апайдың әңгімесін тыңдаңыз.

Қазіргі кезде Алматы тұрғыны – Қадырова Мәрзия (1916 ж. туған) апай былай дейді:

– «Мен Дина апайды тұңғыш өзіміздің туған ауылда – Володар ауданы Қармалайда көрдім. Апай

біздің ауылға екі рет келді. Ағайындардан Мырзағұлов Қабі ағайдың үйінде көрдім. Апайды сол кісі біздің ауылға алып келді ғой деймін. Үйге кірсем, іште толы адам. Дастарқан жайылған. Төрде қарқарадай жаулық тартқан, қара торы, үлкен апай домбыраны сылқылдатып тартып отыр екен. Жұрттың бәрі жүздерін сол кісіге бұрған, үй іші сілтідей тыныш. Үйде бос орын жоқ, кіре беріп тізе бүгіп қана отырғандарға қосылдым. Кейінірек адамдар апайдың домбыра тартысына таңырқаса бастады, бастарын шайқап, енді біреулер таңдайын қағысты. Үлкендер жағғы «уһлеп», «аһлап» қояды. кемпірлердің көз алдарында жасқа бұланған орамалдары ағараңдайды...

Дина апай соңынан менің Қафизбен қосылған тойымызға арнайы шақыртумен келді. Той Ақсарай қырлығында өтті. Дина апай түйеге мініп келді. Сол баяғы қалпы. Өзі кәрия адам болғанмен, көз жанары нұрлы, айқын көрінді, бойы да тіп-тік.

—...Той иесі— жастарға арнаймын, — деп сөз соңында бөлек бір күй тартты. Күйді өте жігерлі орындады, қолы-қолына жұқпайды, домбырасы да тек сайрады да отырды.

— Бұл күйімнің аты: «Кербез». Кербездей болсын деп жас жұбайларға арнадым. Бақытты болыңдар! — деді.

Арада бір-екі жыл өткен соң естідік: «Дина апай Қазақстанға, Алматыға шақыртумен аттанып кетіпті», — деп, елдегілер таңырқасып жүрді:

— Осындай жаста, мынадай қашық сапарға аттанудың өзі ерлік қой! Әмәнда жолы болғай!..»

Сәния Қабибқызы Жүсіпәлиева (1924 ж. туған)
апайдың сөзі:

– Менің Дина апаймен жүзбе-жүз кездесуім Алматыда, 1947 жылы, қазан айында болды. Ол кезде Дина апайдың атағы бек өрлеп тұрған кез. Жүі-жүі концерттер болып, газеттер жапырыла жазып жатқан. Апайдың 85 жас мерейтойы тойланып өткен. Алматыға жас жұбайлар болып келгенімізге бір жылдай ғана уақыт, отбасымызда тұңғышымыз өмірге келді – қыз бала. Атын нартәуекел деп Дина қойдық. Таныс жазушы ағамыз бар-ды – Ныгмет Сәбитов. Осыны естіген ол кісі:

– Қыздарыңыздың атын Дина қойған екенсіздер, енді міндетті түрде апайға барып батасын алыңыздар. Азан шақырып атын өзі қойсын, – дегені.

– Күйеуім Мұфтахты әрең көндіріп, екеуіміз қырқынан жаңа шыққан қызымызды көтеріп, қысыла-қысыла апайдың үйіне бардық. Бір қабатты ұзын үйде тұрады екен. Алдыңғы бөлмеде, кереует үстінде аппақ боп отыр апамыз. Сәлем беріп, ибалық сақтап, жәй кірген бізге жалт бұрылып:

– «Қай баласыңдар!?» – дегені.

– Мұфтах апайымыздың қытығына жақпай қалатындай орысшалап сөз қоса ма деп қысылып, не болса да өзім айтайын деп, қызымды көтерген күйі ілгері аттап, сөз бастадым. Әй, бәрін айттым-ау деймін. Елден келгенімізді, апайды Марфинда көргенімді, күйлерін тыңдағанымды, тіпті тағы бірдеңелерді қостым ба, қазір есімде жоқ, әйтеуір, күйеуім көйлегімнен тартқанда барып бір-ақ тоқтадым.

– «Ойбай-ау, манадан бері солай демейсің бе?» – деп апам елді есіне түсірді ме, тек жадырап кеткені.

– Менің дiр-дiр еткенiм, Мұфтахтың қызарған бетiнiң райы кетейiн дедi. Өзiм екi оттың ортасында тұрғандаймын. Негып тұрсыңдар дегендей, қызым да аздап үн шығарып қойды. Сол-ақ екен, Дина апамыз жайылып сала бердi. Отырып шай iштік. Үйде ұлы және екi-үш әйел адамдар болды. Келген шаруамызды айттық. Апамыз қайта қызын кеттi.

– «Қыздарыңа атымды қойған болсаңдар, несiне келдiңдер. Атын қоймай тұрып келмейсiңдер ме?» – дегенi.

– Бiз не дерiмiздi бiлмей қалдық. Өзiмiз жаспыз, тәжiрибемiз де жоқ дегендей. Апай менiң бетiме бiр қарап, не дер екен дегендей:

– «Олай болса, қолыма бiр алтын сақина сал! Және ол тар да, кең де болмасын. Кеше, осында Күләш келiп (К. Байсейiтова болса керек), бiр сақинаны қолыма салды. Кең болған соң алмаймын деп қайтарып бердiм. Сол сияқты не тарын, не кеңiн әкелсең, тура лақтырамын», – дегенi.

– Менде зәре жоқ. Мұфтах бiр бозарды, бiр қызарды. Аузымнан қалай шыққанын, қайдам:

– Апай сақинам жоқ, тек көйлегiм бар, екеумiзде қос чемодан, оның тең жартысы кiтаптар. – дедiм. Апай райынан қайтып, езу тартты.

– «Олай болса, оқыған-тоқыған балалар екенсiңдер, осындағы бастықтарға айтыңдаршы, менi елiме қайтарсын. Берер сыйларын алдым, ұнтаспамды түгелдей жаздырдым. Москва, Тәшкентке бардым, Жамбылды көрдiм, ендi менi үйiме қайтарсын. Елдi сағындым. Байбектiң топырағын бiр басып, Нарын құмы құдығының тұнығынан қанып бiр су iшсем, одан басқа менде арман қалмады», – дедi... Сосын:

– «Әпкел бері, балаңды! Аузына түкірейін!» – баланы қолына алды.

Тек сонда ғана Мұфтах:

– *Тек аузына түкіре көрмеңізші. Қызым тәтті ұйқыда жатыр ғой*, – деді басылыпқырап.

– *«Олай болса, қызыңа өнерімнен гөрі ұзақ ғұмыр жасымды берсін! Бақытты болсын, әумин!»* – деді. Сосын баланы қайтарып беріп жатып, көйлегінің етегін желпіп-желпіп жіберді:

– *Басқа бөтен нәрсе ойларыңа алмаңдар*, – деді.

Ал, мен «соңыра өскенде осы бала желпініп, рухтанып сөйлер ме екен-ау» деп ойладым. Шаруамыз бітіп, апамызға қош айтысып шығып кеттік...

...Атыраулық ардагер ұстаз **Қаламғали Жармұхамбетовтың** пайымдауы бойынша: «...Дина Кенжеқызы Нұрпейісова туған топырақта туып өскендігімізден және сүйек шатыс ағайындығымыз тағы бар, оған қоса Балжан Жұрынбай қызының жазғанына сайып, бұрынғы кездің сөзімен айтсақ, Дина шешеміз өзіне тегі етіп, есейіп барып он сегізінде қосылған күйеуі Нұрпейістің атын алған. Оның еш оғаштығы жоқ. Бұрынғы кезде келін атасының атын айтуға қаймығып, солай істеген ғой.... Кейбіреулер Динаның атына байланысты айтылатын Нұралыны (Жәпекті) сан-саққа жүгіртеді. Ал шындығында, ол да бір адам, яғни Нұрпейістің інісі, Динаның қайынысы – Нұралы...

Динаның тегі де анық нәрсе – өз руы Төре, келген жері – Беріштің Бесқасқасы, оның Мұратбайы. Ол – Айжарық, Күнжарық, Қарасай, Төремұрат боп төрт атаға бөлінеді. Соның Төремұратынан – Иса, Мақат, Тұрман туса, Исадан – Жексенғали өрбиді. Мақат-

тан – Нұрпейіс, ал одан – Жұрынбай, Тұрманнан – Қанас, одан – Ипат тарайды. Ұрпақ солай өрбиді....

Жақыпәлиев Мәжит Сабырұлының (1930 жылы туған, Астрахан қаласының тұрғыны) сөзі:

– *Дина Нұрпейісова апайдың кезінде көзін көріп, оның домбырада ойнау өнерін тамашалаған адамдар саны бұл күнде тым азайып барады. Қазір менің жасым 75-те, бірақ со бір жерлес апайымызға кездесіп, көру сәттері күні кешегідей көз алдымда сақталды.*

– *Мезгіл 1936 жылдың жаз айының аяқ кезі болатын. Аудан орталығы – Володаровкада ауыл өнерпаздарының үлкен мерекесі өтті. (Оны «Олимпиада» деп атайды). Стадионға халық өте көп жиналды. «Қызыл таң» колхозынан (Бағлан ауылы) барған делегация ішінде менің анам да бар. Ол мені де ерте барған-ды. Сонда үлкен концерт болды. Маған әсіресе, домбырашылар айтысы өте ұнады. Есімде мықтап сақталғаны: төселген кілем үстінде екі адам жайғасқан, оның бірі – әйел адам, басында ораған үлкен аппақ жаулығы бар, ал екіншісі – ер адам, ол домбырашы – Сәрсен Мырзашев. Мен оны бірден таныдым, анамның туысы, маған ағай еді.*

«Ал, анау әйел кім?» – деп сұрадым. – «Ол – Дина әжсей гой», – деді анам. Ол домбыраны керемет тартады екен. Кейінірек, есейген шағымда ғана түсінгенім, маған тағдыр Дина Нұрпейісова өнерінің өрлеу кезеңінің куәгері болу бұйырған екен. Сол үшін өзімді бақытты адамдай сезіндім.

Қорыта айтқанда, енді бес жылдан соң Дина Нұрпейісованың 150 жылдық мерейтойы болары анық. Оны бүкіл-әлемдік деңгейде, ЮНЕСКО аясында атап өту ұлтымызға, халқымызға үлкен

жұмыстарды жүктейді. Сондықтан ертерек камданып, күдіретті күйші әжеміз Дина Нұрпейісованың Райымбектей батыр атасының, Күләштей бұлбұл сіңлісінің қасында тыныстап жатқан мәңгілік мекенін жөндеу, жиырма жылдай өмірі өткен Алматыдағы үйінің орнына тақташа орнату, музейін ашу, қала орталығынан күй анасына арнап көше беру, ескерткішін орнату – бәрімізге міндет! Тек осы сертке берік болайық, ағайын! Іске сәт, қолында билігі бар әкім мен хәкім інілерімізге, күллі қазақ халқымызға!

Рухың биіктей берсін, бар қазақтың анасы – күдіретті Дина әжей!

Әжеміздің сол мерейтойын көру, көзі тірі ұрпақтарына, елімізге, халқымызға, бәрімізге бұйырғай!



КҮЙ АНАСЫ ІЗІМЕН
(Бір сапардан өрбіген ойлар)

*Бұлбұлдың дауысы қонған домбыра,
Аңшы боп ойға шомған домбыра,
Лекіткен домбыра, лепірткен домбыра,
Ортекелерді секірткен домбыра.
Бәйге атындай баптаған домбыра,
Арыстарымды жоқтаған домбыра.
Азапқа талай төзген домбыра.
Азаттық күнін күткен домбыра,
Қазаққа гана біткен домбыра!!!*

Бауыржан ЖАҚЫП,
«Қазақтың рухы».

Өткен жазда, 2007 ж. Қазақ Ғылым академиясының кітапханасында ескі тігінділерді ақтарып отырып «Ғылым академиясының Хабаршысы» атты журналдың 1946-47 жылы шыққан сандарының бірінен «Атақты композитор» деген мақала көзіме оттай ұшырады. Авторы белгілі жазушы Сәуірбек Бақбергенов екен. Мақаласын қазақтың халық композиторы Дина Нұрпейісованың туғанына 85 жылдығына арнапты. Ол кезде күйші-ананың көзі тірі, шығармашылығының нағыз дәуірлеп тұрған шағы. Байқасам, мақала әлі ғылыми айналымға түспеген, ешбір библиографияға енгенен тың материал екен. Отыра қап, оқи бастадым. Мақала сонау 1937 жылдың қоңыр күзін еске түсірді. Арада аттай шауып 70 жыл өтіпті. Мақала былай басталады...

«... Елден шыққалы талай күн. Бұрын мұндай ұзақ жолда жүрмеген адамға өте қиын. Басына шаршылап ораған үлкен ақ жаулығы бар, ұзын бойлы, ат жақты, ақ шашты ана зырлап келе жатқан поездың терезесінен алысқа көз тастап, терең ойда отыр. Маңдайы терііген, қабағы қатыңқы. Көп уақыт қараудан көзі де талды білем, қарт ана қасында отырған жас жігітке бұрылып:

– Алматы жақын ба, балам? – деп сұрады.

– Иә, шеше, бүгін кешке жетеміз. Шаршадыңыз ба?

– Бұл шешең не көрмеді дейсің, балам, бәрін көрдім. Бірақ отарбаға мініп, алыс сапар шеккен жоқ едім. Құрметті астанамыз Алматыға алыстағы Нарыннан не сыймен келемін, мені көрдіңіз бе? – дегеніммен болмас, ойым сыйда отыр.

– Алматыға тартқан сыйыңыз, сіздің күйіңіз, шеше!

Ол жас сәбидей құндақтаулы тұрған домбырасын қолына алды. Салалы саусақтарымен домбыраның пернелерін түзетін, құлағын бұрады. Ақырын ғана шертін, терең ойға батты.

– Алматы деген бір әсем қала ғой. Оған арнап бір әсем күй тартсам!

Тәтті қиял ананың басынан шықпай қойды. Теңізде жүзген кемедей, кең даланы қақ жарып, сырғып келе жатқан поездың жүрісіндей «Көбік шапқан» күйін ана қағып-қағып жіберді.

Тәтті күйге вагон ішінде құлақ түріп, көз тігіп қарамаған жан қалған жоқ. Бұл ананың ұзақ сапарда бірінші рет тартқан күйі. Осынау ұзақ жол – ардақты ананың 1937 жылы Алматы қаласына бірінші келуі еді...»

Мақала желісін осы тұстан доғара тұрып, оқырман қауымға, енді мына бір сәтті хабарлайық. Өткен 2006 жылы Дина Нұрпейісова әжейдің туғанына 145 жыл толған-ды. Оған арнап «Алматы ақшамы» басылымына «Дана да дара Дина» (6 шілде 2006 ж. №79) атты үлкен мақала жарияланды. Сол мақалада күйші әжеміздің соңғы немересі, яғни үлкен ұлы Жұрынбайдан қалған, 70 жасқа толған Балжан Нұрпейісова апаймен сұхбаттасып, біраз әңгіменің басын ашып, оқырмандарға таныстырған едік. Ол оқырмандардың қаперінде болса керек.

... Сол бір кезде Қазақ телевизиясы хабарламасынан Дина әжейдің екінші әйелі немересі 83 жастағы Ұлмекен Өтегенова апайды да көріп қалғанмын. Сөйтсем, ол Оралдың Жаңақала ауданында Дина әжейдің 145 жылдық мерейтойына арналып өткелі жатқан Республикалық домбырашылар фестивалінен көрсетілген сюжет екен. Ұлмекен апайдың Орал қаласынан 250 шақырым жердегі Жаңақала ауданының жапындағы Көпжасар ауылында тұратынын білдім. Сол апаймен бір оидарласу ойда жүретін. Қыркүйек айының бір күнінде апыл-гұпыл жолға жиналып, Алматы-Москва пойызымен аттанып кеттім. Мақсат – Ұлмекен апайға ғана барып қайту емес, күй анасының сол 1937 жылы соңғы тұрағы Аштархан өңірінен Алматыға дейінгі жеткен жол сапарымен танысу. Сонымен өзіме-өзім сәт сапар тілеп пойыздың бұйырған купесіне жайғастым. Бірінші Алматыдан әрі асып, кең далада бауырын жазып жүйткіген пойыз ырғағына тербеліп «Атақты композитор» атты мақаланы одан әрі оқи бастадым.

«... Алматыдағы мемлекеттік филармонияның залы халыққа лық толы. Жұрттың бәрі сахнаға көз тігуде.

Орын жетпей түрегеліп тұрғандар арасында күбір-күбір әңгіме.

– Жасы жетпіс алтыда көрінеді. Әлі жас адам сияқты.

– Күйді тамаша тартады дейді.

– Үш күн, үш түн тартқанда, бір күйді қайталамайды деседі...

Осы сияқты сөздер, ана қашан сахнаға шыққанша ба-сылған жоқ. Концерт басқарушысының халық күйшісі Дина шығады деуі-ақ мұң екен, халық ду қол шапалақтап коше-мет көрсетті. Аздан соң зал іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт болды.

«Бұлбұл» күйі қағылды. Ақ Жайықтың жағасында ақ қайыңның басына қонып алып, таңертең тілін безеген құс әншісі – бұлбұл сахнада сайрап тұр. Бұлбұл қанатын сермеп көтеріледі де, төмен шүйіліп, тағы да қонады.

Бұдан кейін «Он алтыншы жыл», «Набор» күйлері тартылды. Бұл – халық күшін, ел мұңын, оның болашақ өмірін бейнелейтін тасқынды, жігерлі күйлер. Кешегі ел басына қара күн орнағанда елдің ерлігін, ыза-кегін жырлаған батырлық дастаны еді бұл күйлер... Бұдан кейін Құрманғазының бірнеше күйін тартты.

Ана халықты қатты сүйсіндірді: *«Мың жаса, ардақты ана».*

Халықтың алтын қазынасын – асыл күйін бізге жеткізуші адамға халық сансыз алғыс айтты. Ол өнерпаздардың республикалық осы жиынында бас бәйге алды... Бір жыл өткен соң ана Алматыға сый етіп «Әсем қоңыр» күйін толғады. Бұл күй өзінің атына сай әрі лайық, әсем әрі әдемі, әрі лирикалы, сұлу сазды күй...

Осы «Әсем қоңыр» арқылы Дина тамаша өмір, бейбіт күн, бақытты тұрмыс, балғын жастықты бейнелейді. 1938 жылы Қазақстан үкіметі ананың еңбегін жоғары бағалап «Қазақ ССР-ның көркемөнерге еңбегі сінген қайраткері» деген құрметті атақ берді. Ардақты ана халық композиторы деген зор атаққа ие болды.

– Қазір жасы 85-ке келсе де, Динаның әлі де күй тартуы тоқталған жоқ. 1940 жылы үкімет Динаға «Еңбек Қызыл Ту» орденін наградаға берді.

Дина өз күйлерімен қатар ұстазы Құрманғазының күйлерін де асқан шеберлікпен орындайды. Күй атасы Құрманғазы күйлерінің шын мәнісіндегі бейнесі Дина тартқанда ғана көзге елестеп, жүректің терең түкпіріне жетеді. Ақ шашты ана бізге халық қазынасын өз бойына сақтап алып келген асыл сыйы – күйлерімен ардақты. ...Мақала желісі осылай жалғаса береді.

.., Біраз жүргеннен кейін пойызымыз Жамбыл облысының Шу стансасына жақындады. Терезеден қараған адамға маңып жатқан кең дала. Көзіңіз қарығады, бірақ жанарыңызға бір тұяқ мал ілінбейді ғой. Бір кездері бұл жерлерде мыңдап жылқылар, дала кемелеріндей келе-келе түйелер, табын-табын ірі кара малдар, отар-отар қойлар жайылған, тіпті, кешегі кеңестік дәуірдегі малы мен егіні жайқалған өңірлер ғой бұл.

... Осылайша жол-жөнекей келе жатып бір купенің есігін ашып қалып едім, бірі ағамыз, бірі ініміз – Қадыр Мырза Әлі мен Қажығали Мұқанбетғалиұлы. Бірі ақын, бірі жазушы ағайынның Оралға Сырым Датұлының 265 жылдық тойына шақыртумен бара жатқан беттері екен.

– Біз де Оралға барамыз! Күйші Дина әжейдің бір жиен немересін іздеп барамыз!

Содан әңгіме басталып кетті деңіз:

– Қадеке, «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген нақылға ұқсас сөз Сіздің аузыңыздан шықты ғой? – дедім мен.

– Иә, солай... Өткен ғасырдың 50-60-жылдар аралығында жоғарғы білікте отырған адамдар домбыра, қобыз сынды қазақтың көне музыка аспаптары туралы теріс пікірлер айта бастады. «Көне аспаптардың қажеті қанша, ескіліктің қалдығы» дегенге шейін барды. Сол кезде шыдамым таусылды да осы өлеңді жаздым... Домбыраға сонша тіл тигізуге бола ма екен? Домбыра – қазақтың жаны да, қаны да ғой. Қазақ арман-мүддесін, мұң-зарын, қуанышын, бар махаббатын, адами қасиеттерін осы домбыра тілімен, үнімен айтады... Қазір Жасарал Еңсепов бауырымыз «Домбыра» атты журнал шығара бастады. Сонда осы сөздерді эпиграмма ретінде қолданыпты...

– Ал, Дина Нұрпейісова апамызды мен өмірімде бір-ақ рет көрдім. Осы Алматыдағы концертті кезінде. Өзі зор денелі, үлкен адам екен. Оның домбыра тартқандағы екпінін, қос қолдың көз ілеспейтін қимыл-қаракетін, жүрдектігін айтсаңызшы. Ширақ, лекірте, секірте ойнайды. Оған қоса, музыканың ырғағына қарай бет-жүзі өзгереді. Ол кісі – құдірет. Домбырасының үні, ырғағы дүниені ұмыттырып, өзіңді сол музыкасымен бірге ауада қалықтап жүргендей әсерге бөлейді. Оның әрбір тартқан күйі бас-аяғы бүтін, жұмыр, еш жерінен ақау таба алмайтындай, сын айтуға болмайтында кесек дүниелер... Ал, әжеі туралы ғайбат сөздерді айту шындыққа жанаспайды, – деді Қадыр ағамыз.

Сонда Қажығали ініміз: – *Расында, Құрманғазыдай ұстазының шәкірті, туған қызындай Дина болғанда – ондай өсек сөз ешбір негізсіз. Ал, жиырма жылдай ғұмыры Алматыда өтіп, осында жерленген, өзі ХХ ғ. адамы атанған Дина әжеіге белгі қойылмауы ешқандай қисынға сыймайды. Алматыда көше де көп, музыкалық мектеп те баршылық. Соған атын беріп, ескерткіш орнатса болады ғой. Бұл әженің 150 жыл мерейтойы қарсаңында істелетін шаруа, үмітті үзбелік, – деді.*

Біз сөйтіп Дина әжеміздің отарбамен апталап жүрген сол жолын жүрдек пойызбен екі-ақ тәулікте жетіп бардық.

...Орал мен Жаңақала ауданының арасы екі жүз елу шақырым. Жаңақалаға жеткен соң, Ұлмекен апамыз тұратын Көпжасар ауылына жүріп кеттік.

* * *

Жинақы үйдің төрінде отырмыз. Ұлмекен апайдың жасы 83-те екен.

– Біз өзіміз осы өңірде туып-өстік. Анамыз Бақтылы (1897-1971) – атамыз Нұралыдан туған үш қыздың бірі. Ұлдардан жеті ағайынды деседі. Тұрмыстың қиындығынан болса керек, анамыз Бақтылы да, сіңлісі Қоңыр (1900-1967) да тым ерте, он алты жастарынан ерге шыққан. Біз әкеміз Өтегеннен сегіз ағайынды болдық. Солардан қалған қазір өзім ғана. 1924 жылы туғам. Өзім де қазір жеті баланың анасымын. Қартым Айдынғали Ғұмаров 1999 жылы қайтыс болды...

Күйші әжеміз ол кезде бізден тым алыста тұрды, соңынан Алматыға кетті. Ол кісі бізге келе алмады, біз артынан іздеп бара алмадық. Тұрмыс тауқыметі сондай болды ғой...

Үлмекен апай анасы Бақтылымен тек әжей қайтыс болған соң, Алматыдағы басына барып қайтқан екен. Осы әулеттен әже өнерін қуған Ниетқали Өтегенов те өмірден озған. Дина әжейдің Қоңыр атты қызынан туған Багила Оралда тұрады. Өкініштісі, жүздесе алмадык. Оның әже жолын қуып, домбыра тартатыны елең еткізді. Дина Қоңыр қызына арнап, әйгілі «Әсем қоңыр» күйін шығарған.

Үлмекен апай жасы сексенге келгенше, аудандық «Әжелер» ансамблінде ән шырқапты. Әжемiз мақамда-тып, бiзге өлең арнады.

*Қош келдіңіз, балаларым, міне бүгін!
Болмайды күнде қызық мұндай жымын.
Отырмыз Дина әжемді еске алып,
Дулатып, думандатып, бүгінгі күн.
Балдарым алдарыңда ән саламын,
Әнімді баяулатып әәй саламын.
Келгенде 83-ке арнау айтқан,
Жиені Дина әжемнің мен боламын!
Япыр-ау, асыптын ғой сексен жастан,
Несіне уайымдаймын сонша бостан.
Өсірдік ұл мен қызды шал екеуіміз,
Өмірді бірге өткіздік Құдай қосқан.
Ойланам қартайдым деп неге босқа?
Барармын деп сау болса талай жасқа.
Балдарым өніп-өсіп аман жүрсін,
Көгермін талай қызық, Алла жазса!..*

Дина әжейдің Үлкен тойында Жаңақалада Бақтылының қызы Үлмекен апаймен тағы бір кездестім. Оның келіні жүкті болып жүргенде апайдың қолына Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағы түсіп, өлеңдері қатты толғандырыпты. «Осыдан келінім аман-есен босанып, ұл тапса, атын Мұқағали қоямын» деген

екен. Алладан тілегені орындалып, қазір Мұқағали атты немересі бар. Ол бала өте пысық, алғыр. Қазір ол Астанада Қазақ ұлттық өнер университетінде домбыра класы бойынша оқып жатыр. Дина әжеміздің дарыны осы балаға қонса керек. Болашақта еліміз Мұқағали Русланұлы Рысқалиевті әлі танып білетін болады.

* * *

Жаңақала мен Атырау арасына машинамен ұзақты күн жол жүрдік. Нарын құмының күншығыс жақ беткейімен біраз жүргеннен кейін жол екіге айырылды. Бірі оңтүстік-батысқа, енді бірі тура күншығысқа апарады. Орал-Атырау асфальт жолымен Кулагин елдімекенін бетке алып келеміз. Ал, манағы оң қолда қалған жол — Ганюшкин-Астархан — Азау жолы. Міне, сол жолмен 1937 жылы Дина әжей қасындағы жолсерігі, композитор Смағұл Көшекбаевпен түйеге жеккен жәйлі арбамен Астарханның Марфин ауданынан шығып, Жаңақала арқылы, Оралға сапар шеккен ғой.

Кулагиннен әрі Атырауға таксимен, ал кешкісін поезбен Астархан шаһарына аттандым...

Астархан өңірі, әсіресе Еділ өзенінің сағасаға тармақтары, адам қолының күре тамырлары тәріздес сала-салаға бөлініп, бір өзеннен тағы бір өзендер туындап, нулы жер аралдарға айналып, «мың аралды өңір» атанған, ал сулары барып Қарт Каспий теңізіне құяды. Міне, осы сағалар мен салалар бойында орналасқан ауыл тұрғындарының көбі — қазақ ағайындар. Қазіргі есеп бойынша, Астархан облысында 150 мың қазақ тұрады. Ал, кейбір деректерде өткен ғасырдағы революция қарсаңында

мұндағы қазақтардың саны 300 мыңға жеткен деген де мәліметтер бар...

Астарханда мәңгілікке тыныстап күй атасы Құрманғазы бабамыз жатыр. Оның көзін көрген, өз қолынан күйлерін үйренген, қысыл-таян кезеңдерде қолұшы-көмегін аямаған шәкірті, күйші Ерғали Есжанов пен тағы бір шәкірті, төре күйлерінің төресі атанған Сейтек Оразалыұлы да осында. Мұнда Дина әжей отбасымен он бес жыл тұрақтаған....

Осы сапарда Құрманғазының ұрпағы – шөбересі Алма Төлегенқызы Құрманғазиева – Қайырғалиевамен танысудың сәті түсті. Алма қарындасымыз Құрманғазы атындағы Мәдени орталық ашылар кезде қуанышқа кенелгенін еске алды. Күйші атасына арналған мәдени орталық ашылғанда өзінің ел ағаларымен бірге болғанын өмірінің қайталанбас сәттері деп біледі екен. Сол мерейлі шақта Астархандай шаһардың орталығынан Құрманғазы шөбересіне кең пәтердің кілтін табысталған. Алма қарындасымыз алдымен бұл фәниде қазақ атты ел мен халықтың барлығына қуанатынын, сол елді басқарып отырған Президентке алғысы шексіз екенін айтты.

Келесі сапарымыз – Дина әжейдің он бес жыл тұрған ауылы. Бізді ауыл әкімі Роберт Өтеуліұлы Дүйсембаев пен Мәдениет үйінің директоры Қимади Оразалинов қарсы алды. Мәдениет үйінде Дина әжейге арналған жәдігерлер көп емес. Оған қоса көрнекі құралдар да аз екен. Мәдениет үйі директоры олқылықтар реттелетініне уәде берді.

Дина әжейдің аты берілген Диановка ауылы тура асфальт жолдың бойындағы, өзеннің жағасындағы сулы-нулы жер екен.

– Болашақта осы жерді көпшілік демалатын орынға айналдырамыз, – дейді ауыл әкімі Р. Дүйсембаев.



Ергали Есжанов



Ергали Есжановтың бейіті

ЕРҒАЛИ ЕСЖАНОВ

Біздің келесі сапарымыз – Құрманғазының шәкірті күйші Ерғали Есжановтың бейітінің басына бару. Ол Астархан облысы, Құмөзек ауданы, Лебяжье (Аққулы) ауылы еді. Ол жерге жол бастап барушы адамның табылғанына қуандық. Ол ардагер ақсақал, астархандық қазақ мәдениеті «Жолдастық» қоғамының мүшесі Батырашев Құбаш Сабырғалиұлы ағамыз болды. Бұл кісі орысша-қазақша тілге жетік. Сонау 1990 жылы, алғашқыда «Жолдастықтың» құрылтай жиналысында негізгі баяндаманы қос тілде бірдей, тыңдармандарын таң қалдыра жасаған адам. Сол елдің тумасы, өзі ақын. Оның орысша-қазақша шығарған үш кітабы бар, оның екеуі Абай шығармаларын қазақшадан орысшаға, ал біреуінде Расул Гамзатовтың шығармаларын орысшадан қазақшаға аударған...

Лебяжье ауылы Каспий теңізіне бір табан жақын елдімекен екен. Жолда Иванчук ауылынан әрі асқан соң жиі-жиі кездесіп отыратын төбе-жоталар да аяқталып, алдымыздан кең жазықтық көрінді. Бұл, сөзсіз, теңіздің бұрынғы табаны. Ұлан-ғайыр дала, көк шалғын, мыңдаған гектар жер бос жатыр. Теңіз жылжып сонша төмендеген. Бұл, әрине, бұрындары Каспийдегі балық атаулының көктемде кеп, жайылып, уылдырық шашып, болашақ ұрпақ өсіретін мекені. Ал, қазір бұл жерде не жайылып өрбіген мал көрінбейді, не шабылып жиналған пішендік те жоқ. Ию-кию

ағып жатқан өзендер – Еділдің салалары. Бәрінің бағыты – теңізге жетіп тыныстау.

Лебязье бізге үлкен ауыл боп көрінді. Кездескен ағайындардан Ерғали Есжановтың әулетін сұрасырдық.

Күйшінің өз ұрпақтары болмағанмен, немерелері бар екен. Солардың бірі – Бақыт Халелұлы Ерғалиевтің үйінде отырмыз. Бақыт үш ағайынды адам екен. Өзі 1943 жылы туған. Зейнеткер. Кезінде колхозда балықшы болған. Ол өз әңгімесін тым қысқа бастады.

– Алдымен айтарым, Есжан атамыздың төрт ұлы болған. Олар – Үбіш, Жұмағали, Нұрғали, Ерғали. Біз Ерғали атадан тараймыз. Атамыз 1864-1949 жж. аралығында өмір сүрген. Сүйегі осы ауылдың зиратында жатыр.

(Ал, біз «Құрманғазы» атты жинақтан – Е. Есжанов Атырау жерінде (Теңіз ауданы 1864 – 1949 жж. сонда) деген жолдарды оқығанбыз).

Ерғали атамыздың сегіз ұлы, үш қызы болған. Ұлдары – Сапиолла, Хабиболла, Шарапи, Халел, Әди, Қамал, Ғаббас, Ғани. Ал, қыздары – Гүлмай, Гүләф, Гүләй.

Ерғали атамыз жасынан домбыра тартып, атакты күйші Құрманғазы атаның қасында еріп, күй тартуды үйреніп, беріректе күйші атаға өз көмегін аямаған.

Х. Ерғалиев Қабылан күйші туралы айта келіп, оның айтқаны деп: «Белгілі күйші Е.Есжанов бала кезінде үйіне түстеніп күй тартқан Құрманғазыға жаңадай есі кете елтіп, ақырында: «өзіңмен бірге мені ала кет», – деп жалбарынса керек. Күйші үйрек басты шанасына мінерде қасқыр ішігінің шалғайына тығылған баланың сағын сындырмай ел аралағанда апта бойы ала жүріпті:

«періштеге көрсеткен құлшылық қызметімнен ата-анасы құлағдар болсын, алаңдамасын, баласын апарып саламын», – деп хабаршы жіберіпті.

«Боз шалақ атты бос дүниені» ысырып тастап, тағылық, тасырлық дегендермен табиғаттың өз тілінде салғыласа білген саз дүниесінің алыбына адам атаулының ойшыл үлкені де, ойсыз сәби де бәрібір болғаны ғой сонда...

Ерғали атамыздың күйшілік өнерін жалғастырған Есжан атамыздың ұлы Үбіштен туған Қайрош баласы – Ғилыман Қайрошев болған. А.Жұбанов ол кісінің тартқан күйлерінің ішінен «Маңғыстау», «Бозашы», «Қоштасу» күйлерін Е.Есжановтікі деген екен.

Уақыттың тығыздығынан өзгеге мойын бұрмай, Бақыт мырзаны ағасымен ілестіріп, Ерғали атаның зиратына бардық. Зират біз келген жолдың бойында, тегіс жерде орналасқан екен. Моланың көбі тақтаймен қоршалған.

Жақында мұнда белгісіз себеппен өрт болып, көптеген мола өртке оранып, тек орындары қалыпты. Әбиер болғанда, Ерғали атаның тақтайдан салынған жұпыны моласы аман қалған. Ел болып жабылып, өртті әрең сөндірген. Өрт күйші атаның бейітіне жақындағанда, жел бағытын өзгертіп, сол себепші болған. Бейіт аман қалған. Күйші атаның бейітін, ұрпақтарымен қоса фотоға түсіріп, бір кезде аққулар мекен еткен Лебяжье ауылынан аттанып кеттік. Тезірек Астархан шақарына жетіп, түс ауа тура солтүстікке Сейтек күйшінің жатқан жеріне жету керек болды.

Біз осы жерде Ерғалидың Ғаббас ұлынан туған Зібайыр атты немересінің ертеректе болған естелік әңгімесін естідік...

Ол былай болған екен. Кешегі Аталық соғысқа

Ерғалидың бірнеше балалары, немерелері аттанған ғой. Солардың бірі Зібайыр атасына хат жазып, өздерінің елге бір табан жақын жер – Қалмақ қыры мен Сталинградқа шекаралас келгендерін хабарлаған... Содан біраз күн кейінірек – ұрыстың бір саябір сәті. Бекіністе жатқан біздің жауынгерлер. Жер мен көктің арасы қара түтін. Сол кезде бұлардың алдарынан, яғни немістер тығылып жатқан жақтан, қара түтін арасынан бір ағарған бейне көрінеді. Үстінде аппақ шапан, тура әулиеден аумайтын бір бейне, аяңдап келеді. «Не деген жүрек жұтқан жан» деп шошып кеттік. Тіпті оған екі жақтан да оқ атылмайды. Әлгінің қолында бір түйіншек дүниесі бар. Тура бір оққағары бар жан дерсіз. Ол жақындап келеді. Біртүрлі жүзі таныс кәрия. Қарасам, атам келе жатыр... «Аталап» жүгіріп барып құшақтай алдым ... Қолында домбыра, сосын қапшыққа салған елдің дәмі бар... Сөйтіп атам бізде бірнеше күн болып, домбырасын жебеп, біраз күйлерді толғады. Атам келгенде, күллі ауыл көшіп келгендей күйде болдық. Сөйтіп, бір кезде Құрманғазы ата ұстатқан қасиетті домбыра, жауынгерлердің жанына жігер берді, қайрат қосты. Біз жауды жеңдік...

Сейтек күйшіге орнатқан кесенедей бейітті енді Ерғалиға да тұрғызу өте керек-ақ...

СЕЙТЕК КҮЙШІНІҢ БАСЫНА БАРУ

Сейтек күйшінің зиратына барғанымызды, бейіттің сол кездегі жағдайы туралы мақаламызды «Алматы ақшамы»-нда 9 қазан, 2007 ж., «Қазақ әдебиетінде» 19 қазан 2007 ж. жазғанбыз... Соңынан БҚО мәдениет басқармасы А. Батырханов мырзадан көңілді жадыратар жауап та алғанбыз...

Өзіміз барған жолы бізге Сейтек бейітін тауып берген ауыл ақсақалы Аманғалиев Манат кәрияның пікірі еске түсіп отырғаны. Сонда кәрия сөзін қайталап:

– Біздің қазақ ағайындарға ғана тән енжарлық пен немқұрайлы көзқарастың нәтижесі бұл. Әйтпесе, Сейтектің сырлы да сазды күйлерін біз естіп, жүректе сақтап өстік. Ал, қазіргі ұрпақ Сейтектің кім екенін де білмейді. Атын да, затын да жадында сақтамаған. Күй атасы Құрманғазы бабамызды жиі-жиі еске алып, жұрт сол күйшінің басына жиналып жатқанда, еш адам осы Сейтек басына, немесе теңіз жағасына жақын жерленген Ерғали күйші басына неге ат басын бұрмайды екен деген ойлар туады... Немене бірінің төре тұқымынан, ал бірінің адай болғандығынан ба? Әрине, әркім сіңірген еңбегіне қарай бағалануы керек қой. Көреміз енді. Қандай шаралар орындалар екен? Аман болсақ біз көрерміз, біз болмасақ жас ұрпақ дегендей. Тек бәрі де қайырымен болғай! – деген.

Түсінген адамға салмағы бар сөз.

Бір дерек – Осы Ақтөбе ауылында бір кезде қазақша жеті жылдық мектеп болған. Сол мектеп түлектерінің

арасында Қазақстан Республикасына еңбектері сіңген азаматтар болды. Мысалы, Дайыров Мұзаппар – ол көп жылдар Қазақстан Республикасының Дайындау министрі, Дүйсембаева Халима Әбілхайырқызы – Қазақстан Халық ағарту ісінің үздігі, Ленин орденді ұстаз, сосын Қазақстан Олимпияда спорт комитетінің президенті – Аманша Ақпаев – осы мектептің түлектері. Қазір осында тек бастауыш мектеп қалыпты. Оны да жапқалы жатқан көрінеді.

Ауыл тұрғындары бәрі қазақтар. Сонда қазақ балалары қайда барып оқымақшы деген ой мазалайды...

Сапарымыздың нәтижесі болса керек – 2013 жылы сәуір айында Сейтекке кірпіштен жаңа кесене тұрғызылды...

..Біз Астарханнан қайтар жолда Ресей шекарасынан өтісімен-ақ кездескен қос разъезд – бірі Қиғаш, бірі Дина Нұрпейісова атында. Бір кездері ақ шағаладай тізілген сәнді үйлер Д. Нұрпейісова елдімекенінің көркі болатын. Ауылдың мал қоралары ауыл сыртына орналасқан еді. Ал, қазір сол бекет тым сүреңсіз. Бұрынғы үйлердің тозығы жеткен, көбісі қирап, тек орындары қалған. Ал, Қиғаш ауылының ажары бөлек, көшелері таза әрі жарық. Сөйтсек, бұл ауыл әйгілі «ҚазТрансОйл» компаниясына, ал Д. Нұрпейісова бекеті Атырау теміржол бөліміне қарайды екен. Бар айырмашылығы осы ғана...

ТҮЙІН

Міне, біз осылайша күй анасы Дина Нұрпейісованың еліне барып қайттық. Көргеніміз бен ойға түйгеніміз ұшан теңіз.

Өкініштісі, бұл сапарымызда біреудің арнайы домбыра тартқанын, не шығарған жана күйлерін естіген жоқпыз, болған үйлердің төрінен қазақтың қара домбырасын да көре алмадық, әдейілеп домбыра тартқан өнершіні де кездестірмедік. Әлде, мұның бәрі кездейсоқтық па? Олай болуға тіпті тиісті емес! Қазақ ұлты барда, домбыра да жоғалмайды! Оған дәлел, ғасырлар бойы сақталып, бүгінге жеткен Құрманғазы, Дина, Ергали, Сейтек күйлері. Оларды бойтұмарындай сақтаған шәкірттері барда, күй де жоғалмайды, демек домбыра да сақталады!

Тілің шұбар болса да, ұлтың қазақ. Ал, қазақтың ән-күйін, сазын сақтаған – домбыра! Тәуелсіздікке енді қолын жеткізген қазақтың төрінде домбыра тұру керек. Әр қазақтың үйінде – қасиетті Құран, ән-сазын еске салатын – қоңыр домбыра, отбасының бірлігін сақтаушы – қамшы болуы тиіс.

Осынау киелі дүниелерді әр қазақ отбасы қорғаушысы, тіл мен көзден сақтаушысы ретінде қастерлесе екен дейміз!

«Ана тілі» газеті

«АТАНДЫМ ОН ТӨРТ ЖАСТАН – БАЛА СЕЙТЕК»

Халқымыздың маңдайына біткен қос дүлдүл – Дина мен Сейтек – құрдастар. Дана әжеміз сәби боп дүниеге келгенде, оған осы атты қойған жас жігіт Төремұрат болатын. Ал, Сейтек атын керісінше басқа бір ұлға ырымдап қойған екен. Қашан және қалайша? Сондықтан осы жолғы әңгімемізді Сейтектен басталық. Әңгіменің тақырыбы соған себебші.

Аруағы разы болсын, жазушы Тәкен Әлімқұловтың шығармасынан үзінді келтірелік... «...Қаратаудың теріскейіндегі шалғайдағы «Қызыл Сеңгір» совхозының шопаны Сәрсеннің тұңғыш перзенті шілдеханасының қонағы боп отырған республикалық жастар газетінен келген ақын Дәрмен Нұсқабаевтың түлкі ойы Сәрсеннің әкесі – атақты күйші Сәруардың өзін де көру, қолын да байқау еді. Бірақ та сыр бермес шалқырысып, Алматыдан арнайы келген ақынмен шешіліп сөйлеспеді. Домбыраны да қолға алмады.

Кеше Сейдін ауданы партком хатшысына кіріп, Дәрмен Нұсқабаев келген шаруасын айтқанда, обком пленумына жиналып жатқан бастық қоштасарда:

– Сәруар ақсақал бұл күнде домбыра қағудан қалған, ал оның баласы керемет. Жалты «Қызыл сеңгір» совхозы – домбырашылардың ұясы. Бара көресіз... – деген.

Дәрмен сөйтіп кежегесі кейін кеткен сүйкімсіз шалдың қара шаңырағына қайта оралды. Оған себеп

Сәрсен баласының шілдеханасына Дәрменді әдейі шақырды.

Сейдіндегі секретарьдың айтқаны расқа айналды. Шалғайдағы совхоздан осыншама өнерпаздарға ұшырасамын деп Нұсқабаев тіпті ойламаған. Жігіттер шеттерінен бипыңдатып, екі шекті асты-үстінен косарлай дәмді ызыңдарды сары қымыздай сапырып отыр. Дертке шипа, денеге қуат бітіретін Арқаның қоңыр желіндей, сазды қоңыр күйлер, жұмбақ сарындар, ақжелең әуендер құлақтың құрышын қандырып, жүректің қылын шертеді. Дәрмен домбыраның тілін түйткілсіз түсінгендей. Бебеулесе, боздаса, бұның да көкейіне қасірет құйылып, сылқылдаса, бұ да бірге жадырайды. Осы мінезден айыға алмай-ақ қойды. Көзі тірі күйші туралы поэма жазам деп әуре-сарсаңға түсіп жүруі де сондықтан...

Домбыра кезегі Дәрменге келгенде намысқа тырысқан ақын аспапты әрі-бері біраз дыңылдатып, күйттеп алды да, мұнлы бір күйді жай бастап, бірте-бірте күңіретіп әкетті. Дәрмен қабағын түйіп, шүйіліп алған. Жәй ғана ырғалады. Неше түрлі дыбыстар дүбірлеп, бір үзіліп, бір созылып, шалғайдағы сағымдай толқынданғанда осы отырыста тыңдаушылардың өздері:

– *Мынау бір керемет сарын екен!*

– *Барған сайын шымырлап ішке кіріп барады ғой!* – десті.

Ал, Сәурап кәрия осы күйдің тұсында таспиығын қойып, құлағын тігіп, тыңдап қалған. Ұмыт қалған әлденені еске түсіргендей ауызын ашып, жағына сүйеніп отырды-отырды да, әлден уақытта:

– *Қарағым, жаңағы тартқан күйің кімнің күйі,* – деп сұрады.

– Бұл, ата, Сейтектің «Заман-айы» ғой.

Дәрменнің дауысында діріл бар. Шиыршық атқан жүйкенің әлі сабасына түспегені көрініп тұр. Сәруар болса тым-тырыс отыр. Әлден уақытта шал діріл тартқан тарғыл дауыспен:

– *Уа, дариға-ай, ұрнақтар ауысады екен, күй өлмейді екен ғой!* – деп көзінің жасын боз көйлегінің ұзын жеңімен сүртті.

Жұрт аң-тан. Домбыра толас тапты. Әзіл-оспақтар үзілді. Қария да енсесін түзеп, тіп-тік отырып алды. Аз уақыт өткенде Сәруар: – *«Заман-ай»-ды қайталап бір тартшы, қарағым. Тек, домбыраның құлағын әлі де босатыңқыра. Үстіңгі дыбыс қоңырлау шығатын сияқты еді,* – деді. Дәрмен домбыраны күйттеуге қыры жоқ екенін айтқанда шал:

– *Қолы түскір икемге келсе, мен бұрап берейін,* – деп ұзын мойын сұлу қара домбыраны дың-дың еткізді.

Күйттелген аспап Дәрмен қолына майдай жақты. Ол асығып аптықпай, күйді бабымен, сазымен тартып шыққанда шал тағы көзіне жас алды.

– *Тым беріліп тартады екенсің. Ішіңде арыстанның күшігі тырнап жатқан баласың ғой, сірә!* – деп Дәрменге бажайлай қарады...

Өнер үшін туған жандардың мінезі көктемдей құбылмалы болады. Көңіл райының дауылсыз, жауынсыз шағында ондай кісілер болмашыға лық етіп күтпеген жерден ақтарылушы еді. Дәрмен осыны ойлап отырғанда, шал тағы тіл қатты:

– *«Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген бұрынғылар. Ырым қылып отырмын, мына кішкене нәрестемнің атын өзің қойып кет, қарағым?!..* Дәрмен ойланып қалды...

– Ау, қарағым, ұнжырғаң түсіп кеткені несі? Өз еліңде өсіп-өнген әулет жоқ па еді. Көп жасаған бірінің есімін қоя сал-дағы! – деді шал.

Дәрмен ойына сап етті:

– Көп жасаған кісі – Сейтек. Балаңыздың аты Сейтек болсын!.. – Шал жатырқамады.

– Е, бопты. Кіші жүзден берекелі, көп ел жоқ. Аузыңа май, өркенің өссін, қарағым!

– Есімін мың кісі білетін адам қиямет-қайымда дозаққа кетпейді деседі. Ел ауызында аңыз болған Сейтектің де арманы бар ма екен?..

Кәрия өтініш жасап, «Заман-ай»-ды тағы бір тыңдады. Сосын:

– Домбырашы болатын түрің бар екен. Әттең, тәрбиең болмаған. Үстіңгі шектен ұн шығара алмайсың. Қажырлы жігіттің саусағы пернеге жабысып қалмас болар ма? – деп қабағын түйді!..

– Қарағым, Дәрмен, баяғыда ұмыт болған Сейтекті есіме салып, көңілімді жарым етіп қойдың!.. – деді шал аз-маз күрсініп.

– Сейтекті білетін бе едіңіз?

– Білгенде қандай! Бала кезімде өз көзіммен көргенмін. Жел қуған қаңбақтай, жазмыштың өзі айдап әкеліп, табыстырып еді. Бірақ кейін қол үзіп қалдық. Күйлерін де там-тұмдап кешелі бері еске түсіріп отырмын!..

– Бәрекелді!.. айтып берсеңізші?

– Айтсам айтайын, несі бар?..

Содан шал ақырын бастады, бірақ тым алысқа көсілді:

– Сейтекті, мен қарағым, он алты жасымда көрдім. Біздің ел о кезде қыста Шудың ну қамысын паналап, жазда, кей жылдары ойыса-ойыса Ұлытауға шейін барып қалушы еді. Әлі есімде, жазғытұрым

мауржыраган жайма-шуақ күн еді. Әкем екеуміз Ақмоланың Атбасарынан базаршылап, көйлек-көншек, қант-шай алып жолаушылап келе жатып Көксеңгірдегі шұбыртпалылардың ауылынан түстік ішек болдық. Әкейдің Қоңқақ деген танысы болатын. Соның үйіне түстік. Онда ауыл адамдары жиналып отыр екен. Біз танымайтын тосын біреуді тексеруге алып жатыр. Өзіне есікке таман орын беріпті. Қолға түскен пенде екенін айтпай таныдық. Жат кісінің түсі адам аярлық жүдеу. Бірақ, шүңірек көзі өңменіңнен өтіп кетердей сұсты. Ауыл адамдарының адыраңдағанына әнжісі қуырылар емес. Байсалды, орнықты жауап қайтарып отыр. Менің жас кезім мен балауса көңілім бейтаныс кісінің тегін адам емес екенін сезді. Киімі де өзгеше еді. Қисық табан шегірен етігі, күні тәрізді қалың камзолы, саудырлаған көнетоз кенеп шекпені «шыққан жерім, жұмбақ» — деп тұрғандай.

— Біздің ойда-жоқта сау ете қалғанымыз үйдегілерге қолайсыз тиді білем, екеу-екеуден қайта-қайта тысқа шығып, үй сыртында көңіл сөйлеседі. Жер хабар бермесін, Қоңқақ — қолы суық адам-ды. Өне бойы кәсіп етпегенімен, ұрымтал жерде жымқырып жіберуші еді. Жаңағы үй сыртындағы күңкілден «осылар ұры атандырып жатпасын?» деген күдік туды. Бірақ, кешікпей құпия қарбаластың сыры ашыла бастады. — «Жаңбыр өтпейтін кенеп шекпенін сен ал, етігін мен киейін», «Жоқ, түзде көп қаңғыратын сен едің зой, шекпенін өзің ки де, етігін маған байла. «Жалаң аяқ қалай жібереміз?»».

«Біздің үйде тұмсығы қайқиган шоқай бар, сүт бұркіп жіберсе, лыпаға жарайды», — деген сөздері естіліп тұрды. қожасы Қоңқақтың өзі де тысқа шыққыштан, бір кезде: — Үдербай, бері шығып кетші, —

деп әкемді тысқа шақырды. Олар далада недәуір уақыт бөгеліп қалды.

– Менің домбыраға әуестеніп жүрген елірме кезім еді. Оңаша қалғанда, керегеді ілулі тұрған қара домбыраны алып, тыңқылдата бастадым. Ауыл адамдары жиналып, үйге қайта кіргенде, жамырап мені мақтай жөнелді. Бірақ, мен білетін әуендер тез бітіп, мен тоқтай қалдым. Осы уақытта есік жақтағы отырған манағы тосын кісі домбыраны алып, біздің жақ естімеген сазды күйлерді төгіп-төгіп жіберді. Талай талапкердің қолынан өткен көне домбыра жаңа сарынға басып, жат қылық көрсетті. Қасіретті, назы аралас әуенмен сыңқылдап бара жатқанда, жасуы қатты Қоңқақ: «Жә, жетеді, тоқтат!» – деп зекіп қалды, күй де күрмеліп, талмаурап барып, үзіліп кетті...

– Әкей ер көңілді кісі еді. Күйден қатты тебіреніп Қоңқаққа жатты да жабысты. «Қақа, салмақпен салған қолқам болсын осы. Жаңағы ниеттеріңнен қайтыңдар. Мүсәпір жолмен келе жатқан жолаушы көрінеді. Маған қиыңдар, ауылға апарып, біраз күн бағып-қағайын. Сәруарым күй үйреніп қалсын...» – деген...

– Бұл қай жылдары?

– Сол жылы 16 екенімді анық білемін. Биыл жетпістің бесеуіндемін.

Есебін өзін қайыарсың.

– Отағасы, ол – бір мың тоғыз жүз бесінші жылы екен...

Бұл Сейтектің Сахалин аралынан қашып шыққан жолы. Жолдасы Василийден айрылып калып, Сейтектің ұзақ жалғыз қаңғырғаны, қауіп-қатермен дара арпалысқаны, аштықтан құла түзде тәлтірек қаққаны

ақыры, үмітсіздік жеңіп, жүректің сағаты тоқтап, көздің карашығы сөнер шақта әлдеқалай балықшы орыстардың поселкесіне тап болғанын ойлағанды. Балықтың етін жеп, сорпасын ішіп, ішіне шер байлаған қашқын сол бойда Хабарскіде біраз уақыт аялдап, ақырында поезбен ұрланып елге қайтады. Бұл тарихтан мәлім.

Демек, сол сапарында жазғытұрым жайма-шуақ күндердің бірінде, Сейтек осы бала Сәруармен оның әкесі Үдербаймен ұшырасқан боп шықты. «Япырай, шындық, шіркін, жер астында жатпайды екен ғой. Төрінен көрі жуық мына тақуа шалдың сөзі сәбидің куәлігіндей күнәсіз ғой». «Асылы, жұрттың сыры шыңыраудағы маржан сияқты. Теріп алуға ерекше көрегендік, ептілік, төзімділік керек-ақ»...

Сейтек Оразалыұлының БҚО Бөкейорда ауданының Саралжын деген жерінде 1861 жылы туғаны тарихтан да, өзіне арнап қалам тартқан академик А. Жұбановтың деректерінен де белгілі. Ақан Сейтектің сыртқы болмысын да суреттеп жазған. Ал, күйшінің өз баласы Есқайыр Сейтеков (1893-1968 жж.), ол да домбырашы болған: «Әкем моңғол тәрізді кияк көзді, шашы тіп-тік, шиіріле қайырған қара мұрты бар, нықты, кең жауырынды, ірі саусақты, домбырасын солақай тартатын адам еді, – десе, Сейтектің қасында жүріп өзінен күйлерін үйренген Смағұл Көшекбаев шәкірті:

– Сейтекең, шарт мінезді адам болатын, күй тартқанда, не отырған тыңдаушыларына, әйтпесе домбыраның пернесіне карамай, мойнын сәл ғана сол жағына бұрып, көздерін тас жұмып, тек әуенге беріліп, домбырасын күйлейтін еді. Егер осы тұста біреулер дауыстап, не болмашы сөйлесіп отырғанын байқаса, қабағын түйіп, домбыра тартуын шарт тоқтататын. Ал, күй тартқаннаына өзі риза болса: – Домбыраны тартқан

орындаушы – күйші емес, күйге түсініп тыңдай білген адам – күйші, – дейді екен.

Сейтектің арғы атасы Байшора кезінде орта шаруа адамы, өз туыстарымен хан ордасы орталық боп, қарамағындағы жұрт солай қарай қоныс аударғанда, батысында Басқұншақтай тұзды көлі бар, солтүстігінде хан жәрменкесі мен базарына жақын қоңырлық жерді таңдаған екен. Қолындағы бар малымен күн көріс жасаған Байшора ақ қоян атты бір қыста барынан айрылып, құр құрығын ұстап қалған деседі. Содан оның баласы Оразалы өзінен тараған ұрпақтарымен бір байдың жалшысы болуға мәжбүр болады. Ол – Арыстанбек байдың малын баққан. Жылқыдан екі бие қыста боранға ұшырап өлген. Сол малды Арыстанбек бай Оразалыдан өндірмек боп қарекет жасағанда, жылқышының кінәлі еместігін айғақтап он бес кедей куәгер боп келген. Сонда екі жақтың дауы алдымен ұрысқа, соны төбелеске ұласқан. Сол арпалыста Оразалының қамшысы Арыстанбектің басына тиіп кып-қызыл қан болған. Бұны көрген кедейлер сескеніп, ақырындап тарай бастайды. Ал, Арыстанбектің жақтас билері мен шабармандары жалғыз қалған Оразалыға жармасып, аяқ-қолын байлап, бір жұмаға қамап тастайды. Содан бастап Оразалы ел билеушілердің көз-қырына түседі. Келер жылы қыста Оразалы Сарыбайдың жалдап мінген бір атын қасқыр жеп, «жығылғанға жұдырық» қосылады. Сөйтіп Оразалы құсалықтан өмірден тым ерте кетеді. Ел билеген төре тұқымдары Сейтектің домбыраға әуестенгенін ұнатпайды, ал күйші болуды алдына мақсат етіп қойған Сейтек енді ел аралап алыс сапарларға шықпақшы болды.

Сейтек 1875 ж. орта шенінде Атырау өңіріндегі нағашысы Дәулетияр ауылына бара жатып халық ауы-

зында аты аңызға айналған атақты Құрманғазының хабарын естіп, Жиделі жеріне жетіп, Құрманғазы ауылына, оның туған жеріне барады.

Оны С. Көшекбаев былай суреттейді: «Ұзақ жүрістен жолсоқты боп келе жатқан Сейтек бір ауылға келгенде, үлкен тойдың үстінен шығады. Сол жерде халықты ойын-күлкіге бөлеп отырған атақты Құрманғазымен кездеседі. Оның қасында екі-үш күн бірге жүреді. Сейтектің қол алысын байқаған Құрманғазы одан болашақта үлкен күйші шығарын сезеді. Көрші ауылдағы бір байдың қызын болысқа ұзатып жатқан үстінен түседі. Тойға келген күйшілердің домбыра тартудан бас тартқанын көрген Құрманғазы қасындағы бала Сейтекке басын изеп, «тарт» деген белгі береді. Сейтек домбырасын күңіреніп жөнеледі. Домбырадан шыққан үн: – Айтыңдаршы ағайын, осы да әділдік пе? Мен шындықты жырлаймын. Он үш жасар қызды 45-тегі болысқа ұзатып отырған қатыгез әкені мақтауға бола ма? Әрине жоқ, жоқ!.. деп домбырам қақсайды, – дейді...

Өкінішке орай Құрманғазы екеуі екі-ақ күн бірге болған, себебі Құрманғазы Астархан жаққа сапар шеккен екен. Осы кездесуде Құрманғазы Сейтекке күй тартудың не бір ғажап үлгілерін көрсетеді. Сейтек Құрманғазының бірнеше күйлерін өз қолынан үйреніп қалады. Бұл кездесу екі күйшінің арасындағы тұңғыш та, ең соңғы жүздесу болады. Бұдан соң Сейтек өз нағашысы Дәулетияр ауылына бет алады.

Нағашы елінен қоржыны күй мен шежіреге толған Сейтек ауылына тайлақ мініп қайтады, бірақ күм ішінде баланы төрт аттылы бейтаныс адамдар тоқтатады. Олар Арыстанбек, Сарыбай адамдары боп шығады. Сейтекті Арыстанбек бірден танып:

– *Е, мынау баяғы Оразалының баласы ғой, әкесі өлтірген екі биенің құны үшін, астындағы тайлақты тартып алыңдар!* – деп әмір етеді. Сөйтіп бұрын әкесі Оразалыға салынған құрық енді баласы Сейтекке салынады... Осы оқиғадан кейін, ел билеген төрелер мен үстем тап өкілдеріне деген Сейтектің ыза-кегі өрши түседі. Оның ойынан бала кезіндегі естіген Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі, Сырым Датов бастаған көтеріліс, Жәңгірханға қарсы Исатай-Махамбет халық күресінің әңгімелері кетпей қойды. Ол Махамбеттің «Өкініш», «Қайран Нарын», «Жұмырқылыш» күйлері туралы ел ішіндегі талай қарттардан естіген. Сейтек Махамбетті көрмесе де, оны өзінің ұстаздай көрді. Оның үстіне Сейтек орыс шаруалары мен қазақ кедейлері арасындағы достық, туыскандық қарым-қатынасқа сүйсіне қарайды. Бала кезінде көрген байлардың озбырлығы, әсіресе нағашысы Дәулетияр ауылынан қайтар жолдағы зәбір көрсеткен Арыстанбек әрекеті Сейтектің көз алдынан кетпейді. Бір күні Сейтек сол оқиғаны есіне түсіріп:

– *Ол менің ең алғашқы билермен арпалысым еді,* – деп «Арпалыс» атты күйін тартады. Сейтектің бұл ісіне ыза болған Арыстанбек, Бақтыгерей бастаған болыс, билер оны «баукеспе ұры, бас кесер каракшы, бүлікші» деп ізіне түсіп 1880 ж. Сейтекті қапылыста ұстап, Орда түрмесіне жабады. Бұл жерде Сейтектің өнерін тындап, жоғары бағалайтын Шәрипа есімді түрме қызметкері оған тамақ, киім апарып, сыртқы жағдайды хабарлап, түрмеден босауына көмектеседі, соңынан оған арнап Сейтек «Шәрипа» атты күйін шығарады.

*«Атандым он төрт жастан – бала Сейтек,
Тореден ұл туған жоқ мендей тентек!
Жамандап жала жапқан правитель, –
деп жүр ғой, елді бұзған – ұры, тентек», –*

деп Орда түрмесінен қашып шыққан Сейтек үйге сокпай, Нарын құмында ел аралап жүре береді. Артынан ауылға келгенде оның хабарын естіп, бұрынғы қарсыластары 15 адам ертіп Сейтектің үйін қоршайды. Бұны көрген Сейтек қолына қару алып топты жарып, ақтабан торымен қоршауды бұзып, қашып құтылады. Осы кеткеннен тіке Жанатауға (Енотоевка) барып жолдасы Ботаның үйінде аялдайды.

*«Қолыма домбыра атсам мен не дейін,
Шыбын жан қиналмайды-ау, соған шейін.
Сыпыртып ақ торымен жөнелгенде,
Серпіліп дұшпан қалды-ау менен кейін», –*

деп баяу үнмен әндетіп, правительдермен бетпе-бет келгенде ұстауға батпағанын келеке етіпті Сейтек. Көптен кездеспеген жолдасымен әңгімелесіп отырған Сейтек:

– Егер бұлар мені кездейсоқ жерде қақпанға түсірсе, осы торы атым саған аманат, – деп Ботаға тапсырып, аулаға шығып торының қасына келеді. Сыптай жарап тұрған атына көзі түсіп: «Шіркін, жануарым, сен ат емессің, ұиқыр құссың ғой» – деп, сол жерде киіз қаптан домбырасын шығарып, торының шабысын қос ішектің сиқырлы үнімен суреттей жөнеледі. Сүйтіп Сейтектің тартқан, «Торы ат» күйі осы Ботаның үйінде дүниеге келіпті...

Сейтек Бота үйінен кеткен соң, қуғыншылар кеп Сейтекті сұрайды. Бота оларға шынын айтпаған соң, ыза болғандар: «онда оның орнына өзін барасың», – деп Ботаны түрмеге айдайды. Ал, Сейтек бұл сапарынан бір айдан соң оралса, Бота үйінен болған жайды есітіп,

торы атын қалдырып, өзі Ботаны босату үшін Ордаға қайтып барады. Осы жәйді білетін Сейтектің шәкірті Аққали күйші:

– Сейтектің Ордаға келгенін естіген правитель, оны ұстауға полицей жібереді. Сейтек бір танысының үйінде тамақтанып отырады. Екі полицей кіріп келгенде:

– Тоқтаңдар! Мен ауқаттанып алайын, оған шейін біреуің барып түрме есігін аша беріңдер. Бірақ, жаттар жерім жылы болсын. Енді мені қашады екен деп ойламаңдар, қайта анау мен үшін жатқан адамдарды тезірек босатыңдар, мен солардың орнына барамын, – деп полицейді мазақ етеді. Енді Сейтекке тағылған жала көбейіп, оны 1882 ж. Үркітке үш жылға жер аударады. Түрмеде жатып Сейтек елін, туған жерін, әсіресе Шонай көлінің суын сағынып:

*«Арқаның атып алдым ақша қуын,
Сағындым өз елімнің қара суын.
Осындай каземетте жатқан кезде,
Бір торсық ішер ме еді Шонай суын», –*

деп толғанады.

Сейтек бұл жерде де көп тұрақтамай, бір жылдан кейін қашып шығып, бурят-моңғол жеріне келеді. Церен атты бурят азаматымен танысып, біраз уақыт жылқы бағып, содан еліне ат мініп қайтады. Атқа көңілі толып «Ортпа» атты күйін тербейді. Сейтек Үркіттен келгенде, өзі аманатқа қалдырған торы атын Ботанын мәпелеп баққанын көріп қатты разы болады. Бота мен әйеліне арнап «Жантаза» күйін шығарады. «Бас-аяғы жинақы, шымыр, ойнақы, көңілді күй», – деп жазды А. Жұбанов.

1883 ж. жазда Сейтек еліне оралып, тыныш өмір сүре бастайды. Енді оның жанына жаңа шәкірттер

топтасады, олар күй тартып үйренеді. Сол кезде Сейтек Шонай көлінің жанында бар өмірін байдың малын бағумен өткізген Жүніс деген азаматтың Зәбира деген қызымен танысып, оның ақылына сай, зеректігіне ел көзі жеткен бойжеткенмен сөз байласып күзге қарай бас қосуға уәделеседі. Бірақ бұл хабар правительге де жетеді. Ол Жүністі шақыртып, мәселені турасынан қояды. «Қызыңды маған бер, менен керегінше мал, алтындай құнды заттар ал», – деген.

Бұл кезде Сейтек қасында Сахамаң атты досы бар Астрахан губерниясында Қараөзек уезінде жер аралап жүрген. Сол өңірде мекен еткен Каспий теңізінің шығыс бетінен көшіп келген біраз түркімен ауылдарына барып, олардың атақты дутаршысы Кәріммен танысып біраз түркімен күйлерін үйренеді...

Бұдан кейін Сейтек біраз уақыт Қалмақ қыры елін аралап, қайтар жолда өзінің уәделескен Зәбира қыздың әкесін зорлықпен көндіріп, ұзатылу тойының үстінен шығып, өз қалыңдығын ұрлап, бұлар біраз уақыт жоқ болады. Тек араға жеті жыл салып, «мен туралы сөз басылған болар, енді ауылға барайын», – деп 1894 ж. март айында үйіне келеді. Ағайындар құшақ жайып қарсы алады. Ел аралап жүрген Сейтек, бірде Орда қаласындағы жекжаты Мұхамбеткерейдің әйелі Ұрзаданың үйіне барған. Осыны тыңшылар біліп Уақытша Советке хабарлайды. Ұрзада жеңгесіне әңгімесін айтып, күйін тартып отырған Сейтекті аттылар үй сыртынан қоршайды. Келгендерді көрген Сейтек, үйден шығып, атына мініп, шарбақтың қосымша сігінен ұмтыла қашады, бірақ осы жерде ол ұсталып, оны Ордадағы ставка түрмесіне қамайды, содан 1894 ж. августе Москва Бутырки түрмесіне айдайды. Сейтек

түрмеге кетер алдында туған халқына, еліне, сүйгені Зәбираға арнап «Түңілдім» күйін шығарады. 1894 ж. жауынды қыркүйек айында тұтқындағыларға «өте қауіптілер» деген үкім тағылып, Сахалин аралына жер аударлады. Оларды Одесса арқылы кемемен жөнелтеді. Олар қақаған қыс айында Сахалинге жетеді. Кеуделерін ыза мен кек кеулеген 9 адам, ішінде Сейтек те бар, мына жерден қашудың жоспарын ойластырады. Олар түн қараңғысын пайдаланып, жағадағы желкенді кемеге мініп біраз ұзайды. Бірақ қатты дауыл тұрып, кеме аударылып, ыққан бөренеге бірі орыс, бірі казак Сейтек жармасып ілгері жылжиды. Ертеңісін оларды шекара күзетінде тұрған орыс соғыс кемесінің адамдары көріп, құтқарып алады. Бір жеті екеуін тұтқында ұстап, артынша оларды аралдағы қашқан жерге әкеп тапсырады. «Осыдан құтылар күн болар ма екен?» деп Сейтек қарағайдан ойып, домбыра жасап енді бар арман, тілегі мен қайғысын домбыраға мұңын шағады. Өмірге осылайша «Айдау» күйі келеді.

Кейінірек күтпеген жерден орыс-жапон соғысы басталып, енді патша әкімшілігі тұтқындарға:

– Кімде-кім мына басқыншыларға, жапондықтарға қарсы шыкса, сол адамдарға кешірімділік болады, – деп жариялайды.

Сонда Сейтек қасындағы жолдастарына: «Бұлардың босатамыз дегеніне сенбейміз. Бірақ жаудың аты жау. Халқымыз бен жерімізді сыртқы жауға қолдан беруге болмайды, соғысқа шығайық», – дейді.

Сөйтіп жауға қарсы тұтқындар да соғысады. Бірақ кешікпей Сейтек қолынан жарақаттанып, жолдастары көмек жасап жатқанда тұтқынға түсіп қалады.

Бұлар тек 1905 жылы соғыс аяқталғанда орыс тұтқындары ретінде Ресейге қайтарылады. Олардың

ішінде Сейтек те бар. Оған Амур өлкелік генерал-губернаторының 1905 ж. 9 августе қол қойылып берілген куәлігі айғақ, Сейтек оны Хабаровскіде болған кезде алады. Ол қазір Алматыда Мемлекеттік архивте сақталған (Ф-78, оп 2 д №3712, л.2).

Осылайша он жылға созылған айдаудан келген Сейтекті елдегі аштық пен жалаңаштық қарсы алды. Ұсталып кетердегі 3 жастағы баласы Ғазиз Сейтек келерден бір жеті бұрын аттан құлап опат болыпты. Сүйікті анасы Бәтиманы да көре алмай қалған Сейтек енді қатты қапаланады. Қолына домбырасын алған Сейтек «Ғазиз» атты күйін тартады. Көп кешікпей Сейтек «Арман» атты күйін де шығарады. Күйдің мазмұны халықты еркіндік пен бостандыққа шақырады. Әсіресе, күйшінің қолдары домбыраның ортаңғы және саға бөлімдеріне қарай барғанда шығатын ашы дыбыстардан, адамның ашу-кегі, ашынған ызғарлы үні естіледі.

Сондағы Сейтектің тартқаны «Заман-ай» күйі болатын... Енді Сейтектің жанына шәкірттері жинала бастайды, күйшінің ендігі өмірі ел арасында өтеді. Сейтектің көптен күткен арманы – 1917 жыл – азат жылы келді. Ғасырлар бойы үстем тап езгісінде, бұғауында шырмалған еңбекші, бұхара халық қуанышына ортақтасып, көңілі тасыған Сейтек қара домбырасын қайта сөйлетеді, мәнері жаңа бағытша, сәулетті өмірдің шаттығын жырлайды.

1918 ж. Орданың Шонай ауылында Совет құрылады, Сейтек кедейлер комитетінің бір мүшесі боп сайланады, 1918-1919 жж ел арасында бандылар топтарын құртуда Сейтек те елеулі еңбектер сіңіреді. Сейтек енді елдімекендерді аралап қазақтың I үлгілі атты іскері қатарына қазақ жастарын тартуға өз үлесін қосады. Ол осы атты әскери полкке арнап өзінің «Марш» күйін шығарады,

«Сексен ер» күйлерін арнайды, кейінірек «Еркіндік» күйін шығарады.

Осылай ел ішінде, еркіндікте, күй тартып халық арасында жүрген Сейтекке бірде Губкомнан шақырту келеді. *«Сізді жаңа сапарыңызбен құттықтаймыз. Сіз Москваға көрмеге өз өнеріңізді көрсетесіз. Мынау жолдама! Сапарыңыз сәтті болсын!»*, – дейді.

Сейтек үлкен қуанышпен жолға дайындалады. Москваға барады. Осы жолы Қазақстаннан Қанзия атты әнші де болады. Екеуінің салған әндері мен тартқан күйлеріне Москва жұртшылығы таң қалады. Сейтектің бұл сапары туралы А. Затаевич: *«Сейтек Оразалыұлы – Бөкей елінің қарт домбырашысы, Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Қазақ павилонында өте разы болды»*, – деп жазады...

1927 жылы – Совет үкімі құрылғанына 10 жыл. Ордада үлкен жиналыс өткізіледі. Бұған Сейтек қатысып, мерекеге арнап «Тойбастар» деген күйін шығарады...

Сол жылы күзде Сейтектің кіші ұлы Есқайыр Сейтеков көрші Астраханның Краснояр (Қызылжар) ауданына дәрігерлік жұмысқа орналасып әкесі Сейтек пен шешесі Забираны сонда көшіріп әкетеді. Өкініштісі 1931 ж. осы жерде Сейтектің үлкен ұлы Қайырлы қайтыс болады да, оның Батырқайыр, Мұхаметқали, Уәсила деген үш баласы Сейтек қолында қалады.

Осы жылдың күзінде Есқайыр Красноярдан Қарабайлы ауданының Ақтөбе ауылына дәрігерлік жұмысқа ауысқанда, Сейтек Қайырлының балаларын Қаракөлдегі нағашыларына алып кетеді. Қайырлының кіші ұлы Мұхаметқали да домбырашы болған, Қаракөлде Сейтек немерелерінің қасында бір жыл болып, 1933 жылы қасына Мұхаметқалиді ертіп ел

аралап домбыра тартуға шығады. Бұл өзі нағыз ашаршылық жылдары болатын. Осы сапарында олар Басқұншақта тұратын жиені Досмұхаметов Мәжит үйіне келіп, таң атқанша немересімен алма-кезек домбыра тартып, тыңдаушыларын дән риза етеді. Содан кейін Басқұншақтан қайтып Мұхаметқалиді Қаракөлдегі нағашыларына тапсырып, Ақтөбе ауылына қайтады.

Арада бір жеті жүріп үйге келгенде, жұбайы Зәбираның қайтыс болғанын естіп, өте қапаланады. Ұзақ жол еңсесін басып, буынын әлсіреткен малеря (безгек) ауруы асқына түсіп, Сейтек 1933 ж. 20 июльде сол Ақтөбеде қайтыс болады. Сонда жерленеді.

1977 ж. 10 майда Астрахан облысы Қарабайлы аудандық комитеті мен еңбекші депутаттарының аудандық Советі қаулысы бойынша Сейтек Оразалыұлының зиратына темірден қорған орнатады...

*«Қазақ әдебиеті» газеті,
23.09.2011*



ДИНА НҮРПЕЙІСОВА АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

«... 1942 жыл. Ақпан айы. Менің Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында Черкас балалар үйінде директор болып жұмыс атқарып жүрген кезім. Алматыдан кенет жеделхат алдым «Дина Нұрпейісова Москва пойызымен сізге барады, мен сол кісіні апарамын. Бізді Шақпақ стансасында қарсы алыңыз... Әдина», – деп қол қойған. Әдина – менің Алматыда тұратын қарындасым.

Ат шанамен станцияға шықтым. Пойыз уақтылы келді. Вагоннан Дина шешемізді екі дам екі жағынан қолтықтап түсірді, мен де алдына барып қол алыстым. Күн суық, қар жауып, жел тұрып, боран соғып тұрған. Жел толастап, боран басылғанша, аялдауға жолай бір үйге тоқтадық. Үй иесі шын ниетімен қарсы алды. Шайын берді. Дина шешеміз ашылып сөз йтқан жоқ. Бізде де көп сөз болмады. Шай ішіле бастады. Бір кезде Дина шешеміз үй иесіне қарап: – Сен, шырағым, қазақсың ба? – дегені. Үй иесі сасып қап: Қазақтың, – деді.

– Ана қазандағы ағарған сүт сияқты көрінеді, сонда сүт бола тұрып, бізге шайды сүтсіз бергеніне қарап, сені қазақ болмас деген ой келіп отырғаны, – деді шешеміз. Үй иесі: – Ойбай, шеше, кешіріңіз. Шайды сүтсіз ішу біздің сараңдығымыз емес, әдетіміз. Бізде шайды сүтсіз ішеді. Кешіре көріңіз, – деді. Әйеліне қарап:

– Сүт әкел, қаймағымен болсын...

– Е, кешірмей не қылам. Қазақ халқы ежелден сүтпен күн көрген. Қандай жағдайда болса да қазақтығымызды сақтауға тырысайық, – дегенім ғой.

Әрине, сүт ішпейтін қазақ жоқ. Сүтті шайға қатып ішетін, қатпай ішетін қазақ бары рас. Бірақ қазақ болу-болмаудың одан көрінбесі де анық. Әлгі үйдің иесі сыпайылық жасап, сөз таластырмады. Шай аяқталды, ауқатқа қарамадық. Боран басылғандай болды. Біз жүріп кеттік.

Үйге келіп жайғасқаннан кейін Дина шешеміз сөз бастады:

– Мұнан бұрын ғой мен сені көргенім жоқ, мені сен де көрген жоқсың. Бірақ та бірімізді біріміз сырттай білеміз. Біздер туыс адамдармыз. Саған мен оны түсіндірейін. Сенің Қалия деген әжең бар, Әмірхан атаңның кемпірі. Сол Қалия менің ерімнің туған қарындасы (Қалия – Нұрпейістің туған қарындасы – Л.Қ.).

Мен: – Түсіндім. Сіз маған нағашы әже боласыз, – дедім.

Әжем әңгімесін жалғастырып:

– Алматыға бірінші келуімде домбырашылардың республикалық байқауына қатыстым. Бірінші орындаған күйім «Бұлбұл» болды. Әлім келгенше ұстазым Құрманғазының өсиетін жүзеге асыруға тырыстым. Бұлбұл құс бау-бақшада еркін жүрсе жақсы сайрайды. Егер торда ұстаса, сайрамайды. «Бұлбұл» күйін орындағанда бостандықта сайраған бұлбұл сазын келтіруге тырыстым. Тыңдаушылардың залды жаңғырта қол шапалақтауына карағанда, жаман орындамаған болармын деп ойладым, – деген сол жолғы әңгімесінде.

Дина шешеміз домбыра үйренуді қалай бастағаны, кімнен үйренгендігі жөнінде тағы былай дейтін:

– Ұстазым – Сағырбайұлы Құрманғазы. Ол кісі менің әкем Кенжемен дос еді. Әкем елде қадірлі болатын. Зор денелі, қарулы, жиын-тойларда күреске

қатынасатын. Сондықтан оны халық палуан Кенже деп атайтын. Құрманғазы біздің үйге келіп тұратын. Домбыра тартатын, орындаған күйлеріне халық сондайлық разы. Ауыл адамдары ықыласпен тыңдайтындықтан, мен де Құрекең күйлерін зейін салып тыңдап, домбырашы болуға бала күнімнен әуестендім. Осыны сезген Құрманғазы мені үйрете бастады. Домбырашылық қабілетімді сезді. Домбыра тартуды тастамай, оны жалғастыра беруді өсиет етіп айтатын.

Ақбай деген шонжар бай қартайған кезінде ел басқаруды баласы Әубәкірге тапсырады. Әубәкір шенқұмар, күншіл, ел арасында өзінен басқаның артық болуын көре алмайтын адам екен. Ал, Құрманғазы халыққа беделді, оның адамгершілік қасиеті, ақылы халықты өзіне тартатын, күйлерін бүкіл бұқара ұйып тыңдайтын. Құрманғазының мұншама беделді болғанын көре алмаған Әубәкір патша үкіметінің уездік, губерниелік әкімдеріне: «Құрманғазы патша үкіметіне қарсы халық арасында үгіт таратып жүр», — деп арыз берген.

Шағым бойынша Құрманғазыны тұтқынға алуға жарлық беріледі, әскери адамдар жіберіледі. Бұлар Құрманғазыны Кенженің үйінен тауып, қолаяғына кісен салып, Теке — Орал қаласына алып кетпек болған кезінде Кенжеге: — Саған айтар тілегім, менің жағдайым жөнінде ауылға хабар айт, анау менің домбырамды Динаға бер. Көзімдей көрсін, халқымыздың шебер домбырашыларының күйлерін тартып, елге таратсын. Бұл менің Динаға тапсырған аманатым, — дейді Құрекең. Бірақ, айдауыл басшысы домбыраны иесінің өзімен бірге әкетеміз деп Құрманғазының тілегін орындатпады. Домбырасын маған бергізбеді.

Мұнан бірнеше жыл өткен соң, тұтқыннан босаған Құрманғазы менің ұзату тойыма келді. Бұрын-соңды қазақтың салт-әдетінде бола бермейтін бір жағдай сонда өткенді. Құдалар отырған үйге мені шақыртып алып:

– Мынау Дина – Кенженің қызы, менің шәкіртім, сіздердің келіндеріңіз. Дина қазақ әйел затынан шыққан асқан домбырашы. Мен Динаның өз тойында өзіне домбыра тартқызайын деп, шақыртып алып отырмын. Құдалар, сіздер, бізді сөкпеңдер. Сіздерге айтамын тағы бір тілегім, Динаның домбыра тартуына тыйым салмаңыздар. Халқымыздың ежелден келе жатқан мәдени мұрасы – домбырасы мен күйлері. Ол мұраны ұрпақтарымызға таратуды, Дина, саған тапсырып, өз домбырамды саған сыйға ұсынамын, – деп домбырасын маған берді.

Мен орнымнан тұрып, иліп, рахмет айтып, домбыраны алдым, тарт деген күйлерін ұяла отырып орындадым. Бұл маған қалдырған ұстазым Құрманғазының өсиеті. Қазір Алматыда жастарға Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Сейтектің күйлерін үйреткен болып жүрмін.

Дина әжеміз көп сөзді емес-ті. Пыш-пыш өсекті өзі де айтпайтын, біреулер айтса тыңдамайтын да. Жарық дүниеден кеткенше халықтың әдет-ғұрыптарын қатты сақтады. Қазақ әйелдері киетін камзол, көйлек, жаулық өзімен бірге кетті. Нағашы әжеміз біз Түлкібас ауданының орталығы Ванновкада тұрғанымызда жаз уақытында екі рет келіп, он бес-жиырма күндей жатып, демалып қайтатын. Бірде аудандық атқару комитетінің төрағасы Мақамбет Құлымбетов Динаны ел аралатып, домбыра тартқызды. Екінші рет келгенде сол ауданды аралап жүрген дүлдүл ақын Иса Байзақов шешемізге сәлем берем деп біздің үйге соқты. Бірі домбыра шертіп, екіншісі өлең айтып, керемет концерт берді, оған көп

халық жиналды. Алматыда кездескенімде, жақында елге барып қайтқанымды айтқанымда, Дина шешеміз маған:

– Сен елге барғанда Сайфеденде, Жұрынбайда боласын. Жұрынбайдың баласы Тілекті маған әкеліп бер, менің қолымда оқысын, – деп тапсырма берді.

Ол тапсырмасын орындадым. Өкінішке орай, келгеннен кейін екінші жазда Тілек балалармен бірге Медеу жолындағы көпірдің жанында кішкене көлшікте шомылып жүріп, суға кетіп каза болды. Сонда шешеміздің қайғысына қайысып көп ел жиналған еді. Үкімет тарапынан көңіл айтушыларды Ілияс Омаров бастап келді. Әжеміз қағты қайғырды. Бірақ, көзіне жас алмады. Қолына домбырасын ұстап, бірнеше зарлы күйлер тартты. Осы қайғылы уақиға – сүйікті немересінің кенеттен өліп кеткені шешемізге өте ауыр тиді. Жасы тоқсаннан асқан шағында немересінің «көзінен ұшып» кеткеніне егілді. Оған ауру қосылды. Ауырып жатқанын естіп Алматыға келдім. Үйіне барсам нағашы шешеміз жоғарғы бөлмедегі масахана ішінде жатыр екен. Кіріп сәлем бердім. Маған қарады, бірақ танымады.

– Мен Сиражбын ғой, – дегенімде қолын созып, қолымды ерініне апарып сүйді де: Халім нашар, – деді.

Масахана ішіне домбырасын алғызып: – Мені көтеріп отырғыз, – деді. Төсегінде отырып, домбырасын шертіп көрді, бірақ саусақтары ырыққа келе қоймады. Нағашы шешемді бұл ең соңғы көруім еді. Әжемнің бал бармағынан төгілген күйлері құлағымда. Ел анасы, күй тәңірісі Динаның көзін көріп, өнеріне куә болғанымды мақтаныш етемін».

С. ӘМІРХАНОВ,

«Парасат» журналы, №3, 1993 ж., 11-13-бб.

ДИНА ШЕШЕМ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

Күй тартудан күміс саусақ Дина шешеме, туыстық жағынан жиен боп келем. Әжем Қалия (Әмірхан атамның кемпірі) – Дина шешемнің күйеуі Нұрпейістің туған қарындасы, яғни шешемнің қайын сіңлісі екен. Туысқандықпен қатар, біз Дина шешеммен, ол кісінің баласы Жұрынбай нағашымның отбасымен Ресейдің Астархан облысы Марфин ауданына қарасты Ақсарай (Азау) қырында көп жылдар көрші тұрдық. Біздің қоныстанған жеріміз – Ресейдің Қазақстанмен шекарасында, қазіргі Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданы, Қошалакқа жақын орналасқан еді.

Әкем – Әмірханов Сайфетден Ермекұлы Ақсарайда бастауыш мектеп ашып, сол жылдары әрі мектеп басшысы, әрі мұғалімі болды. Ол мектепте Сталин колхозы жұмысшыларының балалары күндіз оқыса, ересектер кешке хат таныпты.

Жұрынбай нағашым мен Қайша шешемнің Қожакмет, Ақжан, Тілекқабыл, Балжан атты балалары болды. Қожакмет ағамыз Ұлы Отан соғысынан оралмады. Ол кісінің Нағимаш есімді әйелі (қазір Володар ауданының Бозтөбе ауылында тұрады) Кіші жүздің Қызылқұрт руынан, бізге өте жақын Рақым атты ағамыздың қызы. Олардың Гүлжиян деген қызы соғыстың алдында дүниеге келген. Ақтөбеде тұрды, балалы-шағалы болды, жақында дүниеден озды.

Дина шешем Жұрынбай нағашым қайтыс болған соң арғында қалған отбасын Астраханнан Алматыға

көшіріп алған. Ал, Гүлжиян шөбересі балаларға арналған хабарды жүргізген, ол кісі батыстың халық әндерін орындағанда, қасында бұлбұл сайрап тұрғандай сезінетінсің.

Астрахан өңірінің қазақтары шешемнің Алматыға кеткенін естігенде тілегін тілеумен болды. 75 жасында Москвада Кремль сарайының төрінде Қазақ КСР-ының декадасында шешемнің қасқайып отырып күй тартқаны және үлкен атақ-абыройға ие болғаны жөнінде (ол кезде теледидар атымен жоқ) радиодан естіп, Еділ бойы қазақтарының қуаныштары қойындарына сыймай жатты.

Дина шешемнің Ақжан атты немересі кішкентай кезінен талантты, сөзге шешен, ауыл жастары жиналғанда неше түрлі ойын ұйымдастырып, өз ортасының ұйтқысы болған. Ақжан апам суырып салма ақын еді. Республикалық айтыстарда жүлделі орындарға ие болды. Тума-туыс, дос-жаранның тойлары апамызсыз өтпейтін. Өте жағымды колоратурды сопрано дауысымен ән шырқағанда елді бір тамсандыратын. Апамның орындауындағы біраз әнді үлкен ұлы Төлеген мен келіні Айгүлден туған немересі Әсел кезінде жазып алған. Ал, осы Әселдің түрі Дина шешеме ұксаған, бойында шешемнен жеткен дарыны бар. Шешемнің мен білетін ұрпақтарының ішінде шөбересі Төлеген мен шөпшегі Абай (Саматтың баласы) домбыраны жақсы тартады.

Ақжан апам менің әкемді Ақкөке, аланам Мұһминәні Минапа дейді екен. Соғыстың алдындағы жылдар. Ол кезде қырлық жерде мәшине деген атымен жоқ, мектепке балалар атпен, не түйемен қатынап оқитын. Сонда бірде бізге қона жатып, бірде анамды Ақкөкемнен сұрап алып, өздеріне алып кетеді екен. Ал, әкеміз ішке (өзен

бойында орналасқан Марфин аудандық оқу бөліміне) есеп беруге кеткенде үйде бастанғы жасап, мәз болысады екен. Сол күндерді анамыз да, Ақжан апам да еске алып айтып отырушы еді, әкем оқып бітірген бастауыш мектепті апам: «қазіргі институттан кем емес», – дейтін.

Ақжан апамның сөз саптаулары ерекше. Тіл маманы болмаса да шығарған өлеңдері қазақ тілінің небір жақұттарымен ерекшеленеді. Ақжан апам Ақтөбенің жігіті Шаңғытбай жездеме тұрмысқа шығып, үйлі-баранды, үлкен беделге ие болды. Апам жыл сайын Алматыға кеп тұратын. Ол кісінің астанаға келуі барлық тума-туыс үшін үлкен мереке еді. Алматыда Дина шешемнің Мұрат деген баласы қазіргі Сүйінбай көшесінде тұрды. Айтайын дегенім, Ақжан апам 1970 жылы Алматыға келгенде Мұрат нағашымның үйінде барлық туыскандардың басын қосты. Ақжан апам ұйымдастырған сол жиында болашақ жарыммен танысып, соңынан отау тіктік. Мұрат нағашымның батасы қабыл болып, өмірге Баян, Азамат, Асқар атты балаларымыз келді. Нағашымның түрі де Дина шешеме қатты ұқсайтын, басына кимешек кигізіп, жаулық тартқызса, бейне шешем боп шыға келер еді. Ал, өзімнің Кіші жүздің ішінде Он екі ата Байұлынан тарайтын Құрманғазы атам шыққан Қызылқұрт руынан екенімді мақтанышпен айтқым келеді. Кішкентайымда әкемнің алдында отырып, домбыра тартуды үйрендім. Қазір Құрманғазының, Динаның күйлерін тартып, домбыраға қосылып ән айтатыным да бар. Отыз жылдан аса оқу, білім беру саласында жұмыс істедім. Ғаллам атты ағам шешемнің көзін көрген, күйлерін асқан шеберлікпен орындайтын. Інім Мүбәрәк күйді сүйсіне тартады. Өзімнің аздап өлең жазуға да бейімділігім бар.

Осыған орай былтыр қыркүйек айында елге барып қайтқанымды айтқым келіп отыр. Еліміз – туып-өскен Еділ бойы. Астархань облысы, Володар ауданының Козлово деген жерінде 1957 жылы әкем жерленген. Інім Мүбәрәк, сіңлім Маржан үшеуіміз барып, әкеміз Сайфетдинге құлпытас орнаттық. Күй атасы Құрманғазының мавзолейінде болып, Құран бағыштадық, музейін араладық. Теңіз порты Астархань қаласының қақ төрінде ат үстінде домбырасын тартып отырған атамның ескерткішін көру, оның алдында суретке түсу мен үшін бір қайталанбас оқиға болды...

Дина шешемнің туып-өскен жері жөнінде қазір түрлі әңгімелер айтылып жүр. Біреулер Астархань облысында дүниеге келген екен дейді. Шын мәнінде шешемнің шыққан тегі де, тұрмысқа шыққан жері де Батыс Қазақстан облысында. Әкем де, Дина шешемнің отбасы да Астархань жеріне өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында қоныс аударған. Бұл жөнінде анамыз айтып отырушы еді. Әкемнің мына бір өлеңдері есіме түседі:

*Ен Нарын, Бөкейлікте өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Ат мініп, ит жүгіртіп, дәурен кешіп,
Өмірдің өткіздік қой жастық кезін.
Қалайша бүгін сені ұмыттайын,
Артымда жатқан байтақ, қайран елім.*

Осы сөздердің өзінен ата-бабаларымыздың ата қонысы Орал өңірі екені айдан анық. Ал, кейбіреулер Құрманғазы атамның Астархань облысында тұрғанын, сонда жерленгенін тілге тиек етеді. Ол – рас. Күй атасының ол жерге қоныс аудару себебі – патша үкіметінің озбыр саясаты. Ол кісі шешем Еділ бойына көшпестен бұрын, 1896 жылы дүниеге салған,

сондықтан ол жақта олар кездеспеген. Дүниеге мың жылда бір келетін ұлы тұлға Дина әжеме арналған шаралар неғұрлым көп ұйымдастырылса, соғұрлым нұр үстіне нұр. Және тек 150 жылдығымен шектелмей, шешемнің күй анасы екенін жас ұрпаққа дұрыс насихаттасақ, әжемізге қойған мәңгілік ескерткіш болар еді деймін. Астанада, Алматыда Құрманғазы мен Дина шешеме қатар ескерткіш орнатуды Мәдениет министрлігі ұсынып, Үкімет қолдайды деген сенімдемін.

Б. ӘМІРХАНОВА,

ҚР білім беру ісінің үздігі.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 18.11.2011.



ҚАЙРАН ШЕШЕМ

«Домбыраның Жамбылы» атанған Дина әжем туралы арнайы жазылған шығармалар жеткілікті. Соның ішінде С. Бакбергеновтың «Қайран шешем» атты романы бір төбе. Очерктер мен мақалалар да көп жазылды. Қазақ елінің музыка мәдениеті тарихында мәңгі ұмытылмастай болып қалған атақты күйшінің қайтыс болғанына да жарты ғасырдан асып барады. Шешемнің «Ұнғыш ұлынан, дәлірек айтсам, Жұрынбайдан қалған кенже ұрпағы ретінде бір үйде қосыла өткізген қимас жылдардан есте қалғандарымды кейінгі ұрпаққа естелік етіп айтып кеткім келеді. Жазушы А. Сейдімбек өзінің «Күй кітабы» деген еңбегінде Дина шешеміздің өмірбаяны туралы жаңсақ пікір келтіреді. Бәлкім, жазушыға дерек берушілер қателескен болар. Ақселеу аталған кітабында былай дейді: «Дина 1880 жылы Беріш ішіндегі Бесқасқа руынан шыққан Тұрманұлы Қанасқа тұрмысқа шығады. Олардан Нұрпейіс атты бір ұл туған. Алайда, Қанас көп кешікпей қайтыс болады. Дина ата салтымен қайын інісі Шәпекке қосылады.

Кейін ел ішінде бір тізім алу науқаны басталғанда Дина фамилиясының орнына қайтыс болған Нұрпейістің есімін атаған. Міне, Динаның Нұрпейіс келіні атауының сыры осында. (А. Сейдімбек, «Күй кітабы», 248-бет.)

Жұрынбайдан қалған жалғыз тірі көз ретінде тарихтан тартып куәлік бере сөйлейін. Шешеміз 18-19 жастың шамасында біздің атамыз Мақат баласы

Нұрпейіске тұрмысқа шыққан. «Төре Кенже деген кісінің 3 қызы, соның кішісі едім, еркелеу өскесін кәрі қыз болып отырып қалыппын», – деп сырын айтатын. Нұрпейіс жастай қайтыс болған шығар, одан Жамал, Қайырлы, Жұрынбай қалыпты. Жастай жесір қалған шешемді одан кейін Нұрпейістің інісі Нұралыға атастырған. Шешеміз көп балалы ана болып, оның сегізі ұл, бесеуі қыз болған екен, бірақ көбі ерте өмірден озған. Шешемнің төрт ұлы Отан соғысына аттанып, оның екеуі оралмай қалды. Біздің әкеміз Жұрынбай соғыстан жаралы оралып, келер жылы наурыз айында қайтыс болды. Ол кезде біз Астрахан облысы, Азау селосында тұратынбыз, әкеміз сонда жерленді. Сол жылы тамыз айының аяғында бізге Алматыдан шешемнің кенже ұлы Мұрат көкеміз келіп, бізді көшіріп Алматыға алып келді. Сол күннен бастап анамыз Қайша, Ағжан, Балжан, Гүлжан болып, Мұрат көкеміздің қамқорында, шешеміздің ұрпағы ретінде бәріміз бір үйде тұрдық. Дина шешем біздерді еркелетіп өсірді. Ағжанды – «бұл тек Ағжан емес, Ақас қой – бұл ақылдың кені ғой», – деп отыратын. Мені «Бәжөю», Гүлжанды «Бөртпеш» деп ісікеп сүйетін.

Біздер Алматының Калинин көшесінің 47-үйінде, Пролетар көшесімен қиылысатын бұрышында тұрдық. Сол көшедегі Қазақ орта мектебін бітірдік. Есейіп ержеткенде білеміз, өнер дегеннің өзі, асылында, көпшілікке тартатын, қалың қостаушысы бар думанды орта ғой. Тоғыз жасынан бастап домбыра ұстаған, Кенженің үйіне ауыл адамдарын жинаған шешем ел аралап, қыдырып жүріп те өнер көрсеткен. Сол адамдар ортасында болу қасиеті қартайған кезінде де қалған жоқ. Біз Алматыдағы үйде де шешеммен бірге тұрдық. Әдетте, шешем домбырасын таңертең шайдан кейін тартатын.

Жолдас-жоралары келсе, әбден құмардан шыққанша жаттығатын. Құрманғазының, Дәулеткерейдің шығармаларын нақышына келтіре, бірнеше қайталап тартып шығатын. Ал, үлкен концерт болатын күндері алдын ала қамданып, болар шақты тағатсыздана күтіп, қашан көпшіліктің алдына шыққанша асығатын. Шамамен концертке бір сағат қалғанда өз бөлмесінде тұрған үлкен айнасының алдына барып, ортасынан қақ айырылған қысқа бурыл шашын әсемдеп тарап, ақ жаулығын әлденеше рет орап, қинала әзірленетін. «Шеше, біз көмектесейік» – десек, рұқсат етпейді, себебі өзінің ораған жаулығынан басқаны ұнатпайтын. Егер өзіне ұнамай қалса қайта шешіп, қайта орайтын. Өмірімізде ес білгеннен кейін ол кісінің екі-үш рет жұрт алдына шығып өнер көрсеткенінің куәсі болдық. Ұмытпасам, 1951-52 жылдар арасы «Ақас-Ағжан, концертке Бәжөк пен Бөртпешті ала жүр, әжесінің өнерін көппен бірге бұлар да тамашаласын», – деді шешем.

Абай атындағы опера және балет театры халыққа лық толыпты, ине шаншар жер жоқ десе болғандай. Жүргізуші: «Қазақ ССР-ның искусствосына еңбек сіңірген Дина Нұрпейісова шығады», – деп дауыстап хабарлады. Көрермендер сатырлата қол соғып, жылы қарсы алды. Театрдың кең төріне жайылған жасыл кілемнің үстіне келіп отырды да, домбырасының қос ішегін даңғырлата қағып-қағып жіберді. Құрманғазының «Қайран шешем» күйінен бастаған бұл концерттің бір бөлімін түгелдей өзі алып, бірнеше күйлер орындады. Бұл кезде жарқырап, қошеметтеп қол соққан сайын бейне бір шабытына шабыт қосылғандай қызына түскендік қалып байқатты. Тағы да қазақ композиторларының бірнеше күйлерін тартты.

Көзінің тірісінде шешемнің айтқан мынадай бір сөзі есімде. «Сахнаға шығып, бір-екі күй тартқаннан соң ақ өзімді-өзім ұмытамын. Бусанып тер шығады, арқам кеңіп, саусақтарым шапқан аттың аяқтарындай жазылып кетеді» – дейтін еді. Шешем, немере тәтті бола ма, немесе соғысқа кетіп жоқ болған балаларын есіне ала ма, білмеймін, біздерді қатты еркелетті. Ертеңгісін шай ішіп болған соң, біздерді қасына шақырып алып, құшақтап, сүйіп, әртүрлі әзіл сөздер айтып күлдіріп отыратын. Ән, күй тартып беру туралы өтінішімізді екі етпей, домбырасын қолға алып, алға қарап түп-түзу отырады да жұп-жұқа еріндерін бір қозғап қойып, «Әсемқоңырды» сүйсіне тартушы еді. «Әсемқоңыр» сұлу, көркем, әдемі деген сөз. Әдебиеттерде «Әсемқоңыр» күйін кеңес жастарына арналған деген. Ол да дұрыс. Себебі күй бастан-аяк өршіл үнге, асқақ сезімге құрылған. Менің бұған қосарым – Динаның Қоңыр атты қызы Орал облысының Қазталовка ауданында тұрған. Соғыстың әсері ме, әлде тіршіліктің қамы ма – ұзақ уақыт қызымен көрісе алмайды, бұл музыка ананың балаға деген шексіз сүйіспеншілігінен, сағынышынан туған туынды десек болады. Себебі шешем Қоңыр анамызды жиі-жиі есіне алатын.

Біздерге «хат танысыңдар ғой, елге хат жазсандаршы, хабарын білейік» деп жиі мазалайтын. Хат келе қалса, өзі тыңдап болысымен сол тез арада хат жаздыратын, соның ішінде Жайық, Нарын, Жаңақаладан келген хаттарды оқытып болған соң конверттің сыртын сипап ұзақ отыратын. Хаттарды тыңдап болғаннан кейін домбырасын қолына алып туған жеріне, еліне арнап сағыныш күйлерін тартады. Әлден соң: «Ой-дөйт, деген тіршілік, бұл заманнан кімдер өтпеді, күй атасы Құрманғазы да өткен. Нарын! Нарынның топырағы, шіркін, сенін

касиетті құмыңды кім баспаған», – деп біраз уақыт толғаныс үстінде қалатын.

Кезек бізге келгенде қайсымыз да өнерімізді көрсететінбіз, төрелігін айтатын да өзі. Ағжан мен Гүлжан жақсы ән салатын. Мен көркемсөз оқуға бейім болдым. Біздің үйге өнер адамдары жиі келіп тұрады. Бірде А. Жұбанов, К. Байсейітова, Ж. Омарова, Ш. Жиенқұлова сияқты қазақ сахна-сынын жұлдыздары телефон арқылы келетінін хабарлады. Бұған шешем ренжіп қалды. Олардың есікті сықырлата ашып келе жатқандарын байқаған ол кісі, орнынан жалма-жан тұрып, таяғына сүйеніп қарсы алдынан шықты да «Келетін адам рұхсат сұрай ма, сендерден басқа менің кімім бар», – деп телефон арқылы хабарлағандарын әбес көріп, түйткілсіз өкпе назын білдіріп жатты.

Бұдан кейін келген қонақтарды жайраңдай күліп, жақсылап қарсы алды. Шай ішіліп, тамақ желінді, Күләш апай ән салып, шешем бірнеше күй шертті. Ал, Ахмет ағай болса шешемнің алдында домбыра тартпайтын. Айтылған әндер мен күйлерді өзінің дағдысы бойынша беріле тындап отырды. Ия, біздің үй сол күндері ерекше қуанышқа толы еді. Айта кетерлік нәрсе, Дина әжеміз қанша қиыншылық, тіпті ел басына қатерлі күн туғанда, соғысқа Жұрынбай, Мұрат, Қажен, Қожахмет төртеуі бірдей кеткенде көзіне жас алмапты, жасы сексеннің ішіне кірсе де жоғарғы үкіметтен балаларымның біреуін қалдырыңдар деп сұрамапты. Бұл меніңше шешемнің қаттылығы емес, қажырлылығы шығар деп ойлаймын. Соғыс жеңіспен аяқталды. Мұраттан басқа балалары оралмай, соғыс даласында қалса да, оған мойымай, қайсарлықпен біздің еліміздің жеңіс туын паш етіп «Жеңіс» күйін шығарды.

Ол кісі отбасы татулығын, оқып білім алуды өсиет ретінде әркез қайталап айтып отыратын. Отбасында Мұрат көкемнен басқа үш немере қыз, үш келін, шешем – сегіз жан бір үйде тұрғанда, өзіміз оқып, білім алып, жеке отау құрып кеткенше отбасымызда «әй, сен» деген сөз естімей өстік. Ол да шешемнің тірі кезіндегі уәлі өсиетінің әсері-ау деп ойлаймын. Сондай сөздерінің бірінде: «Балаларым, оқындар білім алындар, көздеріңді ашындар, сонда ғана көкіректерің оянады, білімнен кенже қалған мына біздің ұрпақ болды ғой», – дейтін. Бұл сөзді жалаң үгіт ретінде айтпай, арасында үлгерімімізді де тексеріп отыратын.

Отбасында ерекше еркелететіні Ағжан еді. «Ол Ақас қой, бұның бойы тұнған ақыл ғой», – дейтін. Сол Ақасы Алматыдағы М. Мәметова атындағы педучилищені бітіріп, өнер саласында қызмет жасады. Бірнеше ақындар айтысына қатынасып, жүлдегер атанды. Ақтөбе қаласының белгілі азаматшасы болды. Дүниеге бес перзент әкелді. Бәрі де жоғары білімді, заманның өзгеруіне байланысты төртеуі Ақтөбе қаласында кәсіпкерлікпен айналысады. Ең тұңғыш баласы Қуанышев Төлеген Шаңғытбайұлы Астанада парламентте қызмет жасайды...

Шешемнің екі ерінен сегіз ұлы, бес қызы болған....

Міне, шешемнің арманы, бізге айтқан өсиеті осылай орындалды деп ойлаймын, себебі бәріміз де жоғары білім алып, қоғамға адал қызмет жасадық.

Балжан ЖҰРЫНБАЙҚЫЗЫ,

Динаның немересі

ШАНАҚТАН КҮЙ БОЛЫП ТӨГІЛГЕН ТАРИХ

Әріге көз жүгіртсек, бүкіл қазақ тарихы елдің Тәуелсіздігі үшін күресте өткен екен. Азаттыққа жету ғасырлар бойы ата бабаларымыз бен аналарымыздың аңсаған арманы еді. Мұны ұлттық музыка өнеріміздің арғы шежіресі де нақты дәлелдеген. Негізінен абстракциялық болып келген әуез үні қазақ Тәуелсіздік идеясын шынайы да таза түрде жеткізіп келген. Бұл үрдісті, әсіресе, аспаптық музыкадан жақсы байқауға болады.

IX ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыт ата күйіндегі Көкбөрі мен XII ғ. Кетбұғының Ақсақ құланынан бастап қазақ күйінің негізгі желісі Бостандық болды. XV ғ. Асанқайғының «Ел айырған», «Желмаяның жүрісі» күйлері осы сөзіміздің дәлелі.

XVI ғ. басында Еділ жағалауы үшін қазақ пен орыс арасында қақтығыстар басталады. Ноғайлар қазақтан бөлініп, Дөң өзеніне қарай көшіп кетеді. Осы оқиғаға қатысты туған Қазтуғанның «Сағыныш» күйінен келешекке аландау, ел үшін қан жұтқан көңілдің күйі сезіледі.

Қазақ жеріндегі XVI-XVII ғғ. аралығындағы хал-ақуал ән салуға мүмкіндік бермеді. Үш ғасырға созылған қазақ-қалмақ соғысы бүкіл қазақ даласын сал-серіден ажыратып, толайым қатын-балаға дейін атқа мінгізіп, күрделі майданға айналдырды. Жеті-сегіз ұрпақ көзін ашқаннан соғысқа араласып, сауыт ішінде жан тапсырды. Сол заманнан шыққан музыка мұң мен зарға толы. Кейін қазақ музыкасында

шертпе күй дәстүрі деп аталған «Ақтабан шұбырынды», «Қайын сауған», «Қалмақ қырған» күйлері сол қатарға жатады.

XVIII ғасыр соңында шығыстан келген жаудан біржола азаттық алған қазақ енді орыс бодандығына тап болады. С. Датұлы, К. Қасымұлы, Е. Көтібарұлы бастаған көтерілістер, Бөкей, Адай дүрбелеңдері сияқты оқиғалар XIX ғ. еншісіне тиген еді. Осындай дүрбелеңдер дүрсілі қазақ музыкасында көрініп, төкпе күй дәстүрі дүниеге келді. Бұл әсіресе, батыс күй мектебіне тән.

Осынау халықтың тарихын сөйлеген күй өнерінің бір өкілі – Дина Кенжекызы. Оның «Бұлбұл», «Көгентүп», «Байжұма» күйлерінен елге деген сүйіспеншілік сезімі аңғарылады. XX ғасырда халқымыздың басына түскен ауыртпалықтар, тарихи оқиғалар Дина ұстаған домбыраның шанағынан төгілген күймен баяндалып қалған еді. Соның бірі – «Он алтыншы жыл» атты күй. Дина Октябрь төңкерісін қазақтың ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздігі деп сенді. Замандалып Жамбыл екеуі бірі жырымен, екіншісі күй арқылы қуанышын білдіріп, жаңа заманды қастер тұтты. «Әсем қоңыр», «Той бастар» күйлерін тілге тиек етсек, жоғарыдағы сөзімізге тұздық болар. Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы «Ана аманаты» күйінде ана жауынгер ұлына қаныңды төгіп, жаныңды қисаң да, Отанды жауға берме деп тебіренеді. Ал, «Жеңіс» күйінде барлық халықпен бірге жеңіске жеткенге шаттана қуанады.

XX ғасырда қазақ аспаптық музыкасы абстракциялық мәннің аркасында өз жалғасын оркестрден тапты. Мұнда Дина Кенжекызының ролі зор, оны кеше мен бүгіннің арасындағы алып көпірге теңеуге келеді. Қазақстан Композитор-

лар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болған Динаның күйшілік дәстүрі бүгінде көптеген жеке аспаптық, оркестрлік шығармаларда жалғасып жатыр. Тағы бір айтарлық жәйт, Динаның тегі жайында. Оның өмір деректері Кеңес үкіметінің идеялогиясына сай жазылған еді. Ол жайлы күйеуге кеш шықты, кішкентай кезде әкесі көрші қорасынан ағаш ап, өз қолымен домбыра жасаған деген лаға тартқан сөздер әлі айтылып келеді. Дина – Төре! Әкесі – Кенже... біраз дәулетті адам болған. Жалғыз қызын мәпелеп өсірген Кенже оны жігіт төресіне бермек үшін ұзақ уақыт тандау жасайды, Дина жиырма жасқа таяулап барып ұзатылады. Бүгінгідей бейбіт заманда осындай олқылықтарды толтырып, ұлт ретінде біршама жинақталып алуымыз керек деп ойлаймын.

Ата-бабамыз мемлекетінде, ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіз Қазақ мемлекетінде күн кешу бізге бұйырыпты. Бұл мемлекетіміздің көсегесі бұдан әрі көгеріп-көгермеуі бізге байланысты деген сөз.

Осыны естен шығармауымыз керек.

Балнұр ҚЫДЫРБЕКҚЫЗЫ,

ҚР Композиторлар одағының төрайымы.

Қазақ әдебиеті, 09.12. 2011.

КҮЙ АНАСЫН ҚҰРМЕТТЕЙІК!

Биыл тарихта аттары алтын әріптермен жазылып қалған ақиық азаматтардың біразының мерейтойлары атап өтілді. Күйші ана Дина Нұрпейісованың 150 жылдық торкалы тойы сары күзде Атырауда, Жаңақалада дүркіреп өтті. Ендігі кезек Алматыда. Күй атасы Құрманғазының шәкірті, қазақ даласын күмбірлі күймен толтырған Дина Нұрпейісова жайлы күйшінің жоғын жоқтап жүрген жазушы Ләтифолла Қапашевпен әңгімелескен едік.

ҚҰРМАНҒАЗЫНЫҢ ШӘКІРТІ

Күй анасы атанған Дина Нұрпейісова домбырада ойнаудың барлық әдіс-тәсілдерін меңгерген күйші. Күйшінің 94 жылдық өмірін үш кезеңге бөліп қарастырған дұрыс:

1. 1861-1921 жылдар – 60 жыл, Нарын құмы, Бекетай мекені, Толыбай, Айбас жері;

2. 1922-1937 жылдар – 15 жыл, Астрахан өңірі, Азау мекені, Марфин ауданы, Дина ауылы;

3. 1937-1955 жылдар – 18 жыл. Алматы қаласы.

Жастайынан домбыра тартып, күй өнеріне әуес болған Динаның есіміне байланысты мынандай әңгіме бар. Динаның шын аты, дұрысында, Мәдина болуы керек-ті. Алайда, осы аттас сүйген қызын түн асыра төменгі белде күткен ауылдас жас жігіт Төремұратқа

«өмірге келген сәбидің атын қойып кет!» деп қос кемпір мен жаңа босанған анасы қолқалайды. Олардың көңілін қалдырмай, тіл ұшына кеп қалған таныс есімнің тек «... Дина»-сын ғана айтып, алғашқы буын «Мә»-ні ішіне сақтап, күдік туғызбай, тездеп аттанып кеткен екен...

Динаның әкесі – Кенже, палуан болған адам. Домбыраға үйір етіп қана қоймай, қызын ер балаша киіндіріпті. Сөйтіп, ұлдармен ойнауға машықтанған, жастайынан жұғыса кеткенмен күресуге бейім болған, «куыршақ ойна» деп шеттеткендерді жақтырмаған.

Дина тоғыз жасында әкесі үйреткен күйлер мен әндерді домбырада еркін ойнаған, содан «домбырашы қыз» атанған. Осы тұста тағдырдың өзі бұйыртып, Кенже ауылына әдейі ат басын бұрған күй күдіреті Құрманғазы Динаның домбырада ойнауын қадағалап, бағыт-бағдарын байқап, одан болашақта жақсы күйші шығатынын қыз әкесіне айтқан және Динаның осы өнердегі алғашқы тұсауын кескен, болашақта оның ұстазы болған. Онысын Динаның өзі де кейінірек былай суреттеген. «Құрманғазы жақын ағайын болатын, өзі де біздің үйге келіп жүргенде талай рет күйлерін де тыңдағам. Бірде әкем Құрманғазыдан менің домбыра тартқанымды өз көзімен көріп, егер өнерім көңілінен шыкса, қолұшын беруін өтінді, ұстаз болуын қалады», – дейді.

Құрманғазы шәкірті Динамен кездескен сайын домбыра тартысына үлкен мән беріп, оның домбыра шертудегі алғашқы дайындығын қадағалап отырған. Ол шәкіртіне: «Домбыраны қолына алғанда, оны тартпас бұрын, ең алдымен құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал, тек осындай дайындықтан соң ғана домбыра тартуға кіріс», – деген. Осылайша бағыт-бағдар сілтеген

ұстазының ұстанымы, берген ақыл-кеңесі Дина үшін бұлжытпай орындайтын заңдылық іс болған.

Күй өнеріне құштар болған Дина күйші өмір жолында тек ұстазы Құрманғазының күйлерін үйреніп, тартумен шектелмей, сол өңірде аттары белгілі күйшілер Дәулеткерейдің, Соқыр Есжанның, Әлікей, Баламайсандай көрнекті халық композиторларының шығармаларын тартып үйреніп, өзі де домбыра сайыстарына қатысып, өнерін шындап отырған. Дина Нұрпейісованың домбырада орындаушылық өнеріне қайран қалған композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде, сағалығында небір алшақ пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуенді 62 тамырыңды бойлата, шымырлата, жаңғырта, шулата, буырқанта небір әсерге түсіреді», – дейді...

«Домбыраның әр пернесінің өз мәні бар, домбыра тартқанда онық өз мән-мазмұнын дұрыс анықтау – бірден-бір шартты нәрсе. Домбыра шерткенде оны адамша сөйлетіп, сол арқылы белгілі бір күйдің мән-мазмұнын тыңдаушыға толық жеткізу керек», – дейді Динаның өзі. Бұл орайда Динаның домбыра қағысындағы бір ерекшелікті де айта кету керек, ол басқа ешкімде кездеспейтін, оң қолдың бес саусағы бірінен соң бірін кезектестіре қағу. Ондай кезде күйші басатын саусақтарын бір пердеде ұстап отырмайды, олар да қозғалып, мелодиялық, қос дыбыстық әр алуан суреттер береді. Тағы бір ерекшелік – кейбір күйлерінің үнемі өзгеріп отыратын ырғақтық жақтары. Бір ғана «Байжұма» күйінің кіріспесінде-ақ ырғақ әлденеше рет өзгермей ме?

Дина 19 жасында ата-анасының қалауымен Бесқасқа Беріш руының азаматына ұзатылады. Динаның

өнердегі ұстазы болған күйші Құрманғазы озат шәкіртінің ұзатылар тойының үстінен шығып, құдалардан жас келіннің болашағына, оның домбыра тарту өнеріне тыйым салмай, қарсылық білдірмей, керісінше, оның өнерінің ұшталуына, жетілдіруіне әр кез көмектесіп, қошемет білдірулерін өтініп, уәделерін сұрап алады. Осындай уәдені күйеубала Нұрпейістің өзінің аузынан естиді. Сол тойда Құрманғазы Динаны шақырып алып, күй тартқызып, соңынан тойға қатысып отырған жұртшылыққа естіртіп:

– Домбыра менің өмірлік серігім еді. Енді осы кимас серігімді лайықты мұрагерім – саған табыстаймын, – деп күй ойнаған домбырасын Динаға сыйға береді. Ұстазының аспабын үлкен толғаныс үстінде қабыл алған шәкірті де:

– Ұстазымның сол домбырасын ешқашан жанымнан тастаған емеспін, оны киелі дүниедей қастерлеп сақтадым. Ұстаз домбырасы маған ақыл-кеңес беріп, дұрыс бағытқа сілтегендей болатын еді, – дейді кейінірек.

«Ақ босаға» 2-ті



МӘНЕРЛІ МУЗЫКА ИЕСІ

...61 жастағы Дина әжейдің үлкен отбасы 1922 жылы Астраханның Қызылжар (Красный яр) жеріне көшіп барады. Бұл қыр елін отырықшылыққа ұйымдастырған кезең болатын. Кейінірек елде ұжымдастыру науқаны басталғанда Дина әжей отбасын Володар ауданының Козлово ауылсоветіне қарасты бір шағын ауылына қоныстандырады. «Қызыл ту» артелінің төрағасы Абуев Ғаббастың атына арыз жазып, артельге мүше болып кірген. Бұл кезде Астраханда аз ұлт әйелдерінің облыстық съезі өтеді. Оған әжей де қатысады. Осы кезеңде 67 жастағы Дина әжейдің өміріндегі бір жаңалық – алғаш рет клуб сахнасына көтеріледі. Күнделікті ауыр жұмыстан кейін Дина әжей әр кеште артель мүшелеріне домбыра тартып, көңілдерін көтерген. Козлово ауылынан бар-жоғы бір жарым шақырым жерде орналасқан сол елді мекен «Дина ауылы» (Диановка с.) атанып кеткен.

1935 жылы Астраханның Марфин ауылында болған мереке-конкурс кезінде Дина Нұрпейісова өмірінде алғаш рет бірінші орынға ие болды. Сол кезде газеттер бетінде мақалалар шығып, бейнесі сурет боп басылды. Дина әжей алғаш рет қағаз бетінен өз бейнесін көрді. Астраханда шығатын «Волга» газетіне: «Тұрмыс тақсіретін, өмір толқынысын көп көрген қарт күйші – Ана, халқының өнерін, асыл мұрасын, тамаша сазын бойына көп жинаған. Қолдан жасалынған кішкене қара домбырадан осындай тамаша, адамның жан дүниесін билейтін үн, ғажап музыка шығады деп кім ойлаған. Мұның бәрі асқан шеберлікке, талантқа, ақылға байланысты. Дина Нұрпейісова домбыра тартқанда сол саздан елдің тарихын, салтын, қайғы-

мұның, талабын, жер мен судың, ер мен жанның сұлу табиғатын аңғаруға болады. Бұл – тарих, бұл – асқан әдемі мәнерлі музыка. Біз бұдан революцияға дейін езілген, қараңғы халықтың арманы мен мақсатын, үлкен өнерін көреміз. Сол өнер қайта туып келеді. Қайта туған елдің қайта туған өнерпазы, өткен өмірдегі асыл қазынасының, мұрагерінің асқан бір өкілі – осы Дина Нұрпейісова», – деп жазған еді әженің немересі Қожахмет Жұрынбайұлының мұғалімі, орыс қызы Лилия Михайловна Щербакова.

Дина күйші 1937 жылы тамыз айында оны арнайы іздеп келген композитор Смағұл Көшекбаевпен Алматыға аттанған.

Қазір сол Козлово селосының орталығында Мәдениет үйі бар. Ол – Дина Нұрпейісова атында. Володар ауданы орталығында бір көше халық композиторының атымен аталады, сондай-ақ Козлово ауылында да бір көше Д.Нұрпейісова атында.

Халық өнерпаздарының бірнеше байқауында І орынға ие болған Дина Нұрпейісова «Домбыраның Жамбылы» атанды. Өз жанынан шығарған «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп», «Жеңіс», «Ана аманаты», «Сегізінші наурыз», «Сауыншы», «Еңбек Ері» сияқты және тағы басқа түрлі шығармалары арқылы Құрманғазы, Дәулеткерейлердің күйшілік дәстүрін дамытып, оны жаңа бір белеске көтерді.

Күйшіні көкке көтеруден кендеміз. Міне, осындай шеберлігімен домбыраның күмбірін ұрпағына табыстаған күйші Дина Нұрпейісованың биыл 150 жылдығы. Күйшінің торқалы тойы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданында тойланып өтті. Енді жақын күндері өзінің соңғы күндерін өткізген Алматы қаласында атап өткізілмек. Осы орайда Динаның есімін ұлықтаудағы толғандырып жүрген тағы бір мәселелерді айта кеткенім жөн шығар.

Д. Нұрпейісованың жатқан жері Алматыда екендігін біреу білсе, біреулер біле бермейді. Қаланың

Райымбек даңғылы бойындағы Орталық зираттағы бейіттің қазіргі халі – көрер көзге сұрықсыз. Жөндеу жұмыстары жүргізілмегені көрініп-ақ тұр. Бұл алдағы күндері өнер бағалар жастардың тағзым ететін орны болса құба-құп емес пе?!

Күйшінің тұрған үйінің орны да қалмаған. Тіпті орнатылған тактайша да жоқ. Алматыда Динаның атындағы көше де, ескерткіш те жоқ екендігін қалай түсіндіреміз? Менің ойымша, Дина әжей күй құдіреті Құрманғазымен де, жыр алыбы Жамбылмен де өнер жарыстырған, демек Дина атындағы даңғыл да осы екі алыптың жанында болуы керек. Күйші ананың есімі берілген музыкалық бір мектеп Алматыда болмағаны қайран қалдырады.

Сөз соңында, «XX ғасыр адамы» атанған Дина Нұрпейісованың мерейлі тойы неге ЮНЕСКО деңгейінде әлі бірде бір рет тойланбай келеді?» деген ой мазалайды. Тіпті ғұмырының екінші кезеңі – 15 жыл өмірі көрші Астрахан өңірінде өткендіктен, ресейліктермен біріге атап өтуге болмас па?!...

РЕДАКЦИЯДАН: Ұлы күйшінің ұлылығын дәріптер жұмыстар енді ғана басталғандай. Сайын даланы күмбірлі күйге толтырып, зерттелер құпиясы мен асқақ мұрасын қалдырып кеткен күйші Дина жайлы «Ақ босаға» газеті де өз оқырманын хабардар етуді жөн санаған еді. Жақында сонау Түркияда Дина Нұрпейісова атындағы саябақтың ашылу салтанаты атап өтіліпті. Ал, жерлестері «жалғыз ескерткіш тек Атырауда ғана бар» деп, осы олқылықтың орнын толтыру үшін Жанақала аудандық мәдениет үйінің алдынан ескерткіш мүсінін орнатты. Тіпті Динаны Құрманғазының төл шәкірті екендігін айтып, Алматыға – өнер ордасына алдыртуға себепші болған күйші Қали Жангілеуов жерлестерінің де мазарын қайта жаңғыртып өңдеген екен. Жазушы Ләтифолла Қапашевтың көтерген мәселелері шетінен шешіліп жатса, өзіміз үшін де абырой емес пе? Елдің кешегісі мен бүгінінің, ертеңгі ұрпақтың алдындағы бір борыштың өтелгені деп есептесе екен азаматтарымыз.

МАЗМҰНЫ

ҚОС ДҮЛДІЛ. Күйшінің де туғанына 150 жыл толып отыр	3
--	---

I

ДИНА КҮЙШІ НҰРПЕЙІСОВА

Дина күйші	7
------------------	---

II

СЕЙТЕК КҮЙШІ ОРАЗАЛЫҰЛЫ

Сейтек күйші	31
--------------------	----

III

СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ: ДИНА МЕН СЕЙТЕК

Дина мен Сейтек	41
-----------------------	----

IV

МАҚАЛАЛАР СҰХБАТТАР

Дана да дара Дина	50
Күй анасы ізімен (Бір сапардан өрбіген ойлар)	65
Ерғали Есжанов	76
Сейтек күйшінің басына бару	80
Түйін	82
«Атандым он төрт жастан – бала Сейтек»	83
Дина Нұрпейісова айтқан әңгіме	100
Дина шешем жайлы естелік	105
Қайран шешем	110
Шанақтан күй болып төгілген тарих	116
Күй анасын құрметтейік.....	119
Құрманғазының шәкірті	119
Мәнерлі музыка иесі.....	123

«Арыс» баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

ЛӘТИФОЛЛА ҚАПАШЕВ

ДИНА
мен
СЕЙТЕК

Редакторы
Компьютерде беттеген
Дизайн

Аманжол Серікұлы
Нұрбүбі Садыкова
Орынбек Әнес

Басуға 18.06.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Баспа табағы 7,5.
Таралымы 1000 дана.

«Арыс» баспасы
050010, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143. 425-кеңсе
тел/факс: 8(727) 394 38 32, 385 74 67
E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru

«DALAPRINT» баспаханасында басылды. 050056, Алматы қаласы,
Ереван көшесі, тел.: 290-86-47; +7702 119 2500
e-mail: dalaprint-zakaz@mail.ru



**Ләтифолла
Шамшиденұлы
ҚАПАШЕВ**

РФ Астрахан облысы, Володар ауданы Қармалай ауылында 1939 жылы 9 желтоқсанда туған. Астрахан сауда техникумын (1960), ҚазМУ-дің журналистика факультетін (1969), КСРО Кино өндірісінің жоғарғы курсы (1980) бітірген.

Еңбек жолын ауылда бастап, универмаг директоры (1970-73), Республикалық кітап базасының директоры (1973-79), «Қазақфильм» киностудиясында көркем кино директоры (1979-2001), «Арыс» баспасында редактор (2001-2007).

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Алғашқы әңгімесі «Жолда» деген атпен 1959 ж. «Октябрь туы» газетінде жарияланған.

«Насихат Сүгірұлы» (2001), «Банды» Аманғали ісі» (2004), «Аңсау» (2004), «Мінгені Ерғалидың «Шайтанқара» (2007), «Сәлем саған, Қаламқас» (2009, 2011) кітаптары жарық көрген.

«Сұрасаң менің атым Аманғали» деректі фильмінің авторы.



ISBN 978-601-291-247-0



9 786665 175198